

БҒ БӨЛҒӘСІ

КҒБ

РАДИК ҒАРИПОВ

Академик

МӘДҒИЯТИ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР
САҢЛАҒАТАРЫ

ТӨВҒИ
ҒЕМЕРЛӨҮШК
ЦЕННОСТЕЙ



Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігі

Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті

Р.С.КАРЕНОВ

МӘҢГІЛІК
ҚҰНДЫЛЫҚТАР
САҢЛАҚТАРЫ

ТВОРЦЫ
НЕМЕРКНУЩИХ
ЦЕННОСТЕЙ

Қарағанды - 2010

Каренов Р.С. Мәңгілік құндылықтар саңлақтары. - Қараганды: «Қарағанды Полиграфиясы» баспасы, 2000. - 224 б.

ISBN 5-7667-5755-7

Әрбір ұлт мәдениетінің өзіндік өсу, қалыптасу жолы және өзіндік сипаты болады. Бұл кітапта ұлттық мәдениетімізге, тарихымызға асыра үлес қосқан жазушыларымыздың, жезтаңдай жыраулар мен адуын ақпа ақындарымыздың, ойшыл ғалымдарымыздың, қажырлы да қайсар батырлар мен қайраткерлеріміздің жалпы адам баласының тарихындағы орындары ашып көрсетілген. Дәуір тұлғалары қосқан тарихи үлестер қазіргі заман талабына сәйкес жан-жақты баяндалған.

Рецензент: филология ғылымдарының докторы,
профессор М.Х. Хамзин

Каренов Р.С. Творцы немеркнувших ценностей. - Караганда: ОАО «Карагандинская Полиграфия», 2000. - 224 с.

ISBN 5-7667-5755-7

658445

Данная книга составлена из статей автора, уже публиковавшихся в различных изданиях. Однако, собранные воедино, они приобретают новое качество, особую силу воздействия: дают как бы обобщенный образ писателя, батыра, ученого, беззаветно преданного своему народу, непоколебимого патриота и интернационалиста.


Итак, эта книга об акынах, батырах, писателях, ученых, общественных деятелях, об их поисках, творческих интересах, открытиях, подвигах, борьбе за гуманизм. Но не только. Это — книга о людях с их индивидуальными и неповторимыми чертами, и вместе с тем о людях, объединенных единой целью служения Отечеству, делу всего Человечества, делу Мира, научно-технического и социального прогресса.

Рецензент: доктор филологических наук,
профессор С.Ш. Тахан

Каренов Р.С. «Творцы немеркнувших ценностей» - Министерство культуры, информации и общественного согласия, г. Астана.

©Каренов Р.С., 2000

ISBN 5-7667-5755-7
г. Караганда, 2000 г.



Бұл еңбегімді ержүрек бабам, Кенесары ханның серігі болған, Қазақ халқының күрескерлік тарихында өшпес із қалдырған МӘНЖІ БАТЫРҒА арнаймын.

Светлой памяти моего знаменитого прадеда МАНЖИ БАТЫРА, сподвижника Кенесары хана посвящаю этот труд.

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі күні атақты ақын, ғалым, жазушы, жыраулардың туған, өскен жерін, өмір сүрген ортасын, дүниеге келген, дүниеден көшкен уақытын, қысқасы, өмір тарихын жақсы білмей тұрып, олардың шығармалары туралы дұрыс пікір айту қиын, тіпті мүмкін емес деуге болады.

Бұған қоса айтатынымыз, қазақ халқының тарихы, әдебиеті мен мәдениетінің бел-белестері өзінің зерттелуі жағынан әлі күнге дейін дұрыс ғылыми жолға қойылмай, көп мағынасынан айрылып, асылын жасықтандырып, жақсыларын жадынан шығарып, жалған ұрандардың дақпырттары жетегінде қалып келді.

Бірақ өткен өмірдің өкініштерін термелемей-ақ қоялық. Өнімсіз өксіктен не пайда? Болашағымыздың болымды, келешегіміздің кемелді болуы үшін бар күш-қуатымызды аямай, жедел кірісіп жетістіктерге жетелік. Нарықтан тарықпай өтіп, асыл армандарымызды іске асыралық... Өркениет, зиялы қауым атқарар мүдделерде де шек жоқ. Ғылым-білімнің атқарар міндеттерін айтып жату артық. Онсыз өсу, ілгерілеу мүмкін емес. Рухани өмір, өнер біткен – түгел жедел жетісуі керек. Жерімізге баса көктеп кірген сыртқы жаудан қорғап тер төккен, қан кешкен ел басы, қолбасылар мен хандар, билер, батырлар өз тарихи бағасына ие болп, тиісті орнына қойылуы міндет. Оның озық қайраткерлері, қадірмен ұл-қыздары тарихи тұлға ретінде танылуға тиіс. Осы тұста айтылар сөз көп-ақ.

Біздің бұл еңбегіміз осы маңызды мәселелерге сәл де болса үлес қосуды көздеп жазған автордың жылдар бойғы тынымсыз жұмысы...

“Жеті атасын білген ұл
Жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл
Құлағы мен жағын жер.”
(Халық мәтелі)

ШЕЖІРЕ АЙТАР СЫР КӨП...

Көз қуанышы, көңіл шуағы етіп жаратқан жер жаннаты Жетісу мен көгілдір Көкше, Баянауыл мен Қарқаралы, Алтай мен Атырау, Сарыарқа сынды алып аймақты бауырына басып, Сыры мен Ілесін, Шуы мен Жайығын, Ертісі мен Есілін ағызған Қазақ даласы - ержүрек ата-бабаларымыздың, әкелеріміздің бізге аманат етіп тастаған ұлы Отаны. Осындай кең-байтақ дала төсіне жазылған шежіре жолдары санаға сан түрлі ой ұялатып, қанатты қиялдың кеңісіне қалықтатып алып кетеді.

Шежіре - ұлтымыздың ерекшелігін білдіретін асыл мұраларының бірі. Қазақ арасында ежелден жалғасқан үлгісі бар бұл дәстүрге патша үкіметі қазақ жерін жаулап алысымен-ақ айырықша көңіл аударып, отарлауға көмегі тиеді деген ниетпен шежіре жинау үшін жер-жерге экспедициялар аттандырған екен.

Қазақ арасында шежіренің көбіне-көп ауызша айту үлгісі басым дамыған. Бірақ кезінде халқымыздың ардақты ойшылдарының жазбаша қалдырып кеткен шежірелері де бар. Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и-Рашиди”, Қадырғали Жалаиридін “Жәми-ат-тауарих” жылнамалары, Шоқан Уәлихановтың “Ұлы жүз шежіресі”, М.Шорманұлының, А.Ниязовтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежірелері өз кезінің қымбат қазыналары болды. Сондай-ақ, қазақ ойшылдары топтаған бірнеше шежірелер ХХ ғасырдың басында баспаханаларда басылып, кітап болып шықты. Олар: Нұржан Наушабайұлының 1903 жылы Қазанда басылған “Манзумат қазақиясы”, Шәкерім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда басылған “Түрік-қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі”, Ғұсманғали Сыдықовтың Үпиде 1914 жылы жарық көрген тарихи “Қырғыз-қазақ шадманиясы” деген еңбектер.

Қазақ халқы өзінің ұлттық мемлекеттігін тұңғыш рет жария еткен жиырманшы жылдары бізде де шежіреге қатысты алғашқы ғылыми зерттеулер дүниеге келе бастады. Бұл

орайда қазақ тарихы жөнінде тамаша еңбектер қалдырып кеткен Мұхамеджан Тынышбайұлының 1925 жылы Ташкентте басылған "Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар" деген кітабы осы мақсаттағы алғашқы іргелі талпыныс болып еді. Алайда ардақты тұлғамыз жап-жақсы бастап кеткен бұл іс әрі қарай жалғасын таппай қалды. Бұдан кейінгі жылдары "балапан басымен, тұрымтай тұсымен" кеткен аласапыран кезеңдерде қазақ шежіресіне қатысты зерттеулерге ұзақ уақыт тұмылдырық салынды.

Тек, 1959 жылы бұл тақырып профессор С.Аманжоловтың шыққан "Қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихының мәселелері" атты орысша жазған еңбегінде біршама сөз болды. Бұдан кейін осы мәселені арнайы қозғап, жарық көрген екі еңбек. Ол 1968 жылы В.Востров пен М.Мұқановтың "Қазақтардың ру құрамы мен қоныстануы" және 1974 жылы жарық көрген М.Мұқановтың "Орта жүз қазақтарының этникалық құрамы мен қоныстануы" атты кітаптары (екеуі де орысша) еді. Бірақ кешегі белден басатын солақай саясаттарымыздың ең соңғы айқын көріністерінің бірі болған Колбин билігі кезінде дәл осы кітаптар ұлтшылдық пен рушылдықты қоздыратын керексіз зерттеу деген сынға ұшырады. Біздің республикада талай жыл бойына шежіреге деген салқын көзқарастың сіресіп келгеніне бұдан артық қандай мысал табарсыз.

XX ғасырдың соңғы жылдарында әміршіл-әкімшіл жүйенің күйреуі, жаңа қоғамдық қатынастарға бетбұрыс, демократиялық өзгерістер қазақтардың өзінің өткенін, руы мен тегін, тарихын, елінің игі жақсыларын, олардың халық алдындағы еңбегін зерделеуге кең мүмкіндік туғызды. Осыған орай бұрын аты аталмай, беймәлім болып келген небір батырлар мен билер, қиын күндері қуғынға ұшырап, кейін мүлде ұмыт бола бастаған арыстар мен боздақтар туралы жарияламалар, қазақ тарихына байланысты еңбектер, шежірелер жарық көруде. Осы тұста тоқсаныншы жылдарда жарық көрген - Халид Құрбанғалидың "Тауарих хамса: (Бес тарих)" (Алматы: Қазақстан, 1992), Иемберген Омаровтың "Арғын руларының қысқаша шежіресі" (Қарағанды, 1991), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының "Қазақ шежіресі" (Алматы: Жалын, 1993), Хамит Мадамовтың "Кіші жүз шежіресі" (Алматы: Атамұра - Қазақстан, 1993), Марат Мұқановтың "Қазақ жерінің тарихы" (Алматы: Атамұра - Қазақстан, 1994), Жарылқап Бейсенбайұлының

“Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен “Ана тілі” газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған)” (Алматы: “Ана тілі” апталығы - Атамұра, 1994), Ақселеу Тарактының (Сейдімбектің) “Балталы, Бағаналы ел аман бол” (Алматы: Қазақ университеті, 1993) - еңбектерді ерекше атап өткен жөн.

Қазақ халқының қариялары: “Біз үш ханның баласымыз,- десіп сөйлейді,- Сейілхан, Жайылхан, Елхан. Сейілханнан - сегіз арыс Түрікпен. Жайылханнан - Майқы, Майқыдан туған Өзбек. Елханнан - Сыбан. Сыбаннан - Қазақ пенен Созақ. Созақ баласы - Қарақалпақ. Қазақтан: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Үш жүздің баласы: “Қазақтың атасы осы үшеуі екен” деп айтысады. Екінші бір нұсқада Жайылханнан - Қазақ, Созақ, Ұзақ туады. Созақтан - Қарақалпақ, Ұзақтан - Қырғыз бен Қақас шығады. Қазақтан - жоғарыдағы Үш Арыс (арабша “аарас” - бұтақ). Оларды Байшора, Жаншора, Қарашора деп те атайды.

Жуырда “Жалын” баспасынан XVIII ғасырда өмір сүрген Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегі делінетін “Түп-тұқияннан өзіме дейін” атты кітап жарық көрді. Осы еңбекте хижрадан бір мың тоғыз жүз жыл бұрын (бұл біздің заманымызға дейінгі 1200-ші жылдар) Қадыр деген бабамыздың баласы Алаш аталыпты делінеді. Одан - Жайыл, Жайылдан Қазақ жалғыз ұл туыпты. Қазақтан - Жұман, Тұман. Жұманнан - Арыс. Бар қазақтың атасы - осы кісі. Оның Ақ, Пан, Жан, Бөл, Бек, Бал деген алты ұлының Ақ, Жан, Бек атты балаларынан ғана ұрпақ қалыпты-мыс. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деп жүргеніміз - солар. “Үш жүз деген де осы бір шақта бінә болған болса керек” дейді зерттеуші.

Тағы бір аңыз бойынша Төле би бір өжет жігіттің сұрақтарына былайша жауап беріпті.

- Ата, алты алаш деген кімдер? - дейді жігіт.

- Алты алаш - Алаша ханның балалары: Қазақ, Қарақалпақ, Қырғыз, Өзбек, Түрікмен, Жайылхан (Ақселеу Сейдімбектің шежіресінде Естек, Татар, Башқұрт жатады),- дейді Төле.

- Үш жүз деген кім?

- Үш жүз қазақтың ағайынды үш баласы.

- Ағайынды кісілердің өкпесі немен тарқайды?

- Сағынысып көрісумен тарқайды,- депті данышпан Төле би. Сонымен Қазақтың Ақарыс - Ұлы жүз, Жанарыс - Орта

жүз, Бекарыс - Кіші жүз болып тарайтыны мәлім. Бірақ біраз шежіренің дерегі бойынша Бекарыстан - Орта жүздің, Жанарыстан - Кіші жүздің руларын таратады. Біз жүгінген шежірелердің басым көпшілігіндегі дерекке ден қойып, Жанарысты Орта жүз деп алып отырмыз. Мысалы, қазақ шежіресінің өлеңмен жазылған нұсқасында (бұл шежірені қажыға барған Құнанбай, Мырқы, Досжан хазіреттер 1876 жылы Меккеден алып келген, ал оны Табын Қайқының Бекжаны 1945 жылы Жамантық - табын Шоңбай Жұбанұлы деген ақынға өлеңмен жаздыртқан) мынандай шумақтар кездеседі:

“Ақарыс, Жанарыс пен Бекарыс деп,
Алаштан бастайды екен шекарасын.
Ақарыс ең әуелі бұрын туған,
Үлкен дейді екеуінен жас шамасы.
Жанарыс - ортаншысы болған дейді.
Жорықта жаудан алған сыбағасын.
Алаштың Бекарыс би кенжесі екен,
Ауқымды топтан тартқан айналасын”.

Ұлы жүзге қазақ жеріндегі қилы-қилы тарихи кезеңдерден өткен Үйсін (дулат, албан, суан, сарыүйсін, шапрашты, ошақты, ысты, сіргелі), Жалайыр, Қаңлы және Шанышқылы тайпалары енген.

Кіші жүз құрамына негізгі үш рулық бірлестік кірген. Олар - Өлімұлы, Байұлы және Жетіру. Өлімұлына: Қарасақал, Қаракесек, Кете, Төртқара, Шөмекей, Шекті рулары жатады. Байұлы он екі атадан: Адай, Алтын-Жаппас (Алтын, Жаппас), Алаш, Байбақты, Беріш, Есентемір, Тана, Қызылқұрт, Шеркеш, Ысық, Таз, Масқар руларынан құралады. Жетіруға: Табын, Тама, Кердері, Жағалбайлы, Керейіт, Тілеу, Рамадан рулары кіреді.

Шежіре бойынша Жанарыстың екі әйелі болыпты. Бірақ екі әйелі де көпке дейін бала көтермей, Жанарыс өмірінде перзентсіз өтемін бе деп уайым жеп жүргенде, бір күні үйіне ел аралап жүрген алты қожа келіп қонады:

“Ой, Құдай-ай!

Берді ғой бала беретұғын,

Әулилер келді ғой.

Сыйынбасам маған серт,

Қолдамасаң саған серт.

Сарт болсаң садағам кет”, -

деп Жанарыс алтауына алты қой сойыпты. Бұған қатты риза болған қожалар аттанар алдында үй иесі мен оның әйелдерін шақырып алып, баталарын беріп, Жаратқаннан осындай ақ ниетті адал жандарға перзент беруін тілейді. Содан соң қожалардың тілегі қабыл болып, Жанарыстың әйелдері жыл артынан жыл өткеріп барып, арыстай алты ұлды өмірге әкеледі. Қу мазардай құлази бастаған құтқаналары сәбиге толып, базарға айналғанына қуанған ата-ана сәби балаларына баяғы қожалардың құрметіне орай Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Есімқұлқожа (кейбір шежіреде Смағұлқожа), Қасымқожа деген есімдер береді. Бұлардың алғашқы төртеуі бәйбішеден, кейінгі екеуі тоқалдан туған еді. Соған орай олардың алғашқыларын бәйбіше балалары, кейінгі екеуін тоқал балалары деп атаған көрінеді.

Мәшһүр Жүсіп өз шежіресінде Қарақожадан Арғынды, Аққожадан Найманды, Ақтамбердіқожадан Қыпшақты, Дарақожадан Қоңыратты, Есімқұлқожадан Керейді, Қасымқожадан Уақты таратады.

Енді бір нұсқаларда (мысалы, Ақселеу Тарақтының шежіресінде) күллі Орта жүз бір Қарақожадан таралады. Ол бойынша Қарақожа (Қарашор батыр деп те айтады) үш әйел алған адам дейді. Бірінші әйелінен Нұржан, Тарақты (Ақтамберді) есімді бір ұл, бір қыз туады. Екінші әйелінен Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат туса керек. Үшінші әйелінен Керей, Уақ туыпты.

Халқымыздың біртума перзенті, Алаш партиясының көсемі Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен жазылған шежіреде Орта жүздің Ақжол атасынан Қарақожа мен Аққожа туады. Қарақожадан - Арғын, Қыпшақ, Уақ, Керей, ал Аққожадан - Найман мен Қоңырат ұрпақтары тарайды.

Ал тарих деректері бұл атаулардың ру-тайпа ретінде тым ертеден, тіпті кейбіреулердің біздің жыл санауымыздан да көп бұрын болғанын куәландырады. Мұның бәрі тындырымды сараланып, ғылыми негізделген, әр атауына нақты түсініктеме берілген шежірені жедел жасаудың қажеттігін көрсетеді. Онсыз жалпы көпшілікке жаңсақтық шылауынан ақиқатты ажырату қиын.

Орта жүзге жататын жаңағы алтаудың (Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман, Керей, Уақ) ішінде ғалымдар мәліметіне сүйенсек, иеленген жер көлемі жөнінен де, түтін санының көптігінен де кезінде Арғындар алда болғанға ұқсайды. Мұха-

меджан Тынышбайұлының есептеуі бойынша, 1917 жылдың қарсаңында 6 миллионға жуық қазақтың ең саны көп руы - Арғын болған (890 мың адам). Кейінгі деректерге қарағанда, Арғын тайпасы негізінен Ертістен Торғай даласына, Көкшетау жерінен Балқаш жағалауына дейінгі территорияны мекендейді.

Атақты Жанақ ақын (Орта жүздің Қаракесек ішіндегі Қамбар тегінен) бір өлеңінде:

“Арғынның бергі шеті Жетісуда,

Есіл, Нұра, ар жағы Еділ, Жайық”, -

деуінің қисыны осында.

Орта жүз халқы Арғынды аға деп ерекше құрметтеген. Арғын тайпасынан талай-талай батырлар, дуалысөз ақындар шыққан. Тіптен Арғынның өзі де ақын болған екен. Уақытының Жарқын биі Жанақтан (кейбір шежірелерде Көтеш ақыннан) әрі таңырқай, әрі сынайтын сыңаймен: “Ақындық ата-бабада бар ма, әлде нағашы тегінде бар ма еді?” - деп сұраса керек. Оған Жанақ ақын:

“Қазақта Арғын ата болған зерек,

Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.

Арғынның түп атасы ақын Құтан,

Өлеңге бізден ұста болса керек”, -

деп жауап берген екен дейді.

Осындай сөздерден біздің Қотан деген бабаларымыз болғанын білеміз.

Әдебиетіміздің аты әйгілі, ірі тұлғасы Бұқар жырау айтыпты дейді деген бір сөз бар:

“Бәрімізді сұрасаң,

Қотанбайдың баласы,

Арғындардың сабасы.

Қарақожа бас болып,

Қабыл да болған дуасы”.

Шежіре дерегіне жүгінсек, Арғынның екі әйелі болыпты. Оның бәйбішесі Ергүл (Мәшһүр Жүсіп шежіресінде Аргүл бәйбіше) деген кісіден Қотан, Ботан деген екі ұл туған. Ботан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған, Қотаннан Мейрам (Мейрамсопы) деген ұл және бір қыз туады. Ұлдан, яғни Мейрамнан: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек туады. Бұларды топтап “бәйбіше балалары”, немесе “бәйбіше Арғын” дейді.

Ал қыздан – Тарақты туады. Қыздан туғанның қиығы жоқ

деп оны Арғын өз бауырына салады. Қария сөздерде Тарақтының есейе келе, Арғынның “ноқта ағасы” атануының бір қисыны да осыдан. Ал бір аңызда балалар жиналып ойнағанда, Тарақты қосылмай, тасқа шығып кетеді деседі. Осыдан біреуге-біреу қосыла алмаса, “Тарақты болып тасқа шық” деген сөз қалыпты.

Арғынның тоқалы Момын деген кісіден Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Тәнбісопы деген төрт ұл туады. Бұған ғалым М.С.Мұқанов бесінші бала етіп Темірсопы дегенді қосады. Осының Ақсопысынан - Қанжығалы, Тобықты; Қарасопысынан – Бәсентиін, Қарауыл; Сарысопысынан – Атығай (Шәкерім Атығайды Қарасопыдан туғызады); Тәнбісопысынан – Сарыжетім, Шақшақ тарайды. Бұларды топтап “жеті Момын”, кейде “тоқал балалары”, немесе “Тоқал Арғын” деп те атай береді.

Шежіре нұсқаларының біразына ортақ осы деректер, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің “Шежіресінде” ептеп өзгеріске ұшырайды. Оның айтуынша, Арғынның тоқалы Момыннан – Ақсопы, Қарасопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Соңғы екеуінен ұрпақ қалмаған сыңайлы. Ал Тәнбісопы Арғынның қартайғанда алған тоқалы Айнагөзден туады.

Сондықтан біз деректерді салыстыру үстінде Арғын нәсілінен тараған тұқымдарды бөлуде қазақ шежіресінде Ергүл бәйбішеден өсіп-өнді делінетін “Бес Мейрамды” (Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек) – “Үлкен Арғын”, Момын анадан өрбіген “Жеті Момынды” (Қанжығалы, Тобықты, Әйти, Бейімбет, Жанай (осы үшеуі Бәсентиінге жатады), Қарауыл, Атығай) – “Ортаншы Арғын”, Айнагөз анадан тараған Тәнбісопы ұрпақтары Шақшақ пен Сарыжетімді - “Кіші Арғын” (кейде “Тоқал Арғын” деп атайды) деп атаған нұсқаға тоқтағанды мақұл көреміз. Тарихи деректерге қарағанда, “Тоқал Арғындар” (“Кіші Арғындар”) 1726 жылы Сәмеке ханмен бірге Ресей шекарасына жақындап барып қоныстанған.

Мәшһүр Жүсіп Мейрамның (Мейрамсопының) әйелдері мен балалары жөнінен біраз мағлұмат береді. Оның айтуынша, Мейрамның қайын жұрты Кіші жүз Алшын екен. Қалыңдығының аты Нұрқия – Алшынның ішінде аты шыққан Досбай деген кісінің қызы көрінеді. Мейрам осы қалыңдығын алуға қыс ішінде барады. Сол жолы “бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін” деп жеңгесі Қарқабат және

қызметшісі болып, бір жетім қыз қалыңдықпен бірге келеді. Кейін Мейрам Нұрқияның осы жеңгесін еліне қайтармай, оған өзі үйленеді. Сондай-ақ әлгі жетім қызды да тоқалдыққа алады. Сөйтіп, Мейрамсопының бейбішесі Нұрқиядан Қуандық, Сүйіндік, жеңгелей алған әйелі Қарқабаттан Бегендік, Шегендік, ал жетім қыздан Болатқожа (Қаракесек) туады.

“Сұрасаң арғы атамды ер Қотанды,
Сұлтанбек Әзіреттен ол бата алды.
Мейрамның бәйбішесі екі ұл тауып,
Қуандық, Сүйіндік деп сонда атанды”, -

деген бір сөз бар.

Қалкен Мекенбайұлы мен Базарбай Мұстафа жазған “Қызыр қолдаған Шой батыр” деген мақалада (“Орталық Қазақстан”, 2 шілде 1996 жыл) мынандай қызық деректер келтірілген: “Арғынның үлкен ұлы Мейрамның бәйбішесі Зәзиядан - Қуандық, Бегендік, Сүйіндік. Бірінші тоқалынан - Шұбыртпалы, кіші тоқалы Қарқабаттан - Қаракесек (Болатқожа) пен Қамбар туады. Зәзияны жеңгелері Нұрфия деп атап кеткен. Ол Алшын руының атақты байы Құлаштың қызы. Ал Қарқабат болса Зәзияны ұзатқанда еріп келген Алшынның белді бір биінің қызы екен. Сол кездегі біріне-бірі ұласқан дамылсыз да тоқтаусыз жаугершілікте еліне қайта алмай қалған Қарқабатты “өлсек бірге өлейік” деп Зәзия оны өз ұйғарымымен Мейрамға қосады. Сөйтіп, Мейрамсопының кенжесі Қаракесек атанып кеткен Болатқожа Қарқабаттан туған дейді”.

Қаракесек руының шығуы жайында өлеңмен жазылған шежіреде (Берік Рақымовтың “Шежіре жайында бірер сөз” деген мақаласында келтірілген) мынандай шумақтар бар:

“Мейрамның бес баласы бес арыс ел,
Орта жүз атам Арғын бір асқар бел.
Ұлы жүз, Кіші жүздің арасында,
Жайлаған Сарыарқаны шалқарлы көл.
Қуандық, Қаракесек жапсар ауыл,
Басынан бір туыпты болып бауыр.
Мейрамнан көп өскені осы екеуі,
Бұлардан шықты жайсаң талай тәуір”.

Мысалы, халқымыздың тарихында өзіндік елеулі орны бар, кешегі елді “ақтабан шұбырындыға” ұшыратқан жоңғар шапқыншылығы кезінде бірліктің үш тағанының бірі болған

Қаздауысты Қазыбек осы Қаракесек – Болатқожаның ұрпағы.

Қуандықтан алты бала туған: Есенқарт (Ағыс) , Аманқарт (Қалқаман), Темір (Берші), Өмір (Темеш), Алтай, Қарпық. Кейбір деректерге қарағанда Қуандықтың үшінші әйелінен Алтай, Қарпық екеуі жастау қалып, бәйбіше балаларының көз алартуымен бұл екеуі оңтүстіктен солтүстік шығысқа қарай Нұра, Есіл, Ертіс өзендерін жайлайтын Керей, Қанжығалы елдеріне барып, жалға жүріп малшы болған. Ер жеткен соң Алтай тауы, Алтай жері деп аталып кеткен дейді.

Қуандықтың балаларының ішінде атағы шыққан Алтай бабамыз. Осы деректі дәлелдейтін Төле бидің өзінің Тұрсынбай, Құттыбай дейтін батыр жігіттеріне қарап айтқан мынандай сөздері:

“Асыл болсаң Керей бол,
Үш қазаққа мерей бол.
Уақ болсаң Шоға бол,
Даулы істе жорға бол.
Арғын- Қыпшақ болсаң Алтай бол,
Найман-Қоңырат болсаң Матай бол.
Байұлы болсаң Адай бол,
Үйсін болсаң Ботпай бол,
Бұл атаулы болмасаң
Қалай болсаң солай бол”.

Алтайдың бай бәйбішесі Қанжығалы руынан шыққан Піспекбайдың қызы Байбике. Ол үш жыл отасқан соң өлген. Одан Алысай жалғыз туған. Жеңге алған бір әйелі болған. Одан Нұрбай батыр туған. Алтайдың ақ сауыты осы Нұрбайда қалған. Қалмаққа олжаға түсіп кеткен жерінен Нұрбай өзі барып алып келген, сауыттың аты шежекөз. Сондықтан Нұрбай ұраны шежекөз болған.

Байбике өлген соң Піспекбай Алтайға Аққоян деген қызын береді. Одан үш ұл туады: Әліке, Байдалы, Сайдалы. Әліке мен Байдалы төменгі Алтай деп атанады. Ал Сайдалы Ақтау, Ортау жақта өр Алтай атанып кеткен.

Аққоян өлген соң, Піспекбай Алтайға тағы бір қызын (Тоққоянды) берген. Мұнан туған Мойын мен Кенжеқара. Мәшһүр Жүсіптің “Шежіресінде” Тоққоян Мойынды тапқан соң қалмаққа олжа болып, жау қолына түсіп кеткен. Әрине, Нұрбайдан басқасы қалмаққа барады дейсің бе? Нұрбай барып Тоққоянды алып келген. Тоқал қалмақтан екіқабат келіп, ер ұл тапқан. Сонда Алтай бабамыз “Кенжеқарам” деп айтқандық-

тан, Кенжеқара аталып кеткен дейді.

Алтайдың балаларының ішінде өскен-өнгені, толығы Мойын болса керек. Осыған орай "Мойын болмай ойын болмас" деп атанған. Мойыннан бесеу – Рақбанқұл, Аманқұл, Сарша, Санай (кейбір шежірелерде Саңғай немесе Шаңкей дейді), Мұрат.

Рақбанқұлдан - Әлібек пен Қалыбек, Аманқұлдан - Әжім мен Мәжін. Аманқұл өспеген ру, 19 ғасырдың аяғында бірақ ауыл болып отырған. Бізге белгілісі – Мәжіннен тарайтын Өмірбек атасы.

Әлібектен – Аралбай, Сармантай, Бекше, Ботақан, Барак, ал Қалыбектен – Атан, Алтыбай, Талас, Қараша деген балалар туған.

Аралбай Қалмақпен соғысқан батыр болыпты. Ол кісінің бірінші әйелі Айсадан үш ұл туған: Жоламан, Құттыбай, Тоты. Ортаншы әйелі Кежек - Қалмақтан қолға түскен 20 қызбен бірге келген. Бұл әйелінен туған Өмір деген баланы алты жасында Сайдалы Нияз батыр Қалмақтың тұтқынынан босатып алып келген деген аңыз бар. Үшінші әйелі Таңсұлудан бесеу – Байтоқа, Байтелі, Жабағы, Сәңкібай, Жабық.

Әлібектің үшінші баласы Бекшеден төрт ұл – Байсары, Бексейіт, Байдалы, Кенжәлі. Бұлардың ішінен Бекше Байдалы би – Орта жүзге ықпалын жүргізген атақты би болған. Абылай ханның кеңесшісі болып, қазақ еліне билік айтқан адам.

Әлібектің бес баласының ішінде Сармантай ең бір өсіп-өнген ата болған. Сармантай би екі әйел алыпты. Мәулім бәйбішеден - Өмірзақ, Ерназар, Бекназар, Құлназар; Тотия тоқалдан – Алда, Жұман, Өтеміс, Қаражігіт тарайды. Тереңнен толғайтын байыпты саясаткер Жұман 1820 жылдардың басында-ақ Алтай еліндегі беделді биге айналады. Ол қаракесектермен жер дауы жайлы және алтайлықтардың олар барымталап кеткен малын қайтару жөнінде келіссөздер жүргізеді. 1833 жылы старшина Жұман Сармантаев капитан дәрежесіне көтеріледі. Бірақ бұл шенді алуға үлгермей, 1834 жылдың басында қайтыс болады.

Жұманның барлық ұлдары би болыпты. Оның бәйбішесінен Қорам жалғыз, ал Мапа деген Бәсентиін қызы тоқалынан Сәттібай, Сәті, Қошқарбай, Тәти туған. Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, Қуандық, Сүйіндікте жалғыз қара болған, өз тұсында алдына жан түсірмеген Тәти би болыпты. Ол

әкесі Жұман қайтыс болған соң, 1834 жылдың басында Мойын-Алтай болысының басқарушысы (управителі) болып сайланады. 1835 жылы Тәти Жұманұлына поручик шені берілді. 1838 жылы Тәти Кенесары Қасымханұлының Ақмолаға жасаған шабуылы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін оның соңын ала Шу өзеніне қарай көшеді де көп ұзамай, сол жерде қайтыс болады.

Ал Қуандықтың бір бұтағы, осы Сармантайдан өрбіген белгілі Дайрабай күйші туралы бірер сөз айтқан жөн. Ел ішінде көнекөз қарттар күні бүгінге дейін Дайрабайды “Сармантайдың күйшісі” деп отырады.

Дайрабайдың әкесі Ерназар Рақбанқұлұлы саятшы, атбегі, қыран құс пен жүйрік атқа құмар, сері көңіл жан болыпты. Ал шешесі Түйме деген кісі Арқаға аты әйгілі Тарақты Тұяқ шешеннің қызы екен. Ол кісі сөз қадірін білетін, ойын-тойда келістіріп ән салатын адам болса керек. Сондықтан Дайрабайдың бойындағы сал-серіге тән мінез-қылықтар, әншілік, күйшілік қасиеттер ата-анасынан да дариды деуге негіз бар.

Кезінде Дайрабай күйші Жарылғапберді, Ғазиз, Иманжүсіп, Үкілі Ыбырай, Төлеубай сал сияқты әйгілі өнерпаздармен дәмдес, қадірлес, досжар болған. Олардың қанатты өнерінен тағылым ала жүріп, өз жанынан “Шұбартау”, “Қараторғай”, “Келіншек” деген әндер шығарған.

Белгілі жазушы Ақселеу Сәйдімбектің деректеріне сүйенсек, Дайрабай бір шабытқа тұғыр болған бас қосуда өзінің арттағы өмірін есіне алып, іштей шамырқана толғанып күй тартқан екен. Бұрын естімеген, әсем сазды тың сарынға елең еткен тыңдаушы жұрт, “Бұл не күй?” дегенде, күйші: “Бұл менің басымдағы гәп қой, күйдің атын “Дайрабай” десе де болар” депті. Осы әсем күйді ең алғаш республика жұртшылығына таныстырған адам қарағандылық Ыбырай Байсейітов. Бұл кісінің тартуында Қарағанды облыстық радиосы жазып алған “Дайрабай” күйі республикалық радиодан сонау отызыншы жылдары берілді. Кейін бұл күйдің әсем нұсқалары Ә.Хасенов, М.Хамзин, М.Тілеуханов сияқты белгілі домбырашылардың тартуында хатқа түсті. Ал 1951 жылы композитор Еркеғали Рахмадиев осы күйдің негізінде “Дайрабай” атты симфониялық күй жазды.

Мойыннан тараған бес атадан ең өсіп-өнгені Мұрат пен Қареке.

Баттал Хасенұлы “Қазақ қайдан шыққан” мақаласында:

“Мұраттан Әлмәмбет, Мырзамбет, тоқалынан Үкібас, Мәмбет, Үмбет. Тоқалдан туған үш атаны ел іші Қарамұрат атап кетсе керек” деген деректер берілті.

Менің қолымдағы шежіреде (соғыс ардагері Көмаш Бегімовтан жазып алынған) Мұраттың бәйбішесінен - Әлмәмбет, Мырзамбет, Үмбет, тоқалынан - Үкібас, Мәмбет. “Қарамұрат” деп Үкібастан тараған ұрпақты атаған.

Әлмәмбеттен - Бегайдар, Жылқыайдар, Қожақұл, Қалқаман. Әлмәмбеттің інісі Мырзамбет 42 жасында қайтыс болған соң, әйелі Түмен 39 жасында әмеңгерлікпен Әлмәмбеттің 11 жасар баласы Бегайдарға қосылған. Бегайдардан көп ұрпақ өрбіген. Түмен бәйбішеден Жайықбай, Елібай, Теңізбай.

Жайықбайдан - Тіни, Шымыр, Болат, Жаныс. Тіниден - Арық, Ботбай. Шымырдан - Бармақ, Әлімбай, Құлқыш. Болаттан - Итберген. Жаныстан - Сиқымбай, одан Орынбай, Ақпан, Нарынбай, Наурыз. Ел іші бұл аталарды біріктіріп “Төртсары” деп атаған екен.

Бегайдардың Елібай ұлынан - Төбет (Нұрсейіт), Бексейіт, Токсейіт, Ортабан. Атақты жазушымыз Ғабиден Мұстафин осы Елібайдың ұрпағы. Шағын дәулетті шаруа отбасында дүниеге келіп, дін сабағында ептеп сауат ашып, 14 жасында Спасск зауытында жұмысқа тұрған Ғабаң Құдай берген таланти мен еңбекшілдігінің арқасында Қазақстан Жазушылар одағын басқару, республика Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі дәрежесіне дейін өсті.

Жасы ұлғайған кезде Түмен бәйбіше Бегайдарға Салия деген тоқал әперген. Салиядан - Төлеубай, Дербісал (Дербіш), Қожамсейіт. Дербісалдан - Мәлік, ал Қожамсейіттен - Тілеп, Құлболды, Ордабай, Жаманкөт. Құлболдыдан - Қырбас, одан Дос, Нұртаза, Түкібас, Үкібек. Ордабайдан - Байсалбай, Тоқабай, Мүсәпір. Байсалбайдан - Ахметбек туған.

Кісілікті, білімді, әрі ерен ақын Ахметбек Байсалбайұлын Арқа елі жақсы біледі. 1932 жылы ақын ашаршылықты, басыздықты ыза-ашумен өлтіре сынаған. Сол үшін жан азабын шегіп, көпке дейін ар азабынан арыла алмаған өлеңі жұртшылыққа белгілі. Өлеңінің бір шумағы мынандай:

“Пай, пай, пай кемпір-шалды неғылайын,

Жазығы жоқ көкөрім жастар өлді.

Үкімет ал деп еді байдың малын,

Кедейдің ал деп пе еді жалғыз тайын.
Белсенділер перегибті қолдан жасап,
Халықтың осыменен тапты жайын.
Жолдың бойын қан қылған жазалы кім?
Кім болды қазалыға жазалы кім?
Табаны қап-қара боп қаңғып жүрген,
Қазақтың баласына азалы кім?“

Кезінде беделді болған, аузына кісі қараған, тілі өткір Ахметбекті шала белсенділердің халыққа қиянатын қатты сөгіп, сынағаны үшін 1937 жылы “халық жауы” деген жаламен ұстап, құртып жіберді. Ақынның үйі де кітаптары да, жазған өлеңдері мен жинаған өнегелі сөздері де құрып кетті. Белгілі жазушы Жайық Бектұров айтқандай, “өткен ғасырдың осы бір кезеңінде табиғат жомарт болғандай. Мәшһүр Жүсіп, Шәкерім, Үкілі Ыбырай, Сәкеннің әкесі Сейфолла, Жанайдардың әкесі Садуақас, Абдолланың әкесі Мүсәпір (Әбдірахман) бәрі бір жаста екен (Ахметбек Байсалбаев 1878 жылы туған). Мәшекеңнен басқаларының бәрі де, Ахметбек ақын өзі айтқандай, отызыншы жылдардағы “перегиб – асыра сілтеудің” құрбаны болып кеткен жандар”.

Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Салия шөлкес мінезді, адуын адам болған көрінеді. Түменнің қартайғанын пайдаланып, күтпей, күн көрсетпеген. Бегайдардың әрі шешемдей, әрі жеңгемдей болған адамды енеңдей күт, ол саған күндес емес дегеніне қоймаған соң, ашуланған Бегайдар би нағыз күндесің болсын деп Салияның сиңілісі Баяуды тоқалдыққа алған. Содан бүгінгі күнге дейін мен Мұратпын дегендерге: “Мұраттың Салиясысың ба, әлде Баяуысың ба?” – деп сұрайды.

Сол Баяудан Избасар, Баба, Кенжәлі деген үш ұл туған. Избасардан – Айтбай, Шілікбай, Бабадан – Тайқара, Кигізбай, Құрақбай.

Ібрахым (Жақан) Ісләмұлы “Алтай шежіресі” (Қарағанды: “Арқо” ЖШС, 1997) деген кітабында Мұраттың екінші баласы Мырзамбеттен - Қошқар, Аққозы, Атаққозы, Нарқозы деген аталарды таратады. Қошқардан - Өтеген, Өтеп, Амантай, Меңдібай.

Ал Баттал Хасенұлы өз шежіресінде мынандай деректер береді: “Қошқардан Жанай, одан Қият, одан Өтеп, Өтептен Игілік ата. Игіліктен Ордабай, Қоғабай, ал тоқалдан Қопабай, Айтқожа, Тәти аталары өсіп-өнген. Тәтиден Мұстафа,

одан Мұхтар (болыс болған), тағы да басқа ұрпақтары бар”.

Мендегі шежіреде Қошқардан - Қазанқап, Сазан, Қарақай. Қазанқаптан - Өтеген, Өтеп, Меңдібай, Амантай, Аманжол. Өтегеннен - Ерназар, Нәуеш, Сейне, Жылтыр. Өтептен - Игілік, Жанай, Өжет. Арқада аты шыққан Игілік байдан - Сырдабай, Қоғабай, Қопабай, Қошым, Тәти.

Сазаннан - Есенкелді, Мәтай, Қадыр. Қарақайдан - Кешубай, Қондыбай, Болтай, Қонысбай, Молдабай.

Енді Мұраттың үшінші баласы Үмбеттен өрбіген ұрпақтарды таратайық. Бұл ата бірде-бір шежіреде осы күнге дейін толық жіктелмеген. Содықтан қолдағы бар шежіреге сүйене отырып, Мұраттың Үмбет ұлынан өрбіген ұрпақтарды толығырақ таратқанды жөн көрдік.

Үмбеттен - Алласүгір, Байсүгір, Тәңірсүгір; Алласүгірден - Елқонды, Сарбас.

Елқондыдан - Сүйменбай, Найманбай, Олжабай, Шилән. Сүйменбайдан - Иіпберген, Аяпберген. Иіпбергеннен - Орынбек, Түсіпбек. Аяпбергеннен - Ахмедия, Мұхамедия. Найманбайдан - Шәйберген, Алшынбай, Асылбай, Дәкібай. Шәйбергеннен - Тәуірбек. Алшынбайдан - Тезекбай, Бөлекбай. Тезекбайдан - Молдан, Үсенбай, Қамысбай. Асылбайдан - Жақай, Бегес, Нұрмұқан, Нүркен, Ермақан. Бегестен - Сұлтан, Қойшыбай. Нүркеннен - Жүкен. Дәкібайдан - Оңалбай. Оңалбайдан - Әбілдә, Ақжүніс, Шәйділдә. Олжабайдан - Дүйсенбай, Жетімек, Игенбай. Дүйсенбайдан - Айтбай, Орақ. Игенбайдан - Досан. Досаннан - Сағындық, Құлұқан, Әлмұқан, Әбдірашит, Жәудет. Шиләннен - Бектұрсын, Ақтұрсын. Бектұрсыннан - Алпысбай, Жетпісбай. Жетпісбайдан - Қабылкәрім. Ақтұрсыннан - Мүсірәуіп, Мүсірәуіптен - Айтжан.

Үмбеттің екінші баласы Байсүгірден (кейде Құдайсүгір деп те атайды) екеу - Есберлі, Досберлі; Есберліден - Сары, Байсал.

Сарыдан - Тау, Тыныш, Тәттібай, Сасықбай. Таудан - Шынтемір, Шығанбай. Шынтемірден - Ақсақал, Туғанбек, Орынбек, Рақым. Шығанбайдан - Төлепбек, Мұсабек. Тыныштан - Қарақосаяқ, одан Есімбек, Армия. Есімбектен - Еркебай, Тынышбек. Армиядан - Серік, Серікбай, Жәлел. Тәттібайдан - Тұрсанбек, Қыдырбай, Көлбай, Шатырбай. Көлбайдан - Әлкей, Қалы. Шатырбайдан - Әбеу. Сасықбайдан - Нәсербек, Нәсербектен - Бегім, Қали. Бегімнен - Тегін,

Әбдіқалық. Тегіннен – Кәмеш, Шайхиддин. Әбдіқалықтан – Шайхыслан, Баянды, Ақпан, Байжан.

Есберлі Байсалдан – Орақ. Орақтан – Адам, Әбілғазы, Түсіп, Мақай, Жүніс, Ахмет. Адамнан – Шәкен, Майда, Әрін. Түсіптен – Мұсағұл, Қами, Спатай, Смағұл, Қали. Жүністен – Әбіш, Сыздық.

Байсүгір Досберліден – Тілеген, Түкей. Тілегеннен – Байбосын, Беке, Байбала, Асыл. Байбосыннан – Нұрмағанбет. Нұрмағанбеттен – Лән, Сағит, Хамит, Қабиден. Бекеден – Хазнағәплан, Ахмет, Ахметжан, Бекмырза. Ахметтен – Шәбден, Шәмшиден, Қабай. Асылдан – Оспан. Оспаннан – Ғазиз.

Түкейден – Тәсіл. Тәсілден – Сәрсекей, Мұқамедия, Омар, Қаппар, Мақан. Сәрсекейден – Шора, Ғұбайдолла, Бауыржан. Қаппардан – Қабылмажит, Ынтық, Хамит.

Мұраттың төртінші баласы Үкібастан (Қарамұраттан) Құрмантай туған. Құрмантайдан – Айтуған, Байкөншек, Тәнатбай, Байсақ.

Байкөншектен – Қуандық, Сүйіндік, Өтебай, Сырғабай. Көкен, Төлкей. Сүйіндіктен – Естібай, Бестібай, Қанықұл, Сабыр, Жанықұл, Батыр, Қаратай.

Көкеннен – Әндібай, Марқабай. Әндібайдан – Мақай. Марқабайдан – Айылбек, Жақсыбек, Кенжебек, Асылбек. Дайырбек. Жақсыбектен – Мұқамедия. Кенжебектен – Кәмәли. Асылбектен – Әли, Қали, Қаһарман. Дайырбектен – Құтжан, Жәкіш.

Төлкейден – Салтыбай, Балтабай. Балтабайдан – Ыбырай Иماش. Имаштан – Құдайберген.

Үкібас Байсақтан – Баян, Молдан, Жаманқара, Сағыр Молданнан – Орынбай, одан – Өмірбек, Ерубай, Бұйрабек Бердібек. Өмірбектен – Дүйсенбай, Сәрсенбай, Ырысбай Дүйсенбайдан – Әбдікей, Әбілқадыр, Зәкен. Ырысбайдан – Ахмет, Құлтай, Тәліп, Әнуарбек.

Ерубайдан – Бөкіш, одан – Шайда, Шәріп, Зікірия.

Бұйрабектің бәйбішесінен – Қасен, Құсайын, Төлелбек тоқалынан – Ысқақбай, Ысқақ, Әбүбәкір, Түсіп (Сарбас).

Бердібектен – Алтынбек, Ырымбек. Алтынбектен – Ахметжан, Сәрдар, Сағи.

Байсақ Баяннан – Пұшықай, Тақай, Тінәлі. Пұшықайдан – Момақан, Томақай.

Мұраттың кенжесі Мәмбеттен – Қосқұлақ, Сыбанбай Байжігіт.

Қосқұлақтан – Тілеулі, Құттықожа. Тілеуліден – Отарбай, Аулабай, Самбай, Сайжан, Тоқтарбай, Елубай.

Құттықожадан – Жолан, Сарт, Шапат, Күзен, Көтен. Жоланнан – Ерубай, одан Мұқыш, Кеңсебай, Омар. Шапаттан – Әубай, одан – Бозым. Бозымнан – Мұхтар, Әбен, Нәби, Қоми. Мұхтардан – Қабден. Әбеннен – Қайыржан, Хайролла.

Күзеннен – Есілбай, Оразбай, Оспан, Омар. Есілбайдан – Сыздық. Сыздықтан – Рахмет, Мансұр, Зыядын. Оразбайдан – Кенжетай. Кенжетайдан – Ахат, Әкентай. Ахаттан – Боран, Әкентайдан – Қайраш. Оспаннан – Рыспек. Омардан – Рәшат.

Көтеннен – Ботабай, Өтеуіл, Бекбау. Өтеуілден – Түсіп. Түсіптен – Әбдіқалық.

Мәмбет Сыбанбайдан – Қожаберген, Үйсінбай, Байжан.

Қожабергеннің бәйбішесінен – Онай, Қарақұл, тоқалынан – Шегір, Қаратай. Онайдан – Бегалы, Бегалыдан – Тілеуберлі, Тілеуберліден – Сәмет, Майшабақ. Қарақұлдан – Байбақты, Өтеген.

Үйсінбайдан – Қонақ, Жаншуақ, Майлан, Байшуақ, Сарықұл. Қонақтан – Жаубас, Шаншарбай. Жаубастан – Қадыр. Шаншарбайдан – Нұрлан. Майланнан – Мырзабек, Қуанышбек. Мырзабектен – Ахмет, Әбілдә, Ахмедия. Қуанышбектен – Байділдә, Сәйділді. Байшуақтан – Шәймолда. Сарықұлдан – Сатыбалды, Тотан. Тотаннан – Әлікен, Омар.

Байжаннан – Күзенбай, Егінбай. Күзенбайдан – Сембек. Сембектен – Қадір.

Мәмбет Байжігіттен – Оразкелді, Оразбай, Танақай, Қаңтарбай. Оразкелдіден – Амантық батыр. Қаңтарбайдан – Иманбай, Сәрсембай.

Мойын бабамыздан жоғарыда айтып кеткен үш аталарымыздан (Рақбанқұл, Аманқұл, Мұрат) басқа Сарша мен Санай туады.

Т. Қиқымов “Ата тегіміздің айнасы” деген шежіресінде Санайдан Қареке мен Олжакелді руларын өрбітеді. Осы шежіреде Қарекеден – Ақбура, Тоқбура, Байбура, ал Олжакелдіден – Жантай, Байтоқа, Досқана деген аталарымызды таратады.

Солдатхан Орайханұлы “Шерубай – ердің заты, жердің де аты” деген мақаласында мынандай деректер келтірген: “Арғы атамыз Қареке мен Биболды Саршадан туады. Биболдының әйелі Орақ батырдың туысы екен. Айша деген

анамыз жалғыз ұлы Шерубайды дүниеге әкеліпті де, баладан қайтыс болыпты. Шерубайды қайнағасы Қареке бауырына салып өсірген. Ал Қарекенің өз кіндігінен Ақбура, Тоқбура, Байбура деген үш ұлы болыпты“.

Мәшһүр Жүсіп мынандай деректер береді: “Қарекеде – Ақбура, Тоқбура дегендер болған. Тоқбурадан тоғыз, Ақбурадан алтау. Ақбура балалары – Арзықұл, Құдайқұл, Меңдіқұл, Жанықұл. Жанықұлдан – Аманбай, Аманжол. Аманжолдан – Мәмбет, Үрпек, Көшекбай. Мәмбеттің бәйбішесінен – Саңырақ, бір қатынынан Мұңайтпас, Қашаған, бір қатынынан Тоғалақ, Сәтбай, Сәтек. Аманжолдың қара шаңырағы осы Сәтекте қалған.“

Ал шежіренің айтуы бойынша Қареке Саршадан тарайды. Қарекеден үшеу емес, алтау тарайды. Қарекенің бір әйелінен Нәуірзек (кейбір шежірелерде Науырызбек немесе Наурызақ деп атайды), Жарасбек, Жанбазар, екінші әйелінен Ақбура, Тоқбура, Байбура туады. Нәуірзектен - Қажылұқпан, Қамысбай.

Сатыбалды Ержановтың “Мендегі шежіре не дейді?” деген мақаласында мынандай пікір айтылады: “Біздің ағамыз Мінәж Жармұхамбетов шежіреші адам еді. Мендегі сол кісіден жазып алған шежіреде Қарекеден бесеу туады. Ең үлкені Науырызбек, одан тұқым көп. Ақмола жақта тұрады. Мен кездестірдім. Одан кейінгі атамыз Жарасбек, ол кісіден тұқым жоқ.“

Ақбурадан – Жанықұл, Меңдіқұл, Арзықұл, Құдайқұл, Бабас туған. Кейбір шежіре үлгілерінде Ақбурадан – Меңдіқұл, Бердіқұл, Бабас, Жанықұл, Әлікұл, Тәңірқұлды таратады.

Қарекенің балаларының ішінде Тоқбура батыр болыпты. Қалмақтың қазақтарға шабуыл жасаған кезінде (1721-1730 жылдар) Тоқбура жасы алпысқа келіп қалса да, ел жиып, жауға қарсы ту көтерген. Соның қолбасшы батыры Шерубай болған. Олар қалмақтарды сонау Шу өзеніне қарай ығыстырған делінеді.

Тоқбурадан тоғыз ұрпақ тараған - Әлгөшек, Сейіт, Ботығай, Сәкі, Есен, Қазы, Құлан, Тілеке, Өтен. Ел аузындағы әңгімеде Әлгөшек батыр болған, екі әйел алған кісі. Бәйбішеден – Көшібай мен Кетік, тоқалдан – Бектас, Шылықбай, Меңдібай, Қошан, Баймырза туады. Бектастан – Матақбай, Мыржықбай, Сембай, Таймас. Ілияс

Есенберлиннің “Қаһар” романында Бектастың Таймасы Кенесарының оң жағында отыратын ақылшысы.

Ібрахым Ісләмұлының “Алтай шежіресі” деген кітабында Ақбура мен Тоқбура аталары толық жіктелген.

Шежіреге жүгінсек, Байбурадан жалғыз Есенаман бай туған. Ол кісіден Қабанбай, Мәнсұр, Көлбай, Зерендік, Шотан, Таусоғар тараған. Байбура Таусоғардың батырлықпен аты шыққан.

Мәнсұрдан – Бұйра, Сәти, Құрымбай, Жұрымбай. Бұйрадан – Бабыр, Рысбай, Шөкібас, Мұңайтбас, Бабатай. Бабырдан – Базарбай, одан Құсайын, Ермек. Құсайыннан – Тоққоян, Шәкен, Мәкен, Жаманкөз, Сауғабай, Сәлім. Шәкеннен – Жақсылық, Жақсыбек.

Зерендіктен – Асан, Тасболат, Кенжебай. Асаннан – Алшағыр, Шағырай, Күржікей. Алшағырдан – Піштай, одан Әбілда. Әбілдадан – Әбдірайым, Қоңырбай. Әбдірайымнан – Жаңбырбай. Шағырайдан – Тілеген. Тілегеннен – Дайрабек, Дайрабектен – Біржапырақ, одан Кәмәли.

Күржікейден – Мәнжі батыр. Мәнжіден – Жәментік, Шәуе, Қара (Оразбек), Ырысбек. Жәментіктің бәйбішесінен – Айтжан, Баптай, Төкіш, тоқалынан – Қалима, Шахан, Ақбілек. Айтжаннан – Кәріппек. Кәріппектен – Біргебай, Қасым. Баптайдан – Тоққоян, Қоңқабай. Төкіштен – Рақым. Рақымнан – Сағындық, Жаңбырбай, Жағыпар. Шәуеден – Қасен, Құсайын, Шоңқабай. Қарадан – Әмре, Асқар, Саттар. Әмреден – Ахметсардар, одан Серғазы, Сейітқазы. Саттардан – Амангелді, Рәшит, Қабдырәшит, Мәжікен, Хамит, Қанат. Ырысбектен – Қоңқак.

Кенжебайдан – Мыңбай, Топыш, Ырысбай. Мыңбайдан – Тоқтұрсын, Жекей. Тоқтұрсыннан – Ыбырай, Смайыл. Жекейден – Шібікен, Жүніс, Сағындық. Ырысбайдан – Шолак, одан Өтеубай, Өтеуіл. Өтеуілден – Елеукен, Алпанай. Топыштан – Әлдек, Байғабыл, Бекқожа. Әлдектен – Сәрсембай, Сары. Сарыдан – Жақып, одан Жомарт. Байғабылдан – Дәу, одан Төлеубай.

Қареке Байбурадан – атағы шыққан Мәнжі батыр. Ол жас шағынан ат құлағында ойнаған ержүрек болса керек. Ел шетіне жау тисе, қолына найзасын алып тойтарыс беруді өзінің міндеті санаған. Арада көп уақыт өтсе де оны халықтың ұмытпайтыны осыдан болса керек.

Мәнжі Күржікейұлы Кенесары ханның тұсында өмір сүрген.

Қарпық-Қаратоқа руынан шыққан Тиес батырмен дос болған. Екеуі Кенесарының қолында болып (Мәнжі батыр 22 жасында жүзбасы болған), ұлы жорықтарға қатысқан. Мәнжі мен Тиес қазақ жерін жат жұртқа бермеу үшін талай ерлік көрсеткен. Бүгінде тарихқа белгілі Наурызбай мен Ағыбай батырлардан кем болмаса керек.

Мәнжі тек батыр ғана емес, ойда жоқ жерден сөз де тауып айтатын өткір тілді шешен адам болыпты. “Баласы бардың...” деген суырыпсалма сөзінде Мәнжі батыр:

“Алты баласы бардың ауылына барма,
Бес баласы бардың бетіне келме,
Төрт баласы бардың төрде орны бар,
Үш баласы бардың алдында айдаған малы бар.
Екі баласы бардың өкпе, бауыр, жалы бар,
Жалғыз баласы бардың шығар-шықпас жаны бар”, -

депті.

Қариялардың айтуына қарағанда, Қарекелер қақ-соғы жоқ момын ел болыпты. Олар ешқайда қоныс аудармаған. Осы Сарыарқадағы Нұра бойындағы Сұлу Мәдине, Құмадыр, Жартастас аумағында өсіп-өніп, өмір сүрген. Қарекеден шыққан Қамен және Таңшолақ (Тоқбура Қазыдан тарайды) деген кісілер өте әділ би болған көрінеді. Осы пікірді дәлелдейтін ел арасында:

“Қарашорда – Сеңкібай,
Әлтекеде – Жиенбай,
Сарымда – Шабатбай,
Тобықтыда – Құнанбай,
Қарекеде – Қамен би
Аруақтары қолдасын!
Әумин!” – деген бата сөз бар.

Сарша өліп, әмеңгерлікпен Санайға тиген әйелден Етболды /Итболды/, Байболды, Биболды туған.

Етболдының шын есімі Құрманкүл екен. Одан Келдәулет туған. Одан Өтенбай, Мырзакелді, Мырзағұл.

Биболдыдан Таңатбай, Шерубай, Манақ, Жанақ туған. Таңатбайдан – Берлібай, одан Тайлақ, Деріпсал, Байке, Қойкелді, Шектібай.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте, данқты батыр бабаларымыздың ерлік істері сөз болғанда, алдымен аузымызға 1653 жылдан 1671 жылға дейін Қазақ Ордасына хан дәрежесінде билік жүргізген Қарасай баһадур, Қаракерей

Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек, тағы басқа батырлар түседі. Орта жүз жерінде жоңғар қалмақтарына қарсы шыққан батырлардың бірі – Санай Биболды руынан шыққан Шерубай батыр.

Өмір азады, ажар тозады. Тозбайтын, ұмытылмайтын "хакімнің (данышпанның) хаты, жақсының аты". Шерубай батырдың есімі де ұрпақтан-ұрпаққа көшіп бүгінгі күнге жетіп отырғаны осы сөзімізге дәлел.

Шерубай батыр 119 жасқа келіп, дүние саларында Әлгөншектің баласы Бектасқа былай деген екен. "Әй, Бектас, мен сенің үлкен әкең Тоқбура, өз әкең Әлгөншекпен жолдас болдым. Сен мені мына таудың басына жерле, менің үстімнен жау аман өтпес және атымды кейінгі ұрпақ атап жүрер". Міне, ел аузында аңыз болып қалған осы жерді Шерубай тауы (Нұра өзенінің жағасында) деп атайды.

Иә, батыр да батыл, өжет те өр, қажырлы да қайратты бабаларымыз болмаса, қазіргі қазақ елі болмас еді. Сол бабаларымыздың атын ұмытпай, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отыру енді біздің еншімізге тиген.

Енді қозғаған ой – пікірімді Құдайберді ұлы Шәкерім қажының сөзімен аяқтайын :

"Қалжың емес, қам үшін жаздым мұны,

Білсін деп кейінгілер түп атасын.

Атаны атағанмен білім артпас,

Сөйтсе де білген адам құры жатпас.

Қыбырлаған қиыннан шығар деген,

Қозғалмасаң қолыңнан кісі тартпас".

“Алып ел дүрліккенде көрінеді,
Данышпан жай тірлік күнде көрінеді”
(М.Қашқари)

ДӘУІР ДҮЛДІЛІ

Бір ұрпақтың ғұмырымен өлшер болсақ, 330 жыл - мейлінше көп уақыт. Ал, бұл әлемдік тарих ауқымында онша көп те емес. Бірақ Бұқар жырау сияқты ірі тұлға бірегей тумалар саф алтындай жарқырап, келер ұрпақпен бірге жасай береді.

Ол өз дәуірінің шындығын жан-жақты және терең көрсете алған үлкен дарын иесі, аса көрнекті ақын. Бірақ, жыраудың ақындық өнері қашан да жоғары бағаланып отырса да, оның өмірге көзқарасы, көксеген арманы, идеялық нысаны, осы уақытқа дейін сан түрлі тұжырымдар туғызып келді. Тағы бір еске алатын мәселе, Бұқардың жасаған ортасы, алған тәрбиесі, ақындық алғашқы жолы жөнінде мәліметтер жөнді сақталмаған. Басқаны айтпағанда, есімінің өзін біресе “Бұхар” (“Бес ғасыр жырлайды”), біресе “Бұқар” (“Қазақ совет энциклопедиясы”) деп екі түрлі ұғынуға болады?

Бұқардың қай жылы туғаны және қай жылы қайтыс болғаны жайында талас пікірлер әлі күнге шейін айтылып келеді. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, ақын XVIII ғасырдың бас кезінің өзінде - ақ біраз жасқа келіп қалған, қазақ хандарының сарайында ықпалды би, батагөй ақсақалдардың бірі болғандығы аңғарылады. Туған және өлген жылдарын анықтауға себі тиер деректер жыраудың өз шығармаларынан ұшырасады.

Ақынның өз жасы жөніндегі тағы бір деректі Абылайға айтқан толғауларының бірінен аламыз:

“Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен,
Қарғиын десең екі жағы

ор екен...”

Бұқар Абылайдан (1711-1781) бұрын туып, соң өлген. Қолда бар бірден-бір нақты мәлімет - жырау ханнан көп үлкен. Халық жадында сақталып келе жатқан мәліметтерге қарағанда, ақын 1668 жылы туған. Ол бір ғасырдан астам жасап, әбден қартайып, 1781 жылы өлгендігі күмән туғызбайды. Жыраудың зираты Қарағанды облысы

Бұқаржырау ауданының аумағындағы Далба тауының маңында. Бұқардың әкесі Қалқаман Арғынның бір тармағына жататын Қаржас ішіндегі Алтын торыдан шыққан батыр деседі.

Ұлы бабамыздың асыл мұралары бізге оңайлықпен жеткен жоқ. Арада қиын-қыстау кезеңдер, алақұйын заманалар болды. Ақын қалтарыстары көп қатал кезеңде өмір сүрді. Бұл адамзат дүлділдерінің санасы өсуге, гуманистік мұраттар туындап, дамуға бет алған кез еді. Және бұл халыққа ойшылдардың, ақындар мен батырлардың шоқ жұлдыздарын берген дәуір еді. Бұқар жырау халықтар арасында қанды жорықтар мен қиян-кескі шайқастар болып жатқан, бір мемлекеттің басқа елдерді құлдыққа салу қатерін төндіріп тұрған кезде өмір сүрді.

XVIII ғасырда болған Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының мүлде жойылып кету қатерін төндірді. Өлке аямастан талқандалды. Қазақ жасақтарының табанды қарсылығы мен кейбір жеңістеріне қарамастан Жетісу өңірінің құнарлы жайылымдары жау қолында қалды, көшқоныс реті бұзылды. Сауда-саттық пен қол өнері құлдырап кетті. Мал басы азайды. Мыңдаған адам қырғынға ұшырады. Жан сауғалап, құлазыған даланы кезген адамдар қаталап, аштан өлді, жүруге жарамайтын қарттар мен сәби балалар далада қалды.

Әдетте тарихтың өзгерер сәті ірі дарын иелерін дүниеге келтіреді. Үш жүзге бөлініп, кең даланы кезіп, “көшерін жел, қонарын сай білген” дегендейін белгілі тұрағы жоқ киіз туырлықты елге, оның басын біріктіретін көсем, жалынды сөзбен жар шақырып үгіттейтін отты сөзді шешен өте қажет еді. Ақыры қасыретті XVIII ғасыр байтақ даланың аса көрнекті екі қайраткерін – хандар Әбілхайыр мен Абылайды алға шығарды. Бұлардың біріншісі ерікті түрде Ресейге қосылудың ынтагері болса, екіншісі өзінің жалынды өмірін Ресеймен де, Қытаймен де тату көрші қатынаста болатын қуатты да тәуелсіз мемлекет құру ісіне арнады. Профессорлар Э.Гримм, А.Клоссовский және Г.Хлопин “Орыс энциклопедиясының” бірінші томында (Петербург, 1911 жыл, 20-шы бет) былай деп жазды: “Ресейге де, Қытайға да бодан болудың өзгеше түрін шебер пайдаланған хан Абылай мұнда да өзін тәуелсіз ұстап, өз елінің батасын алды”. Ал халықтың көсем-батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Наурызбай,

Жәнібек, Райымбек, Баян, Малайсары, Тілеуке және басқалары халқын қорғап, өмірлерін жауға қарсы күреске арнады.

Қысылтаяң заман асқан ерлермен бірге, Қалқаманұлы Бұқар жырау сынды терең ойшыл-ақындарды да туғызды. Туған халқының тарихына, көнген азабы мен ауыр халіне, арманы мен үмітіне көрегендікпен көз қадаған ол үлкен жүректі жырау болды. XVII-XVIII ғасырдағы заман оқиғалары ұлы ойшылдың жан дүниесіне шемен болып батты, жігерлі көрегендігі мен болжау кемелдігін лаулатты. Бұқар соғыстың халық басына төнген қасірет екенін жан-жүрегімен сезді. Оның ойынша басты міндет – Отанды жан аямай қорғау керек. Сондықтан ол:

“Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа” -

дейді.

Біз жырауды ғұлама, көреген қарт ретінде пір тұтамыз. Біріңмен-бірің жауласпа, татулық пен ынтымақта болыңдар дейді ол. Ақын қазақ руларының мал-жан үшін немесе қоныс, қыстау үшін бос қырқыспауын насихаттайды:

“Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал –
ерегес”.

Қазақтардың бүгінгі ұрпағы ата-бабаларынан кең өлкені, өзендер мен көлдерді, пайдалы қазба байлықтарын ғана емес, сонымен бірге баға жеткісіз аса бай фольклорды – рухани мұраны алып отыр. Қазақ фольклорына тән нәрсе – жанрдың көптігі. Өлеңдер мен мақал-мәтелдерде, ертегілер мен эпостарда, ақындардың айтыстарында халық өмірі мен тұрмысы, еңбегі бейнеленген. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясында жыраулар ерекше маңызды роль атқарған. Жырау - жыр, өлең айту деген сөздерден шыққан. Жыраудың толғаулары афоризмдерге, кең мағыналы ұтқыр, нақыл сөздерге тұнып тұрады.

XVIII ғасырда өмір сүрген Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау, Тәттіқара жырау және басқа ақындар мен шешендер өздерінің поэтикалық шығармаларымен қазақ әдебиетінен дара орын алады. Бұқардың шағармалары эпостан және дәуірдегі тұрмыс-салт поэзиясынан өзгеше болып келеді. Бұл

жыраулардың философиялық ой-толғауларында азаматтық әуендер айрықша көрініп тұрады. Халықтың тұрмыс-ахуалы кең сипатталады. Жазба поэзияға тән элементтер көріне бастады. Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер олардың поэзиялық шығармашылықтарының ішкі мазмұнына сай келіп отырды.

Бұл жыраулар поэзиясының нәрленіп, дамуына, сөз жоқ, Бұқар жыраудың шығармашылық қызметі аса зор ықпалын тигізді. Оның поэзиясы – біздің ұлттық игілігіміз. Жырау XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, қазақ халқының тарихындағы ірі тұлғалардың бірі болды. Жырау-ақынның толғау-өлеңдері хандар, сұлтандар мен ірі феодалдар арасында ғана емес, бүкіл халық арасында кеңінен тарап бедел алды, қазақтардың қоғамдық санасына игілікті ықпал еткен қуатты күшке айналды.

Бұқар сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де толық білген жырау:

“Ел бастау қиын емес –
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес –
Шабатын жерден ел табылады,
Шаршы топта сөз бастаудан
Қиынды көргенім жоқ”, -

дейді ақын.

Бұқардың өлеңдері образға бай, ұлттық бояулары қанық, көркемдігі жоғары болып келеді. Дәстүрлі поэзияның барлық күрделі тәсілдерін жан-жақты меңгерген ақын өлеңдерінің өлшемдері өте күрделі. Оның өлеңдерінен жырау өзі көрген алмағайып заман келбеті бейнеленген тақырыптарды, кәрілік пен жастық шақ туралы өлеңдерді, тағдырға наразылығын, сатиралық шығармаларды көптеп кездестіруге болады. Ақын өмір құбылысы мен дүние заңдылығын, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігін өз толғауларына негізгі тақырып етіп, кең тыныста жырлай білді. Бұқар жырау шығармаларындағы арқау тақырыптардың бірі – Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм. Ол қазақ халқының жоңғар феодалдарына қарсы азаттық күресін жырлады, халықты бірлікке шақырды, осы күрестің ерлерін мадақтады:

“...Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаз дауысты Қазыбек,

Шақшақұлы Жәнібек,
Ормандай көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек
Тұғыр болған сол еді
Сіздей төре сұңқарға“.

Бұқар қазақ халқының басы бірігіп, іргелі ел болғанын, тыныш өмір сүріп, кемеліне келгенін аңсады. Үш жүз түгелдей Абылай туының астына жиналып, қазақ мемлекеті құдіретті күшке айналады деп ұқты.

Нағыз шешен жеңіл қалжыңға немесе шымшыма сөздерге үйір болмайды. Жыраулар өмір мен өлім жайындағы, тұрмыстың мәні мен мақсаты хақындағы мәңгілік сұрақтарға жауап іздеуге тиіс. Бұл мәселелерге терең бойлап, түсіну үшін Бұқар әуелі шығармашылық ізденістердің шытырман жолдарынан өтуге тиіс болды.

Ақынның дүние танымының негізіне – бұл дүниеден адамның алатын орнын философиялық ой елегінен өткізу арқылы оны асқақтату идеясы алынған. Бұқарды сарай ақыны немесе Абылай ханның уағызшысы деп тану мүлде дұрыс емес. Жырау “салтанатты сарайды” мекендеуші, немесе уақыттан, өмір күйбеңінен бөлек “сырттан таңырқаушы” болған емес. Ол адамзат еңбегін желпіне жырлады. Оның гуманистік идеялары халық өміріне – терең тамыр жайып, бұқараның көңіл-күйін білдіріп отырды.

Бұқар адамның рухани байлығын мейлінше жоғары бағалады. Адамның ақыл – ойына дүниедегі байлық та, билік те тең келе алмайды дейді жырау. Бұған оның:

“Өлмегенде не өлмейді?

Жақсының аты өлмейді,

Өлімнің хаты өлмейді”, -

деуі дәлел.

Ақын өзінің “Ай, Абылай”, “Тілек”, “Асқар таудың өлгені” және басқа өлеңдерінде адамзаттың имандылығы жөніндегі ойларын баяндайды. Адамның ұлылығы әлеуметтік жағдайынан емес, оның интеллектілігінен, құлықтылық сапасынан көрінетінін былай тұжырымдайды:

“Құрсағы құшақ байлардан

Дәулет таймас демеңіз,

Жарлыны жарлы демеңіз,

Жарлы байға теңеліп,

Жайлауға жарыса көшпес

демеңіз...

Қу таяқты кедейге

Дәулет бітпес демеңіз“.

Бұқар жырау шығармаларының стилі қарапайым, логикасы жатық, терең мағыналы болып келеді. Ақынның тілі таза, өрнекті, ұғымды, шын мәнінде халық лұғаты. Сондықтан жырау шығармаларына үш ғасырдан бері әрбір жаңа ұрпақ ерекше ынта қойып, жаңа қырынан танып келеді.

Басы ашық нәрсе сол, Бұқар жырау – шығармалары ғасырлар бойы маңызын төмендетпеген классик ақын. Қазақ классицизмі өрлеп тұрған дәуір еді бұл. Ресейде Державин, Ломоносов, Тредиаковский, Сумароков қандай орын алса, Бұқар жырау біздің ұлттық мәдениетімізден сондай орын алады. Классик-ақындардың айтар негізгі ойлары қоғамның мемлекеттік құрылысы, халық пен билік жүргізушілердің қарым-қатынасы, мораль мәселелері төңірегінде тоғысып жатады. Бұқар шығармашылығы көп ғасырлық тарихы бар поэзияның қорытынды туыны іспеттес екенін атап айтқан жөн. Бұқардан кейін қазақ поэзиясында ақындар басты рольге ие бола бастады.

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Тәуке ханның билік құрған кезінде-ақ (1680-1718 жылдар) Бұқар ордадағы белді би болғандығы, ел басқару ісіне белсене араласқаны аңғарылады. Ол туралы Үмбетей жырау былай дейді:

“Бұлбұл құстай сайрадың,

Тоты көрсең жайнадың,

Көріктей басқан күпілдеп,

Көмекейің бүлкілдеп,

Сөйлер сөзден таймадың.

Тәукенің болып жаршысы,

Халқыңның болып заршысы,

Белді бекем байладың“.

Қазақ арасындағы билер істің анық - қанығына жететін, әрі шешендік өнерді меңгерген адамдар еді. “Осындай құрметті атақ тек сот істері ғұрпындағы терең білімдарлығын шешендік өнермен ұштастырған қазақтарға берілген”, - деп жазды атақты ғалым Шоқан Уәлиханов.

Елді Тәуке басқарған кезде қазақ хандығының орталығы Түркістан болды. Бүкіл қазақ ұлыстары бір орталыққа – ханға бағынды. Бұл мемлекет бірлігін нығайта түсуге жәрдемдесті. Бүкіл түркі текті халықтар (қазақтар, өзбектер, қырғыздар,

қарақалпақтар) бірлесіп, жоңғар-ойрат басқыншыларына қарсы шықты.

Тәуке ханның тұсында Бұқар белді жырау және би ретінде өзінен жасы үлкен Қаз дауысты Қазыбек, Төле және Әйтеке билер сияқты саңлақтармен жолығысады. Олармен бірге қазақтың тұңғыш құқықтың мөлшерінің жиынтығы болып саналатын немесе орыс тарихында “Тәуке хан заңдары” (“Жеті жарғы”) деп аталатын еңбекті жасауға қатысады. Қожаберген жыраудың “Жеті жарғы” атты көлемді дастанында былай деген жолдар бар:

“Шығайдан соң орнына Тәуке қалды,
Кезінде Әз-Тәуке деп атақ алды.
Қазыбек, Төле, Әйтеке ақылшы боп,
Дейтұғын “ Жеті жарғы” заң шығарды”.

Бұл даланың философияға толы, еленіп-екшеленіп халықтың сүзгісінен өткен ереже-қағидалар, дәстүр-ғұрыптар жиынтығы осы заңның үзінділері Я. Гавердовскийдің, Р.Спасскийдің және А.Левшиннің жазбалары арқылы бізге жетті.

Бұқар жырау ерекше құрмет пен беделге Абылай хан билік құрып тұрған кезде ие болды. Абылай таққа отырған кезде, ол ел арасына атағы жайылған ақын, дуалы ауыз би, едәуір жасқа келіп қалған егде адам болды. Замандастарының айтуынша, Абылай қатаң мінезді, шапшаң, әрі аямай жаза кесетін адам болған. Ханның бас идеологы болған Бұқар үш жүзді басқару ісінде және түрлі дау-шарды шешу кезінде Абылайға елеулі ықпал жасап, көмек беріп отырды.

Абылайдың өмірі мен қызметі жөнінде жүргізілген зерттеу бұл тұлғаның көшпенділер қоғамының тарихында зор роль атқарғанын көрсетеді. Ол 1771 жылы Түркістанда “үш алашқа хан көтеріледі”. Өз мақсатын орындау жолында Абылай бірталай табысқа жетті. Ол Қазақ хандығының халықаралық беделін нығайтып, барлық көршілес жұрттармен және мемлекеттермен дипломатиялық, сауда қатынастарын қолдап отырды. Арғы тегінен көшпенді бола тұрса да ол озық желкіністерді жатырқамай, үйлер салады, егіншілікпен айналысады, ойрат және қытай тілдерін үйренеді. Абылай билік құрған жылдарда феодалдық алауыздық тыйылып, елдің экономикалық жағдайы оңала бастады. Қазақ халқының материалдық әл-ауқаты көтеріле түсті. Жоңғар басқыншылары біржола талқандалды. Орта Азия

хандықтарымен соғыстар сәтті аяқталды. Түркістан, Шымкент, Сайрам және тағы басқа қалалар қайтадан қазақтардың қолына өтті. Сондықтан, Бұқар жырау өзінің шығармаларында Абылайды жат елдіктерге қарсы күресте асқан ерлік көрсеткен батыр, халық игілігіне қамқоршы, кемеңгер көсем ретінде бейнелейді:

“Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың,
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың,
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз”.

Алайда жырау ханды оңды-солды мадақтап, оған бас ие бермейді. Кеңесін тыңдамаса өткір тілмен шенеп, дегеніне көндіріп отырады. Халық мүддесіне кереғар келетін іс-әрекет жасаған жағдайларда Абылайды өткір сынға алып:

“Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың..
Атаңды білмес құл едің..
Қай жеріңде төре едің?”-

дейді ақын.

Бұқар жыраудың ірі тұлға ретіндегі, аса үздік мемлекет қайраткері ретіндегі дара қабілеті оның шығармашылық қызметінің соңғы кезінде мейлінше айқын көрінеді.

Бірақ, аса ойшыл Бұқар қазақ халқының өмірлік мүдделері үшін оның орыс халқымен достық қатынас орнатуы қажет екендігін түсінгенімен, қазақ хандары мен сұлтандары Ресейге қарағандықтары туралы ант берісімен-ақ патша үкіметі өзінің түпкі мақсаты – отарлау саясатын жүзеге асыруға кірісті. Қазақ даласының көптеген жерлеріне патша үкіметі қамал, бекіністер салғызып, тез меңгере бастады. Мемлекет қайраткері, дипломат Бұқар жырау бекініс шептері мен қорғандардың не үшін салынып жатқанын бірден сезеді. Осыған орай, Ұлытау, Созақ, Қарқаралы, Ақмола, Баянауыл, Қызылтау, тағы басқалар секілді талай жер-сулардан сән кетіп, олардың біріне қала салынса, екіншісіне қорған соғылғанын немесе үшіншісі қалың қолдың тұрағына айналғанын қарт жырау қамыға жырлайды.

Бұқар жыраудың қарапайым адамдар қатарынан дана деңгейіне көтерілуінің дара дарындылығы неде? Ежелден белгілі қағидаларды қайталамай-ақ мынадай ақиқатты еске

сала кетуге болады: тамыры тереңге тартқан ұлттық құнардан шыққан ақын өз халқына және басқаларға да шексіз қадірлі болатыны ақиқат.

Қазір республикамыз тарихи алмағайып жағдайды бастан кешіруде. Нарықтық қатынастарға кінәратсыз, тезірек қалай жол табу керек? Заманнан қилы нақты көріністері шоғырланған осы сауалдарға жауап жайында толғанғанда адамның өмірде алатын орны, мақсат-мәні, өлім мен өмір хақында, адамның бақыты мен өркені, тіршілік мұраты жөнінде мәңгі таусылмайтын сауалдар да көлденеңдей береді. Осылардың бәріне Бұқар жыраудың шығармаларынан табылған жауаптар біздің санамыздың шөлін басып қана қоймайды, адамды күнделікті күйбеңнен асқақтата жоғары көтереді, сенім мен үмітті маздатады.

Бұқардың бізге жеткен шығармалары өткен ғасырдың екінші жартысы, үстіміздегі ғасырдың бас кезінде негізінен ел аузынан жазылып алынған. Ақынның шығармаларын жинауда ерекше еңбек сіңірген адамның бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. “Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нухтың өмірі, Аюбтың сабыры... Аплатонның ақылы керек”, - деген екен Мәшһүр.

Осы орайда таяу арада Бұқар жыраудың Қытай архивінен отыз алты толғауының табылуын иісі қазақтың мәдени-рухани өміріндегі зор қуаныш, елеулі жаңалық деуге болады. Бұл жағдай бабамыздың әлі де болса халыққа жетіп болмаған құнды еңбектері, ескерусіз қалған елеулі мұрасы бар екеніне еш күмән туғызбайды.

Ендеше, келер ұрпаққа данышпан да кемеңгер бабамызды қызыл тілдің құдіретін жеріне жеткізіп айта да, жырлай да, толғай да білген көреген қоғам қайраткері ретінде таныта білу біздің үлкен борышымыз.

“Кенесары, Наурызбай
Атағы шықты аңқылдап.
Жауды үркітіп, қашырды,
Ақ алмастай жарқылдап.
Зәресін алды дұшпанның,
Найзағайдай шартылдап”.

(Нысанбай жырау)

“ҚАНАРЫ ҚАРА ДАУЫЛДАЙ...”

Кеңес өкіметі заманында бірнеше ұрпақ “измдердің” атына қақталып, түтініне ысталып Абылай, Кенесарыдай ұлы хандарынан, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар жырау сияқты данагөйлерінен, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Ағыбай, Райымбек, Малайсары, Жәнібек, Баян, Наурызбай сынды қол бастаған сайыпқыран батыр бабаларынан көз жазып қалғаны, расында да, бір замандарда қазақ атты елі үшін жанын кешіп жауды қуған ерлерді елі ұмытқандай әсер туғызғаны анық болатын. Бірақ соның бәрі тек әсер ғана еді.

Ал халқымыз небір қилы замандарды бастан кешіп, тауқымет, тақсіреттің сұрапыл не бір дауылдарын бастан өткерген күндерде де бұрынғы өткен ұлы бабаларын жүрек түкпірінде сақтай білді. Абылайхан да, Кенехан да, олардың қасына ерген батырлары да, данагөй билер де бертінде қызыл империя үкімімен “халық жауы” атанып, оққа тігілген Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садуақасов, Нығмет Нұрмақов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Шәкерім қажы, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров секілді арыстары да ұмытылған жоқ.

Ата-бабаларымыздың көп өмірі батыстан да, шығыстан да, оңтүстіктен де, солтүстіктен де қаруын кезеніп келген басқыншылармен арпалыста өткені баршаға аян. Осындай тарихтың қысылтаяң бір бұрылысында жаулар қоршауында қалған Кіші жүз қазақтары орыс империясының боданы болуға келісті. Қазақтармен одақ емес, олардың бодан болуын ғана талап еткен Ресей Еділ мен Жайық аралығындағы жерлерді жаулап алып, қазақ даласының батысынан бастап шығысына дейінгі аралыққа өзінің әскери бекіністерін сала бастады. Бара-бара қармағына түсіп қалған қазақтарға орыс

патшалығы “берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан” деген қокан-лоққыға көшті. Патшаның зорлығы мен қорлығы Кіші жүз Қайырлы ақын жырларында былай бейнеленген:

“Айқайдан қашқан ақ бөкен,
Қашып қайда құтылар,
Қарулы қақпан жатқан соң?!.
Жылқыдан шыққан қашаған,
Қашып қайда құтылар,
Мойынына бұғау батқан соң ?!”

Кіші жүз ханы Әбілхайыр мен орыс патшасы Анна Иоанновна арасында 1731 жылы жасаған келісімнен соң ілешала орыс әкімшілігі қазақ бодандығын мәңгілікке айналдыруға бағытталған Ор өзенінің бойында тағы бір бекініс салуға кірісті. Қазақ елінің басына “Еділді алды - елді алды, Есілді алды - жерді алды” (Шортанбай), “Еділді кәпір алғаны, Етекке қолды салғаны” (Мұрат), “Еділ, Жайық екі су, Ел қонуға тар болды” (Әбубәкір) деген қилы заман туды.

Ресей отаршылдарының қазақ даласына сұғына кіріп, қала-қамал салдыра бастағанын қырсықтың зоры деп түсінген, өз жерінің отарлану тақсіретін мөлдіретіп айтқан ғұлама Бұқар жырау. Ұлы кемеңгер тәуелсіздіктен айрылу барлық пәленің басы деп санады:

“...Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды-май жағар мұртына.
Жемқорларға жем беріп,
Азды көпке теңгеріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке алар барыңды.
Еліңді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан,
Тексізді төрге шығарып,
Басыңа ол күн туғанда
Теңдік тимес қолыңнан...”

Ғасырларға созылған Ресей отаршылдығының тәжірибесі бұл сөздердің ақиқаттығына жеткізгені белгілі.

Бұл жерде ерекше айта кететін мәселе, қазақ өзінің ата-мекенін отаршыларға оп-оңай бере салған жоқ. Шамасы келгенше қарсыласып, кіндік қаны тамған жерлерін қорғап бақты. Сол жолда талай азамат құрбан болып, талай ару жесір, талай сәби жетім қалды. Солардың бірі бұдан 160 жыл бұрын қазақтың ұлы даласына араны ашыла ұмтылған Ресей империясының отарлау саясатына қарсы тұрып, үш жүздің баласын қасиетті ұлт-азаттық көтерілісіне бастап шыққан айбынды хан Кене.

Ұлы қолбасшы Кенесары Қасымұлы аумалы-төкпелі заманда қазақ елін алпауыт аузынан аман алып қалам ба деген қаһармандық тілекпен 1837 жылдың көктемінде ұлт-азаттық көтеріліске жетекшілік етті. Шіркін, қызыл судай жайылған қазақ елінің еркіндік аңсаған қозғалысы сең бұзылғандай серпініп еді! Бірақ жауын жасқап, өзін асқақ ұстай білген ардагер азамат өмірінің қарама-қайшылықтарға толы жорық жолдары, қиян-кескі күресі кейінгі ұрпаққа көмескіленіп жетті. Хан Кене бастаған отаршылдыққа қарсы “ақ патшаны” абыржытқан он жыл бойы көтеріліс сипаты бұрындары “реакцияшыл”, “буржуазиялық-ұлтшылдық” саналып, кері насихатталып келді. Мұның өзі қаншама жыл бойы қалың жұртты шынайы тарихтан алыстатты. Тек бүгінде ғана ұлы мұрат жолында қанды жорық жасап, халықтың ұлттық батыры ретінде тарих бетінде қалған қазақтың соңғы ханының есімі мен ерлігі жөніндегі шындық халқымен қайта табысу үстінде.

Аруақты Абылай ханның өз кіндігінен отыз ұл қалған. Солардың ішінен кәрі тарихтың ең көп білетіні Уәли мен Қасым.

Қасым төре 1764 мешін жылы Абылай ханның Ақ Ордасында дүниеге келді. Анасы қалмақ қызы – Топыш сұлу. Абылайдың отыз ұлының ішіндегі ең хас батыры да, елі үшін құрбан болғаны да осы Қасым төре.

Қасымның балалары да өзіне тартқан кілең көкжал һәм елім деп еңіреп өткен ерлер болды. Бәйбішесі Қанттан: Есенгелді мен Саржан; екінші әйелі Бибиден: Кенесары, Құдайменде, Әбілғазы, Уақ, Шуақ, Сапақбай және Бопай, Бопан, Бопыш атты үш қыз; үшінші әйелі Асылтастан (Бибидің туған сіңілісі) жалғыз Наурызбай. Кенесары 1802 жылы бұрынғы Көкшетау облысының “Көкшетау” деген жерінде туған. Ол дүниеге келгенде тым кішкентай болыпты.

Сондықтан Шоқай би оның атын “Кенесары” қойыпты.

Абылай хан дүниеден өткеннен кейін қайран қазекем тағы да алтыбақан алауыздылығына бағып, ел билігіне ие сұлтандар, билер мен батырлар әрқайсысы әр жаққа тартып, іштен ірі бастаған-ды. Қазақ еліне қорқаулықпен көз қадап отырған патшалық Ресей бұл жағдайды қапысыз пайдалана білді. Бірді бірге айдап салды, бөліп-бөліп бір-бірлеп қан шеңгеліне қыса берді.

Осынау обыр жауға қарсы қару көтеріп Қасым төре шықты. Амал не, қайқы қылыш, сары садақ зеңбірек пен мылтыққа төтеп бере алатын ерліктің дәурені өтіп кеткен. Қасым төре әкесі Абылай алтынды Ақ Ордасын тіккен қасиетті Көкшетауынан ығысып, өз қол астына қараған елден 40 мың үйді бастап Қоқан езгісіндегі Ұлы жүз жеріне ауды. Ондағы үміті – діні бір, түбі сонау ер түріктен тараған қандасымыз Қоқан ханымен ынтымақтасу, сөйтіп білек біріктіріп “ақ патша” жіберген жендеттеріне тойтарыс беру болатын. Амал не, үміті жер соқтырып кетті. Зұлым Қоқан ханы ақ пейілге қара ниетпен қарады. Әуелі Есенгелді мен Саржанды аярлықпен алдап торға түсіріп, басын алды. Келер жылы дәл осындай опасыз зұлымдық Қасым төренің өз басына да жасалды. Есіл ер қапыда қаза тапқан бұл қайырсыз уақыт – 1836 жылы болатын. Бұл Кенесарының патшалық отарлау саясатының түп-төркінін әбден түсінген кезі еді. Орыс-қазақ отрядтары даланы қанға бояған 1826-1827, 1830-1832 және 1836 жылдар оқиғасы, мұнымен қоса 1837 жылы бір емес екі бірдей өткен қырғын сабақтары көкірегінде зерде нұры, сана сәулесі бар жасты ерте есейтпеуі де мүмкін емес еді.

Атақты ғалымымыз Е.Бекмаханов Кенесарының Саржан жасақтары қатарында 1825 жылдың өзінде-ақ ел қорғау ісіне қатынаса бастағандығы туралы архив деректерінен мәлімет келтіреді. Кейінгі жылдары ол өзінің бүкіл дипломатиялық әрекетін қазақ даласындағы патшаның әскери-әкімшілік жүйесін жоюға бағыттады. Кенесары сұлтанның әрекеті іс жүзінде бодан болған қазақ халқының басын біріктіріп, ұлттық мемлекетті сақтап қалу жолындағы ең соңғы әрекет еді. Сондықтан Кенесары Қасымұлының көтерілісі ХІХ ғасырдағы бүкіл Қазақстанды қамтыды. Көтерілістің әр кезеңдерінде сұлтанды Арғын, Қыпшақ, Керей, Төртқара, Жағалбайлы, Бағаналы, Табын, Тана және басқа ірі рулар қолдап отырды.

Кенесары игі-жақсылардан, билерден өзін хан тануын талап етті. Бұл әрине, бытырап жатқан елдің басын қосып, бір мемлекет жасау мақсатынан туған батыл шешім, нар тәуекел қадам нышаны екені айқын еді. Ақыры 1841 жылы үш жүзден жиналған жамағат Кенесарыны ақ киізге салып, бүкіл қазақ елінің ханы етіп сайлады.

Хан Кене қол астындағы әскерлерін мыңдық, жүздіктерге бөліп, оларға мыңбасы, жүзбасылар тағайындады. Кенесары әскерлерінің жеке отрядтарын басқарғандар арасында үш қазақ жүзінің халық арасында есімдері белгілі батырларын кездестіреміз: Ағыбай, Иман, Жоламан, Бұхарбай, Мәнжі, Бұғыбай, Жеке батыр, Бәйсейіт, Сұраншы, т.б. Кенесарының інілері Наурызбай мен Әбілғазы, қарындасы Болай көтеріліске белсене қатысты.

Көтерілісшілер қатарында әр түрлі ұлттардың өкілдері болды: қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікпен, т.б. Қолбасшының "патша үкіметі кесіп алған жерлерді қайтарып аламыз" деген ұранына сенген шаруалар тобы Кенесары Қасымұлын қорғады. Езілген үш жүздің еңбекшілерінің осы саяси арпалысқа қатысуы қозғалысқа, оның басты мақсаттарына ұлт-азаттық сипат берді. Көтерілістің ұлт-азаттық сипатын Стенфорд университетінің профессоры, америкалық зерттеуші Марта Брилл Олкотт өзінің "Казахи" деген кітабында былай деп көрсетті: "Совет тарихшыларының кінә тағуына қарамастан, Кенесары халық бұқарасына сүйенді, оның қозғалысы сол кезеңде өмір сүрген бүкіл ордалықтар мен қазақ қоғамының барлық бөліктерінің орыстарға бірігіп қарсыласқан соңғы әрекеті болды".

Әлихан Бөкейхановтың айтуынша, халық арасындағы аңыздарда Кенесарының даңқы ұлы атасы Абылайдан да асып түсіп отыруы, елді бір мемлекетке біріктіру мен оны сақтау саясатына байланысты болса керек. "Жолыңа, міне басым, міне жаным", – деп, киіздің үстінде Алланың кітабы "Құранды" кеудесіне басып, Хан Кене бүкіл халайық қауымға ант берсе, кейін осы сертінде тастүйін болып қалғаны тарихтан белгілі. Кенесарының қолбасшылық өнеріне таңқалған орыстың ұлы жағрафияшысы П.П.Семенов-Тяньшанский К.Қасымовты "қырғыз (қазақ) халқының Митридаты" десе, 1872 жылы Орынбор әскери училищесінің тыңдаушыларының алдында оқытылған арнайы лекциясында В.Потто көтерілістің көсемін "жеңімпаз хан, қырғыздың

Шәмілі “ деп баға берді. Тарихшы Е.Т.Смирнов Кенесарыны сипаттай келіп, былай деп жазды: “Иықтарында полковник погондары бар әдемі барқыт бешпет киген, артында ту ұстаушысы бар ол өз жасағының алдында шауып отырды”.

Хан Кененің Сарыарқадан кететін ойы жоқ еді. Бірақ жер-дүниені алып, қаптаған патша әскері азаймады. Күн сайын көбейе берді, зеңбірегін сүйретіп Кенесары – Наурызбайдың соңынан қалмады. Қазақтың Көкшетау, Есіл, Нұра, Баянауыл, Қарқаралы сияқты жақсы жерлерін тартып алды, мал-мүлкін талады, қатын-балаларын тұтқындады. Ақырында 1846 жылы Кенесары Ұлы жүзге қоныс аударып, Жетісуға келіп тоқтады. Өттең, сол уақытта бүкіл қазақ бір атаның баласындай тілектес болып, Кенесарының туының астына жиналғанда мәселе басқаша болар ма еді? Амал не бірікпеді. Ел іші іріген сүттей бұзылды. Халық үшін туған хан амалсыз қонысынан аумақ болды. Сол бір ауыр күндерде Кенесарыға еріп, елмен бірге басынан кешірген Досқожа жыраудың атамекен қоныспен, туған жермен қоштасып айтқан зарлы толғауының бір үзіндісі мынандай:

“Көреміз бе Есілдің,
Көкорай тартқан өзенін ...
Артымда қалып барасың.
Бастары қамал тауларым, -
Арасы бие бауларым.
Кетем деген есте жоқ,
Кетірді дұшпан жауларым”.

Кенесары - Наурызбайды Жетісу елі өте жақсы қабылдады. Көп батырлар мен байлар, би-болыстар олардың қасына топталды. Осы арада Хан Кене Ұлы жүздің халқын біріктіруді, қырғыздармен жасақ құрып Қоқан хандығына шабуыл жасауды, сөйтіп оның қол астындағы қазақтарды босатуды көздеді. Ұлы жүздің батырлары Тайшыбек, Саурық, Сұраншы, Кенесарының, оның Қоқан бекеттеріне қарсы күресін барынша қолдады. Кенесарының күші қырғыз манаптарының иеліктеріне жақындады.

Бұл тұста патша әкімшілігі қырғыз манаптарының және патшаға адал болып жүрген қазақтың бай-шонжарларының басын қосып, Кенесарының төңірегіне тор құрып үлгерген еді. 1847 жылдың көктемінде Қырғыз жеріне бет алған Хан Кене Кекілік – Сеңгір тауының етегіндегі Майтөбе деген жерде үш жақтан қоршалған қайырымсыз қатал қамауға түсті.

Ұлы қолбасшының қолы өзінен он есе басым жаумен үш күн бойы соғысты. Талай боздақтар осы шайқаста жан тәсілім қылды.

Сұлтан Рүстем мен Сыпатай бидің он екі мың жауынгерлерімен ұрыстың қарсаңында Кенесарыдан бөлініп кетуі қазақ жасағының жеңілісіне әсер етті. Тек үлкен ерлікпен жау шебін бұзып шыққан Наурызбай мен Ағыбай тобы болды. Бірақ аз ғана адаммен Кенесарының жау қолына түскенін естіген Наурызбай:

“Аққу - құстың төресі,
жалғыз жатып оттамас”, -

деп өзінің жалғыз қалып Кенесарысыз өмір сүре алмайтынына зарланды. Ақыры күйікке шыдай алмай Наурызбай жау әскеріне өз еркімен келіп берілді. Патша әкімдерінің кеңесімен қырғыз манаптары екі батырдың басын шапты. Сөйтіп аққу ұшып, қаз қонған айдын көлдің тұнығы шайқалмаса екен, түгін тартса майы шығатын көкорай өлкенің шалғыны жапырылмаса екен деген ниет жолындағы жанқиярлық айқас, амал не, қайғылы аяқталды.

Жеңіс туын жоғары ұстауға сан қилы себептер мұрша бермеді. Жамбыл жырау сөзімен айтқанда: “Кенесары жағадан алған жаудан жеңілетін ер ме еді? Ол етектен алған “иттерден” жеңілді ғой”. Кезінде айтыста алдына жан салмаған Сүйінбай жырау қырғыз ақыны Қатағанмен сайысқанда:

“Кенесары – Наурызбай,
Қаһары қара дауылдай,
Наурызбай тірі жүргенде
Дұшпанның кеткен мазасы.
Шек келтіретін өлімге,
Кәпір болдың, Қатаған.
Ол құдайдың қазасы,
Қатаған, сенің мініңді,
Бастан-аяқ терейін.
Аққу құстай ұшайын,
Аяғыңды тұсайын”, -

деп толғады. Бұл арада Сүйінбайдай аса зерек ақынның Кенесары – Наурызбайдың “қазақ” деп соққан үлкен жүрегін нәзік түсінгені сүйсіндіреді.

Кенесарының шексіз ерлігіне қайран қалған “Түркістан тарихының” авторы Н. Павлов: “Кенесары өзінің бітім –

болмысында қажымайтын-талмайтын дала батырларының типіне жатады: ол, тегі, аса ірі дарынның адамы болса керек. Дала перзенттерінің жыртқыштық бостандығын сақтап қалу Кенесарының ұраны болды. Кенесарының өзінің ақтық демі біткенше Ресейдің қас жауы болса да, мен оны “ түздің соңғы батыры” деп атасам, өз отанымның алдында күнә жасадым дей алмаймын”, – деген әділ пікірін айтты.

Ия, қазақ тарихындағы ең соңғы Хан туралы Мағжан Жұмабаев өзінің “Оқжетпес” дастанында:

- Арқада Бурабайдай жер болмайды,

Алашта Кенекемдей ер болмайды-

деп тегіннен-тегін жазбаған. “Кенесары тұсында қарт бурадай жарадық, жауды жасқап жапырып, жауған қардай борадық, дұшпанның алдын орадық, Кене ханнан айырылып, шіл боғындай тарадық, көрінгеннен қорғалап кісі аузына қарадық...”-деп Нысанбай жырау айтқандай, Кенесары мен Наурызбай өлгеннен кейін ұлт-азаттық қозғалысы басылып, бостандыққа деген үміт үзіліп, қазақ жерін қайтадан қара түнек жайлады.

Тек бүгінде заман өзгерді, кері саясат өзін-өзі жойды. Енді осы мүмкіндікті, қан төгілмей келген тәуелсіздігімізді қолдан босатып алмайық, ағайындар. Олай дейтінім, өткен күнді әлі де болса аңсап, артқа қарайлайтындар аз емес. Ондайларға айтатыным, жалтақтап жан-жағымызға қарайлай беруді қоятын кез келген шығар. Халқымызға жаны ашитын зиялы азаматтардың бұдан бір шама бұрын “Оян, қазақ!” деп жар салғанын бүгінде бәріміз біліп отырмыз. Өкінішке орай, ғасырлар бойғы ұйқымыздан оянып, ілгері басып жатқандарымыз саусақпен санарлықтай ғана. Бірақ әлі де кеш болмас. Өйткені Хан Абылай, Кенехан мәселесі бір күннің, бір жылдың ішінде шешіп тастайтын оп-оңай іс емес. Бұл - әрбірден соң, бір аймақ емес, егеменді ел болудың аса қиын да мәртебелі даңғылына шыққан тұтас Қазақ мемлекетінің ертеңгі күнімен қаралатын мәселе. Былайша айтқанда, Абылай Хан мен Кенесары Хан елдіктің, бірліктің, тәуелсіздіктің биік тұғырда желбіреген Туы, соның мәңгі өшпес белгісі боп әрқайсымыздың, ісі қазақ баласының сана-түйсігінде берік қалыптасуы тиіс.

“Ерлік – аяулы қасиет,
соның арқасында адамдар
қауіп- қатер үстінде тамаша
істер істейді”.

(Аристотель)

КЕНЕСАРЫНЫҢ ЖАУФА ШАПҚАН БІР БАТЫРЫ

“Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген”, - деп ақиық ақын Жұбан Молдағалиев айтқандай, талай ауыр кезеңдерді басынан өткерген қазақ халқы шынында мың өліп, мың тірілді. Әсіресе, XVIII ғасырдан бастап орыс патшалығы аса бай қазақ жеріне тұмсығы іліге-ақ жергілікті халықты қырып-жою, байлықты басып қалу саясатын ашық ұстады. Тек бүгінде, еліміз егемендік алғанда ғана, патшаның отаршылдық саясатына наразылық білдірген қолбасшы, батырларды дәріптеп, елі үшін қаза болған, халық үшін туған қайратты ерлерді мадақтап, олардың іс-әрекетін мысалға келтіріп, алға тартатын уақыт туды.

Жері үшін ажалға қарсы шыққан, елдің елдігі мен еркіндігі үшін ереулі атқа ер салып, егеулі найза қолға алып қазақты орыс даласына бастаған қолбасшылар шоғырында Кенесары ханның есімі дара тұр. Патшаның отарлау саясатына қарсы бағытталған көтерілістердің ең елеулісі – осы Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс. Ондаған жылдар бойы лапылдаған қозғалыстың басты мақсаты - қазақ елін Ресей империясының қанды шеңгелінен босатып алу, бас азаттық үшін күрес еді.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысына елінің болашағын ойлаған игі жақсы азаматтың көбі қосылған. Кенесарының қасында Наурызбай, Шұбыртпалы Ағыбай, Бұқарбай, Иман, Әліке, Базар, Жанайдар, Ханқожа тәрізді ісі аңызға айналған батырлар болған. “Ер есімі – ел есінде” демекші, халықтың күрескерлік тарихында өшпес із қалдырған батырлар жайлы аңыз-әңгімелер ел ішінде жетерліктей. Мен де Кенесары батырдың серігі болған ержүрек бабам Мәнжі туралы әңгімемді оқырманның назарына ұсынбақпын.

Ел аузындағы деректерге қарағанда және өз әкемнің айтуынша, бірде Кенесары Нұра өзенінің бойына тоқтап, жасағын жүздіктерге, мыңдықтарға бөліп, әртүрлі ұрыс

тәсілдерінен жаттығулар жүргізеді. Сол маңда біздің бабамыздың жайлауы отыр екен. Мәнжі өз еркімен сол жасаққа барып қосылған. Бұл кезде ол кісі 22-23 жастағы уыздай жас жігіт екен. Кенесары батыр Мәнжінің түр-тұлғасына, жүріс-тұрысына қызығады. Өйткені Мәнжі жас күнінен садақ тартып, найзаласуға, жекпе-жекке шығуға машықтанады. Сөйтіп, ат құлағында ойнап өседі. Кенесары жорыққа аттанғанда жас батырды өзімен бірге ала кетеді. Сарбаз Мәнжіні өзіне сенімді серігім деп таныған. Ер бабамыз біраз жорықтарға қатысқан. Талай шайқастарда көзге түскен Мәнжі көп ұзамай жүз басы болып тағайындалады. Ерліктері үшін риза болған Кенесары Мәнжі еліне қайтарда екі айғыр үйір жылқы берген екен. Мәнжіні Арқа жұртшылығы, оның ішінде Қареке – Мұрат рулары көзі тірісінде де, қайтыс болған соң да қадір тұтып, зор құрмет көрсеткен екен. Бұқаржырау ауданының “Қаражар” совхозының бір бөлімшесі бабамыздың есімімен аталған. Картада ол бөлімше бүгінде “Манжино” деп жазылады. Еркіндікке талпынған, азаттықты аңсаған, ержүрек күрескер болған Мәнжі бабамыз 96 жасында дүниеден өткен. Батыр Мәнжі Күржікейұлы 1815-1911 жылдар аралығында өмір сүрген. Ұзақ өмір сүруіне өне бойы ат үстінде, шайқаста жүргені себеп болғанға ұқсайды. Енді батыр Мәнжі қай рудан тарайтынына тоқтала кетейік, өйткені халқымызда “Жеті атасын білмеген жетесіз” деген аталы сөз бар. Ата тегін білмеген кешегісін білмейді, өткенін байыптамаған – ертеңін ойламайды. Сол үшін тарихымызды жастарға жан-жақты ұғындыруымыз керек. Ру, тайпалардың өрбуін ұрпақтан-ұрпаққа ұластырып, жеткізіп тұратын шежіре тарқату салты мәдениетті елдердің бәрінде бар. Шежіреге ерекше көңіл аударатын халықтардың қатарына өзіміздің қазақтар да жатады. Алайда көп уақыттар бойы жазу-сызуымыздың кенже қалуы салдарынан олар негізінен ауызша түрде ұрпақтан-ұрпаққа алмасып отырды.

Жоғарыда айтқандай, Қазақтар үш жүзден: Ұлы, Орта және Кіші жүзден тұратынын жақсы білеміз. Орта жүзге Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Уақ, Керей тайпалары кіреді.

Мәнжінің руы - Қареке. Қарекеден үш Бұра: Тоқбұра, Ақбұра, Байбұра тарайды. Тоқбұрадан тоғыз, Ақбұрадан алтау, ал Байбұрадан жалғыз Есенаман бай туады. Есенаманнан Асан, Асаннан Күржікей, Күржікейден батыр Мәнжі. Мәнжіден төрт ұл тараған. Олардың есімдері Жәментік, Шәуе,

Қара, Ырыспек.

Міне, менің Мәнжі бабамыздың батырлық ісі жайлы естіп-білгендерім, ойға түйгендерім осы. Өз ойымша, батыр Мәнжі сияқты басқа да Арқа ардақтарын еске алып, біздің өңірдің қалың елі ұмытып бара жатқан ардагер азаматтарының ізгі істерін жаңғыртып айтып, есімдері мен істерін қастерлеп еске аларлықтай келелі әңгімелер қозғалса, мұның өзі аталар мен бабалар алдындағы ұрпақтар парызын өтеу жайындағы аса бір ізгі іс болып шығар еді ғой.

Елін қорғаған батырларымыздың игі істері мәңгі жасамас. Ал біздің мақсатымыз сонау қилы замандарда елі үшін күрескен батыр бабаларымыздың есімін паш ету ғана.

“Шешеннің ең ұлы қасиеті –
қажет нәрсені ғана айту емес,
сонымен бірге қажеті жоқ
нәрсені айтпау”.

(Цицерон)

АСЫЛ СӨЗДІҢ БҰЛБҰЛЫ, АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ДҮЛДІЛІ

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған қымбат әдеби қазыналарын жыршылармен қатар ақындар да сақтап келген. Ал, қазақ тұрмысының жағдайында, жазба әдебиет тұрмаған кезде “ақын” деген атақ әперетін ең басты жанр “айтыс” болған. Ақын өзінің ақындық күшін көп алдында танытуы керек. Сондықтан ол ақындығын жарыстырып, көптің сынына түседі. Егер осы жарыста көптің сынына толса, оған көпшілік ақындық атақ тағады да, сынға толмаса ақын деп танымайды.

Айтыс жанрынан ең көп сақталған сала - XIX ғасырдағы айтыстар. XIX ғасырдың ар жағындағы айтыстар қазіргі заманға өте аз жеткен және халық фольклорына айналып, шығарушы ақыны ұмытылған айтыстар. Ал, өткен ғасырдың айтыстарын жасаушы ақындардың көпшілігі тарихқа мәлім. Мәселен: Шөже, Шортанбай, Серәлі, Арыстанбай, Тоғжан, Сақау, Марабай, Кемпірбай, Тезекбай, Түбек, Құлтума, Жанақ, Әсет, Майкөт, Құлмамбет, Мұрат, Сүйімбай, Ыбырай, Біржан сал, Жарылғасын, Ақан сері, Нұрғожа, Жамбыл т.б. Солардың ішінде ана тіліміздің байлығын айтыс өнерінде өте шебер пайдаланған, сөздің інжу-маржанынан өнеріміздің өңіріне асыл алқа таққан, сөйтіп ұлттық мәдениетімізге сүбелі үлес қосқан, артына өлмес мұра қалдырған алыптарының бірі - Орынбай Бертағыұлы.

Ақынның туған жері - Ақмола облысының Айыртау ауданы. Руы - Қарауыл, оның ішінде - Қарт, Қарттың ішінде - Көлдей. Орынбайдың туған жылы мен дүниеден қайтқан жылдары, әкесі мен атасының аты-жөні туралы деректер оқулықтар мен арнайы басылымдарда әртүрлі басылып жүр. Мәселен, кейбір басылымдарда атақты ақын 1818 жылы туған да, ал қайтқан уақыты 1897 жыл деп көрсетілген. Сібір мен Қазақстанда айдауда болған поляк зерттеушісі А.Янушкевич (1803-1857) жазып қалдырған кітабы 1966 жылы орыс

тіліне аударылып басылды. Онда Орынбай жөнінде бірсыпыра мағлұмат бар. А.Янушкевичтің айтуынша, 1846 жылы Орынбай 30 жаста болады, демек ол 1816 жылы туған. “Қазақ Совет энциклопедиясының” сегізінші томында (Алматы, 1976 жыл, 584-ші бет) және “Бес ғасыр жырлайды” (Алматы, 1984 жыл, екінші том, 57-ші бет) жинағында Орынбай 1813 жылы туып, 1891 жылы қайтыс болған деп көрсетілген. Соңғы дәлелді деректерге қарағанда ол 1814 жылы туып, 1891 жылы қайтыс болған. Орынбайдың ата-тегін әр зерттеуші әртүрлі атап жүр. Мысалы, Х.Сүйіншіәлиев “Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері” (Алматы, 1968 жыл) кітабында Орынбай Кертағұлы деп атайды. Сондай-ақ “XIX ғасыр әдебиеті” мен “Қазақ әдебиеті XVIII ғасырларда” атты оқулықтарда Орынбай Кертағұлы болып жазылған. Ал, “Қазақ Совет энциклопедиясы” мен “Бес ғасыр жырлайды” жинағында Бертағұлы деп береді. “XIX ғасырдағы қазақ ақындары” (Алматы, 1988 жыл, 88-89-шы беттер) кітабында Орынбай Байқожаұлы деп көрсеткен. Дұрысында ақынның әкесінің аты - Байқожа, ал атасының аты - Бертағы. Атасы азан шақырып атын Орынбай қойған екен.

1991 жылы шыққан “Қазақ КСР-ның қысқаша энциклопедиясының” төртінші томында “Орынбайдың әкесі де, атасы да, ақын, жыршы болған” делінген. Бұл деректер Орынбай мен Арыстанбайдың айтысында да келтірілген (“Айтыс”, екінші том, 274-ші бет, Алматы, 1986 жыл):

Ол рас, әкем ақын,
әкемнің жолын қудым,
Өлеңменен топ сайын
бетім жудым, -

дейді ақын.

Орынбайдың әкесі мен атасының ақын болғандығын А.Янушкевич те айтады. Өзінің кітабында, “Қазақ даласына жасаған саяхатының күнделіктері мен хаттарында” (Алматы, 1966 жыл) ол былай деп жазған: “Бізде өлеңші Орынбай болды. Мен оның неше жаста екенін, неше жасынан бері өлең айта бастағанын сұрадым. “Отыз жастамын, он жасымнан өлең айтамын” деп жауап берді. Оның атасы мен әкесі халық өлеңшісі болыпты”.

“Тұлпар болар құлынның мүшесінен танылғы, кісі болар баланың кісесінен танылғы” деген емес пе, атасы Бертағыға тартып туған затын Орынбай ес білгеннен-ақ танытады. Ол

бес жасынан ауылда ескіше оқып, сауатын ашады. Сол кезден-ақ оның бойында халық әдебиетіне деген сүйіспеншілік ояна бастайды. Ел аузында мынадай аңыз сақталыпты. Орынбай тоғыз жасында шырт ұйқыда жатқан жерінен өлеңдетіп шошып оянады. Баласынан үлкен үміт күткен анасы оны атақты Шал ақынның батасын алуға апарды.

Әйгілі қарт ақын "Өлең айт" дегенде біраз тосырқап қалған Орынбай кейін:

Баласы Бертағының Орынбаймын,
Алдымда ақын бар деп қорсынбаймын.
Мойнында әр адамның қырық парыз,
Өлеңмен парызымды орындаймын, -

деп жырлап кетеді. Таңданған Шал ақын: "Атығай-Қарауылдың ақырғы ақыны қашан келеді деп едім, бәсе, сол сен болдың ғой", - деп сүйсініпті.

Орынбай 13-14 жасынан-ақ ақын бала атана бастайды. Ал, ер жетіп, Арқаның ақындық миуалы мектебінен дәріс ала, өнерін сынға салып кемелдене келе айтулы сөз шебері дәрежесінен тұлға көрсеткен Шөже, Арыстанбай, Тезекбай, Жанак, Түбек, Шортанбай, Дана, Серәлі, Сақау, Тоғжан, Құлтума сынды шашасына шаң жұқпас шаңқан боздарымен өнер жарысына төтелей қосылды.

Білген адамдардың айтуына қарағанда ол әр кездегі жиындарда жүзден астам ақынды жеңген. Солардың ішінде Арыстанбай Тобылбайұлы, Серәлі Еруәліұлы, Шортанбай Қанайұлы, Түбек Байқошқарұлы, Сақау Мәукеұлы секілді айтыстың ақиық жүйріктерімен айтысқа түсіп, оларды жеңіп отыруы Орынбай талантының серпінді күшін, хас жүйріктігін айғақтайды. Соның арқасында Бас ақын абыройын алғаны да бар. Тек Шөже Қаржаубайұлымен ғана жеңісе алмаған, тең түскен. Бірде Орынбай ел ағасы Шабардың Өнәпиясына: "Біз Шөже екеуміз бір-бірімізді жеңе алмай, итжығыс түсіп жүрміз. Ауып келген Шөженің шашпауын көтеруді қойып, екеумізді еркін айтыстырып, бірімізді жеңді дейтін етіңдер" депті. Бір жиында Шөженің үстіне Орынбайды әдейі шақыртыпты. Екеуі сарт та сұрт айтыса кетіпті. Айтыстың соңында Орынбай :

Сұранып кімді болса мақтататын,
Тоймаған ындызы елді ақтататын,
Ісі қазақ ұлтына қосылмайсың,
Соқырдың сүрі қайда сақтататын? -

дегенде, ел ақсақалдары: “Шөже, сен тоқта, бұған сенің айтарың жоқ”, - деп тоқтатыпты. Шөже осыған өле-өлгенше өкініп жүріпті деседі.

Орынбай қартайған шағында өзінің өлеңмен өткен өмірін еске түсіріп, жиі айтып отырады екен. Ол өзінің жыршылық жолын бағалағанда, қорытқанда, Дана ақынмен кездескенін, онымен айтысып, жеңгенін өмірінің бір жақсы кезеңі, биік асуы есебінде еске алған екен. Бұл сөз сайысы Аягөзде Шаншар төренің асында болған. Оған төрелермен бірге Орынбай, Шөже, Дана, Балта сияқты белгілі ақындар да келеді. Мәжіліске А.Янушкевич, Абайдың әкесі Құнанбай, Барақ сұлтан т.б. қатынасады.

Ақындар айтысының ең соңында Найман елінен келген Дана деген ақынмен Орынбай айтысады. Қарсыласының оңайлықпен қолға түспесін сезген Дана өлеңмен он екі сұрақ берген екен. Барлығына Орынбай мүдірместен дұрыс жауабын береді. Айтысты аяғына жеткізу ниетімен Орынбай: “ендігі кезек менікі болсын”, - дейді.

Бұған қарсыласының ризалығын алғаннан кейін өлеңдетіп өз сұрағын қояды:

Мұндайда аса жүйрік бойын сақтар,
Жұртқа мәлім болғанды әркім мақтар,
Пайғамбар, мүрсәл, машайық, сахабалар,
Бас иіп бәрі келіп неге тоқтар, - дейді.

Көп ойланып, жауап таба алмаған Дана:

Жанасып жақсылармен жүре алмадым,
Қасына жақсылардың ере алмадым.
Әлімнен көп сұраған данышпаным,
Мәнісін өзің айтшы, біле алмадым, -

деп, өзінің жеңілгенін мойындайды.

Сонда Орынбай:

Әуелі сөз бастайын ағузы биллә,
Мұхаммед құдай досы, өзің қолда.
Жиырма тоғыз ғаріпсіз сабақ болмас,
Әл-хамсыз намаз болмас,
Екі жиһан саруар рәсуолла,
Бәрінің бір тоқтар жері Хұлху Алла, -

деген екен.

Осы айтыстан кейін Орынбай ақынның аты үш жүзге аян болып, белгіленген бәйгіден басқа Құнанбай алтын оқалы шапан жапса, ояз мың теңге ақшадай сыйлық берген деседі.

Бұл отырыста Орынбай өрен жүйрік ақындардың бірі атышулы Шөже Қаржаубайұлымен айтысып, оны жеңіп шығады. Бұл айтыстың бізге келіп жеткен екі түрлі варианты бар. Орынбай мен Шөженің айтысы С.Сейфуллин жинап бастырған “Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларында” (1931 жыл) келтірілген.

Орынбайдың бәйбішесі Бибатпа, балалары Омар, Оспанның айтулары арқылы жеткен дерекке қарағанда Шөже Орынбайдан бір мүшелдей үлкен екен. Бірақ әзілдері жарасқан атышулы ақтанкер бұл айтыскерлер өмірде бірін-бірі қатты құрметтеп, сыйласып өткен. Мұны айғақтайтын деректер көп. Мысалы, Орынбайдың үлкен баласы үйленгенде алыстан іздеп Шөже келеді. Сонда бұл алдынан жүгіріп шығып екеуі жылап көріседі. Орынбай Шөжені үнемі алға ұстап, құрметтей сөйлейді екен. “Ақындыққа одан асқан шебер, шешен көрмедім”, - деп өзінің одан жеңілген жерлерін айтып отыратын көрінеді. Ал, Шөже қайтыс болғандағы шығарған Орынбай толғауы ұзақ болса керек. Мынау ел есінде қалған соның жұрнағы ғана:

Бай мықты, батыр, шешен малыменен,
Ат мықты, айғыр күшті жалыменен,
Хан, сұлтан, кісі елінде жүрсең - дағы
Әркімді алсын құдай табыменен.
Балықшы байымайды көлден алған.
Ошақтың үш бұтынан бермеген соң,
Кетеді тарап-тарап желден алған.
Көгалдай көлге біткен құрақтарым,
Иіріліп тастан аққан бұлақтарым.
Құдайым Шөжені алған бізді де алар,
Сол күнде тиыш болар құлақтарың...

Орынбайдың айтыс үстіндегі үлкен бір ерекшелігі - өзі жақсы білген, терең ұғынған жайды бетке ұстап, тізгінді өз қолынан шығармауға, қарсыласының аузын аштырмауға тырысуы. Ол сөз нөсерін түйдек-түйдегімен төгіп, қара жауындай себелеп айтуға ұмтылады екен. Бұл оның жүйріктігінің, хас шеберлігінің белгісі еді. Мысалы, Серәлі Еруәліұлымен айтысында қожаны сөзбен тұқыртып, әділетсіз заманның шындығын айтады, қожалардың қалың елді алдап жүргендерін әшкерелейді:

Қожа біткен Сыр, Қуаңға барған болар,
Елді алдауға құранын алған болар.
Алты алаштың баласын қойдай сауып,

Қоржын салмақ қожадан қалған болар,-
дейді. Аңдаусызда құрулы қақпанға тап болған Серәлі аталы
сөзден тосылып тоқталады да, Орынбай жеңеді. Бірақ әйгілі
жүйрік Орынбайға қажыр-қайрат көрсетуі жас ақынның ел
ішінде аты жайылып танылуына жағдай жасайды.

Тоғжан ақынмен айтысқанда да Орынбай оның жасы
кішілігіне қарамай қапы кеткен жерін дөп басып, сөзбен
түйрейді:

Әй, Тоғжан, есерлігің, би серілігің,
Қалмайды қартайғанша есерлігің.
Ағадан амандаспақ болушы еді,
Асығып неге айтасың есендігің?

Ал, Тоғжан:

Ауылым құтты қоныстан келген көшіп,
Құдайым Орынбайға берді несіп,
Толғанып домбыраңды түзеткенше,
Мен сорлы шыдамадым ішім пысып,-

деп жауап қайтарады.

Сонда Орынбай:

Алдында жүйрік туған Орын ағаң,
Деп пе едің теңелейін, соқыр маған?
Ағадан амандаспақ болушы еді,
Фазәзіл үлкендікпен қайда барған?

деп аузын аштырмайды.

Ел арасында Орынбайдың белгілі айтыс шебері Арыс-
танбаймен кездесуі кеңірек таралған. Олардың кездесуі көп
билер жиналған үлкен жиында өтеді де, сөзді алдымен Арыс-
танбай бастайды. Айтысушы ақындардың екеуі де өте сы-
пайы. Әсіресе Арыстанбай Орынбайға "жарқыным", "Орын-
байым", "жан шырағым" деп үлкен құрметпен тіл қатады.
Сөйте тұра Орынбайға мен сен сияқты өлеңмен тілемсектеніп
жан асырамаймын, әкем би болған, сен ата тегіңнен өлең-
мен жан асырағансың деген емеурін танытады. Сонда Орын-
бай:

Білмесең қырық парыздан үйретейін.
Сөзімді өзегіңнен түйретейін.

"Би баласы би бол" деп айтып едім,

Би болмасаң бақсы бол, мен не дейін?!-

дегенде, айтысты тыңдап отырған билер бұл сөзге күліп
жіберіпті. Жеңілген жерінде Арыстанбай да абыржымай:

А, жаным, биден артық қызыл тілің,
Өлең жақтан жоқ екен ешбір мінің.
Билер сенің сөзіңе езу тартты,
Сөзің асты, сөйлей бер, жүйрік інім,-
деп парасатпен жауап береді.

Орынбайдың қаймана халық арасындағы бедел биігіне орай, оның ақындық шалымын Ш.Уәлиханов та, түрколог ғалым В.В.Радлов та, неміс Ф.Вильгельм де, поляк А.Янушкевич те, ұлы ағартушы ғалым Ы.Алтынсарин де және басқалары сол кездің өзінде-ақ аса жоғары бағалаған. Ақынның жекелеген айтыстары мен толғаулары өткен ғасырда Ы.Алтынсарин, Я.Лютш хрестоматияларында басылған, ал кейініректе Г.Потанин, С.Сейфуллин, С.Мұқанов және басқа да ғалымдардың құрастырған әдебиет жинақтарында жарияланған. Ғалымдар мен жазушылар тамаша ақынның талантын терең танып, әрқайсысы өзінше ой түйген. Мысалы, атақты ғалым, әдебиетші, тарихшы Ш.Уәлиханов Орынбайдың өлеңін айрықша ұнатып тыңдайтын болған. 1860 жылдары Шоқан Сырымбеттегі ауылына келгенде Орынбай оны өлеңмен қарсы алады. Сонда Шоқан Орынбайға: “Өлеңіңе жұрт түсінетін болсын! Араб, парсы, татар тілдерін араластырмай таза, сұлу, нағыз қазақ тілімен сөйле!” –деп ақыл берген.

Адольф Янушкевич Орынбай мен Жанақ айтысынан кейін терең ойға қалып, толғанғанын өз кітабында былай келтіреді: “...Бүгін оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жылы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады. Сонда бұлар тағы жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақрұм қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жоқ-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осынша қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласында аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады. Сормаңдай құл-құтандарды менсінбейтін Үндістан жоғары қасталары сықылды өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де орын алатын кезі келеді”. Міне, осындай ойды тудыруға себепкер болған халық әдебиетіміздің ертеден келе жатқан саласы – ақындар айтысы мен оның Орынбай ақын сияқты саңлақтары.

Орынбай шығармашылығының мол арналарының бірі –

оның арнау өлеңдері. Соның ішінде “Шыңғыс сұлтанды сынағаны”, “Бексұлтан байға”, “Бари ахунға”, “Жанқожаның Ыбырайына”, “Зілқараның Өлібегіне” деген жырлары және “Жазы бидің көңілін сұрағаны”, “Шоқан қайтыс болғанда Шыңғыс пен Зейнепке айтқан көңілі” дегендері ерекше орын алады.

Орынбай Шоқанның ғалымдығын, дара туған құбылыс екендігін тап басып таныған, ден қойған. Сондықтан 1865 жылы Шоқан дүние салғанда Орынбай өз замандасы, қадірлес те сыйлас болған Шыңғысқа баласының қазасын былай естірткен екен:

Қыршын жас, қайран Шоқан өткен бүгін,
Күйзелтіп елі - жұртын кеткен бүгін.
Аяулы жарқын жүзін еске тастап,
Дүниеден ем таба алмай өткен бүгін.
Өзелде солай жазса не істейсің,
Бұйырса тағдыр қалай бас имейсің.
Қайран жас қызғыш болған халық үшін
Қалайша қазасына күйзелмейсің.
Дүниеден кедей де өткен, сұлтан да өткен,
Шарбатын бұл өлімнің әркім күткен.
Қоймайды ажал сені тығылсаң да,
Аплатон ғалым о да қайда кеткен?!
Ақыры бұл нәубәттің көпке жетіп,
Ғұлама білгіштердің бәрі кеткен.
Алды-арты осындайға жеткеннен соң,
Бүгінде қасіретке сен де жеттің.

Бір жылы Орынбай ақын Қара Кеңгір өзенінің бойын жайлап отырған бағаналы Ерденнің аулына келеді. Бұл - Орталық Қазақстанда аға сұлтан болған атышулы Ерден Сандыбаев. Бір қызығы, Орынбайдың Ерденге барғанда айтқан өлеңі сақталып, ол Ы.Алтынсаринның 1879 жылы Орынборда басылған “Киргизская хрестоматия” деген кітабының 57-58 беттерінде келтірілген. Өлең “Орынбай ақынның Ерден батырды мақтаған сөзі” деген атпен берілген, орыс әріптерімен жазылған, көлемі 32 жол. Ақынның бұл арнау өлеңі поэтикалық күш - қуаты күшті, тілі өрнекті, әсерлі болып шыққан. Мәселен, Ерден батырды Орынбай былай суреттеген:

Ассалаумағалейкум, батыр Ерден,
Кетіп тұр бақ-дәулетің тағы керден.

Ішінде көп қарғаның бір бүркіттей
Көзіме көріндің-ау келген жерден.
Сұңқардың екі мұртың жебесіндей,
Ақылың оман дария кемесіндей.
Сұрасаң биіктігің, мен айтайын,
Күн шалған Алатаудың төбесіндей.
Орынбай, кәне, сенің шешендігің,
Көп шығар жігіттікте есерлігің...
Атығай, Қарауылдың жақсылары
Жіберді біліп кел деп есендігің.

Ы.Алтынсаринның осы кітабын 1932 жылы Сәкен Сейфуллин: “Ыбырай Алтынсары ұлының шығармалары, құрастырушы С.Сейфолла ұлы“ деген атпен (латын әріптерімен) Алматыда бастырып шығарыпты.

Орынбайдың кейбір өлең-жырлары Абай поэзиясымен үндес болып келеді. Мысалы.

Есті кісі есермен ойнамайды,
Бойы қысқа тереңге бойламайды.
Ақша берген кісіні болыс сайлап,
Ел басы ел қамын ойламайды,-

деуі осыны аңғартады.

Көңіліне көп нәрсені жастай тоқып өскен зерделі ақынның өмір жайлы айтары да, меңзері де аз емес еді:

Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған,
Сұңқар бар ма қияғы қайрылмаған.
Қашан да тағдыр-ажал жеткен күні,
Кімдермен-кімдер жылап айрылмаған.
Өлімнен үлкен жау бар ма,
Бауыры бүтін сау бар ма?
Бұлсыз берді, құнсыз алды,
Бұған қарсы дау бар ма?

Ақынның ірілі-уақты уақиғаға байланысты терең толқып айтқан салмақты сөздері қанатты сөзге де айналып кетіп отырған. Мысалы:

Бастан бұлт кетпейді күн жайланып,
Сақау озды шешеннен тіл байланып.
Тұлпардан есек озып бәйге алып жүр,
Бұл күнде заман кеткен теріс айналып,-

дейтін сөз тіркестері қатты таңғалтады. Немесе әр сөзінде салмақты мағына, салиқалы ой бар мына шумақтар:

Көкірегім дариядай шалқушы еді,

Қызыл тілім кемедей қалқушы еді.

Сөйлесем мың кісінің ортасында,

Тыңдаған қорғасындай балқушы еді,-

ақынды арнасына сыймай тасыған көктемдегі өзендей адуынды екенін бейнелейді.

Орынбайдың ақындық қуатын, шабытты өрісін танытарлық шығармалар: “Абылай туралы”, “Хан келді Абайділда 10 жыл жатып”, “Тұрлыбек өлгенде айтқаны”. Орынбай халық арасында жалпақ әлеуметтің көңілінен шыққан майталман жыршы да болған. Ол өз жанынан толғаулар, жыр шығарған. Ақынның өлең түрінде жазылған “Жұмбақтары”, “Тақпақ сөздері”, “12 айдың атынан айтқан өлең”, 45 шумақтан тұратын “Адамның жаратылысы, туралы” деген жыр - толғаулары оның ауқымының кеңдігін, жалпы дүниетанымын білдіреді.

Бір өкініштісі, Орынбайдың көптеген жырлары бізге жетпеген. Ақынның өлең-жырлары, айтыс-толғаулары ХХ ғасырдың 35-ші жылдарына дейін әр мерзімде баспадан шығып отырған. Тек 1936-1938 жылдардағы саяси жағдайлардың шұғыл өзгеруіне байланысты “Абылайдай, Шыңғыстай, Ердендей хан, сұлтандарды мақтаған, яғни шынжыр балақ, шұбар төстердің заманын көксеуші сарай ақыны болған” деген бір жақты баға беріліп, Орынбайдай атышулы ақынның өлең-жырларын ашық айтқызбайтын болған, ел есінен ұмыттырып жіберуге тырысқан. Және осы жылдары ақиық ақынның көптеген асыл шығармалары жойылып кеткені анық болып отыр.

Өз заманының белгілі сөз шебері Орынбай кейінгі буынға ақындықтың үлкен мектебі болды. Біржан сал мен Ақан сері сияқты ірі саңлақтар да оны өзіне ұстаз санаған. Мұны айғақтайтын деректер көп. Мысалы, Орынбай ақынның Абылайға, Тұрлыбекке, тағы басқа адамдарға арнаған өлеңдері, Орынбай мен Арыстанбайдың, Шөже мен Орынбайдың айтысқан өлеңдері. Біржанның жас кезінде зор ықыласпен тыңдап жатпаған репертуарына айналыпты. Біржан сал есейген шағына дейін Орынбайдың Серәлі қожаға қарсы:

Шариғат айтар болсаң, кітап ұста,

Қазақтың өлеңінде нең бар қожам,-

дегенін, ал Тоғжан ақынға:

Мен дария жайлаған жайын едім,

Шыныменен мен туласам, қайтер едің,-

деген сөздерін еске түсіріп, үнемі айтып отырған.

Орынбай қартайған шағында Сырымбет бауырында өткен үлкен бір тойда Ақан серімен кездеседі. Әйгілі ақын Орынбайды өнердегі ірі тұлғаның қатарына қосып, оның айтыстардағы шешендігіне, өткірлігіне, тапқырлығына мынандай баға берген екен:

Ассалаумағалейкум, Орекем-ай,
Бір өзің мың кісілік берекем-ай!
Кешегі тәні Шыңғыс заманында,
Сайран ғып жүретұғын мерекем-ай!
Сіздерге біздей іні жар болармыз,
Қалайша кемеңгерге пар болармыз,
Басың бұлбұл, аяғың дүлділім-ай,
Бір өзіңізге зар болармыз!

Сөзімізді қорыта келгенімізде, Орынбай ақын - XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының аса ірі тұлғаларының бірі. Ол бүкіл қазаққа аты шыққан айтыстың қамшы салдырмас жүйрігі, алдына жан салмас тарлан боздардың бірі. Ақын Абайға дейінгі поэзияның қоғамдық өмірге батыл араласып, шыншылдық мазмұнының молая түсуіне едәуір еңбек сіңірді. Оның өміршең, өзекті өлең-жырлары, шымыр өрілген ұйқастарымен ерекшеленіп тұр. Сондықтан айтулы өнер иесінің мұрасы жеке зерттеуге тұрарлық үлкен де күрделі іс.

Тағы бір ойландыратын іс, “шешеннің сөзі ортақ”, “өнер – халықтікі” деп небір фәлсапаларды айтқанымызбен, іске келгенде кежегіміз кейін тартып-ақ тұрады. Егеменді ел атанып, бұрынғыдай әлдекімнің қас-қабағына қарамай өзіндік жолмен өркендеуге бет алған шақта өнер саласын, тіл мәртебесін көтеру үшін, сөз құдыретін тану үшін Орынбайдай кешегі күннің асылдарын ардақтап, оны бүгінгі әдебиет, өнер жетістіктерімен ұштастыру, сөйтіп біртұтас өнер шежіресін жасауымыз шарт. Исі қазақ баласына Орынбай ақынның өнері ортақ екенін ескере отырып, мейлі Көкшетау, Ақмолада болсын, мейлі Алматы, Қарағандыда болсын, Орынбай Бертағыұлының есімін тарихта қалдыру үшін оған еңселі ескерткіш орнатып, көшелерге, мектептерге, кеңшарларға оның есімін берсек, от ауызды, орақ тілді, айтыс өнерінің айтулы майталманының аруағы алдында бұл игілікті істердің артықшылығы болмас еді.

“Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше,
Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық,
Ер жігіт дүниені кезгені артық,
Дүниенің не бар жоғын сезгені артық,
Түскендей аспан жерге іс болғанда,
Бел байлап, тәуекел деп, төзгені артық”.

(Біржан сал Қожағұлұлы)

“Халық әндері - халық өмірінің барлық жағын көрсететін, шындыққа, сырға толы, жарқын, көзі тірі халық тарихы ... Халық музыкасында адам таңқаларлық көркемдіктер аяғыңды аттап басқан сайын кездеседі”.

(Н.В. Гоголь)

САЙРАҒАН ОРТА ЖҮЗДІҢ БҰЛБҰЛЫ ЕДІ

Ән салса - арыстандай ақыратын,
Әуені қалтыратып жапыратын.
Саңқылдап даусы кетіп алты белге,
Көркем ән маңдағы елді шақыратын.

Қазақта кім білмейді Біржан салды,
Ағызған қызыл тілден шекер-балды.
Сан ақын жарысқанда талай тойда,
Үздік боп бәйгені ақын Біржан алды... -

деп Біржан салдың алты қырдан даусы асқан әншілік өнерін бүкіл қауымға мақтан, үлгі етіп айтқан, оның дарқан ақындығын алғаш жүрегімен терең түсініп суреттеген Сәкен Сейфуллин болды.

Біржан - XIX ғасырдың орта кезінде өмір сүрген ақын. Ол бұрынғы - соңғы қазақтың сал-сері ақындарының биік тұлғасы іспетті, ағасы, ұстазы, жаңашыл өнерпазы.

Біржан салдың туған жылын әркім әртүрлі жазып келген еді. Соңғы мағлұмат: Қазақ Совет энциклопедиясының екінші томында “Біржан сал 1834 жылы туған, 1895 жылы қайтыс болған” деп көрсетілген. Дұрысы осы деп есептеген жөн. Білетін қарттардың айтуы бойынша, Біржан Қоңыр төбе аталатын адырдан бастау алып, сылдыр-сылдыр сұлу үнмен

ылдифа құлай жүгіретін кәусар сұлу Қожағұл бұлағы басында (бұрынғы Көкшетау дуаны, Ақсары болысының ішінде айдан шалқар Жөкей көлінің жағасында, ал қазіргі Степняк қаласы туған жері) жылқы жылы (1834 жыл) дүние есігі ашқан екен. Ол 63 жасында қайтыс болған, асыл сүйегі өзінің кіндік қаны тамған Қожағұл бұлағы басындағы қорымнан мәңгілік жай тапқан. Бұл деректер энциклопедия мағлұматтарына дәл келеді. Біржан салдың дәл осы Жөкей көлінің жағасында дүниеге келгені күмән тудырмайды. Өйткені ақын өз шығармаларында балалық шағының Жөкей маңында өткенін жырлап, тарихи шындықтан хабар беріп тұрған. Мысалы, белгілі “Көкейтесті” дейтін әнінде Біржан осы бір сұлу жерлермен қалың ел сайран салып көшкендігін аса сүйсіспеншілік сезіммен еске түсіреді:

Бүркітті асуынан талай өттім,
Қалың ну орманында сайран еттім.
Айнала Жөкей көлдің жағалауын
Шіркін-ай, бір көруге арман еттім ! -

деп туған жеріне деген ыстық махаббатын айтады.

Біржанның руы Керей, Керей ішінде Ақсары. Ақсарыдан Нұралы, Нұралыдан Батыр, Батырдан Кенже, Кенжеден Бертис туған. Қазақта екі атақты Бертис болыпты. Бірі - Қаракесек би Бертис, екіншісі - Керей Ақсары Бертис. Біржанның бабасы осы Ақсары Бертис би.

Бертистен Қожағұл, Қожағұлдан Тұрлыбай, Тұрлыбайдан Нұржан мен Біржан, Біржаннан Теміртас, Қалікен, Асыл, Ақық, ал Теміртастан Мұхамедқали мен Жамал туған. Біржанның атасы Қожағұл Бертис баласы бүкіл Ақсары керей еліне беделді би болыпты. Ол сол заманның тәртібімен кішкентай немересін өз бауырына салып алады. Оның бер жағында Тұрлыбай ерте өліп, Біржан атасының қолындағы баласы атанып кете барған. Мүмкін ақынның өз әкесі Тұрлыбай баласы делінбей, Қожағұл баласы делінуі сол себептен.

Себепсіз, үлгісіз талант оянбайды, өнер тумайды. Елдің билігіне, шешендік сөзіне үнемі араласқан Біржанның ұлы атасының үйіне сол замандағы қазақтың белгілі шонжарлары, шешен билері, аға сұлтан ұлықтары, ақын-әншілері үнемі ағылып келіп, кетіп жатқан. Атасы Қожағұл араласып жатқан қоғамдық, отбасылық, өнерпаздық орта Біржанның ақындығына елеулі түрткі болғаны анық. Сондай-ақ Қожағұл би кішкентай немересінің бойындағы бұл өнер нышанын тап

басып таниды да, оны бетке қақпай еркелетіп ұстайды. Бір шеберге әдейі келіп домбыра жасатып береді. Қожағұлдың арнайы шақыруымен Сегіз сері мен Нияз сері Көкшетауға келеді. Бұл екеуі елді армансыз аралап, сауық-сайран құрып, халықты қызық думанға кенелтеді. Біржан алты алашқа аты белгілі қос саңлаққа еріп бірге жүреді. Тағылым тәрбие көріп, үлгі-өнеге үйренеді:

Ұстазы Сегіз сері, Нияз сері,

Солардан үлгі алған мен Біржан сері,-
деп қос ұстазына төңіріндей табынады.

Біржан 15-16 жастан елдегі белгілі ақын-әншілердің соңынан еріп, атақты ақын-шешендердің сөздерін, әндерін жаттауға бой ұрған. Өзінен үлкен ақындардың суырып салма өнерінен үйрене отырып, өзінің асқақ үнді әншілік қабілетін жетілдіре береді. Шырқап салатын әнге келгенде жас әнші өзіне ұстаз ақын-әншілерден де замандастарынан да үздік түсе берген. Ырғағын тоқсан құбылтып, әсем әуенді серпінді де толық күшті дауыспен шырқап, құйқылжытып салатын кең тынысты әншілік өнері ойын-тойға, жиын-думанға жиналған халықты қайран қалдыратын болған. Шалқыта шырқағанда сұлу самал үні 16 шақырым жерге жетіп, төңіректі тегіс ұйытатын, ұйқыдағы делсал тіршілікті дүр сілкінтетін қасиетті әншілік өнердің иесі болған Біржан сал, заманы басқа болғанда, басқа ортада өмір сүргенде әлемдік сахна жұлдыздарының бірі атанатындығында дау жоқ еді.

Біржанды көрген қариялардың айтуы бойынша әнші өлең айтқанда бұғағы салбырап, алқымы білеуленіп, даусы зор шығады екен. Сонан соң бір орнында отыра алмай, әуеннің ырғағымен төрде отырған әнші жылжып отырып, босағаға келіп қалғанын өзі де сезбей қалады екен. Басына киген тақиясы біресе маңдайына, біресе желкесіне барып қалатынын өзі аңғармайтын көрінеді. Домбырасының мойыны ұзын, түп жағы бұрышты болады екен. Тартып болған соң тиегін алып, қалтасына орап салып қоятын көрінеді.

Бала кезден ауыл арасында ән салып, өлең айтқан Біржан жиырмаға келген кезде өз жанынан ән шығара бастайды. Ал жасы отыздың ішіне толық кірген шағында өз төңірегіндегі Көкшетау, Ақмола, Қызылжар, Баянауыл, Атбасар, Қарқаралы дуанына қарасты қазақ ауылдарын кең аралап сауық-сайран құра жүріп, жәрмеңкесі, ойын сауығы, өнер өрісі мол Омбы, Орынбор, Семей елін де, Торғай, Тобыл бойындағы

Ұлытау, Ақтау, Ортау бойындағы қалың елді де аралап, өзінің алуан түрлі тамаша ән-өлеңдерін айтып таратады. Мысалы, оның “Орынбордан әкелгенім” дейтін әні бар.

Біржан Арқаның, Арқаның ғана емес-ау, барша қазақтың классикалық ән мектебін алтынды айшықпен күмбездеп көтеріп, әншілік өнерін шырқау шыңға шығарды. Ақынның жас кезінен бізге жеткен ең алғашқы өлеңі “Біржан сал” деп аталады. Осы шығармасында ол өзінің аспанға самғаған сұңқардай дүниеде еркін жүріп, әнін шырқаған уақытта патшаға да бас ұрмайтын тәкәппар екенін тебіреніп толғайды.

Біржан сал – нәзік сезімді, сұлулықты жырлаған лирик-композитор. Ақынның лирикасы халық өлеңдерінің әсемдік, лирикалық сарын, күйлерінен туындап, өрістеп, дамып, шалқып жатады. Мәселен, атақты “Жамбас сипар” әні жастық дәуренді аңсаған әсем де ерке лирикалы әуен. Жастық пен кәрілікті салыстырған ақынға, әрине, сұлулармен сырлас болған романтикалық өмірдің қызықты да тәтті болары хақ. Біржанның “Ләйлім-шырақ”, “Көлбай-Жанбай”, “Ақтентек”, сияқты әзіл-наз әндерінен махаббат, достық, сезім күйлерін айқын аңғаруға болады. Ал, ақынның “Көкек”, “Алтын балдақ”, “Айтбай”, “Жаймашуақ”, “Ғашық жар”, “Мәті-Дәулен”, “Бірлән”, тағы басқа өлеңдерінде жастық, махаббат, достық, ғашықтық бұлақ тұнығындай сезім күйлері шертіледі емес пе! Біржан салдың “Телқоңыр”, “Бурылтай”, “Ақсеркеш”, тағы басқа ән-өлеңдерінде жүйрік, майталман жорға, сұлу тұлпар аттардың көркем де әсем түр-тұлғасы, бейнесі суреттеледі. Өйткені сол бір заманда сұлу ән, сұлу жер, сұлу ат ер жігіттің мақтанышы, жан тынышы саналған. “Он саусақ”, “Жанбота”, “Адасқақ”, “Айбозым”, “Теміртас” сияқты сандаған ғажайып әндер шығарған алып тұлғаның дарағайлығы сол, бір ғана Орта жүз шеңберінде шектеліп қалмай, үш жүзді түгел аралаған, үлкенді-кішілі өнерпаздарына үлгі-өнеге үйреткен жалғыз ғана осы Біржан сал!

Біржан әншілік, ақындық өнерінде жалғыз болмаған. Оның айналасына халықтың небір талантты ақын-әншілері, өнерпаздары топталған. Солардың ішінде Жаяу Мұса, Ақан Сері, Құлтума, Балуан-Шолақ, Үкілі Ыбырай, Шашубай, Иманжүсіп, Естай, Әсет, Мәди... бәрі-бәрі Біржан мектебінің шәкірттері. Өзінің әйгілі “Он саусақ” әнінде Біржан салдың “Үш жүздің алға ұстаған тұйғынымын” дейтіні содан. Ақынның айналасына топтасып, серіктесіп жүрген сынды өнерпаздар арқы-

лы біздің заманға Біржанның қырыққа жуық әндері жетті.

Біржан сал тұлғасының ғажайып бір қыры – ақындығы. Ол жай ғана суырып салма ақын емес, ірі айтыс ақыны. Оны халықтың ақын Біржан, балуан Біржан деп атауының өзі-ақ көп нәрсені аңғартса керек. Ол ат жалын тартып мінгеннен-ақ Шөже, Арыстанбай, Орынбай, Тезекбай сынды дүлдүлдердің қасына ерді. Айтыс өнерінің қыр-сырына әбден қанықты. Соның арқасында күндердің күнінде өзі айтыскер ақындардың алдына озық шықты. Жетісудың бұлбұл қызы Сарамен айтысы қазақтың айтыс өнерінде теңдесі табылмайтын үздік үлгі ретінде, мәдени қазынамыздың алтын қоры төрінен тұғыр тапқаны осының айқын айғағы болса керек.

Айтыс өз заманының сыр-сипатын, әлеуметтік бағытын ашық бейнелейді. Сонымен бірге ақын Сараның сөзінде сол заманғы қазақ әйелінің мұң-зары, бас бостандығы мен еркіндікті аңсайтыны ағытыла айтылады:

Қалыңнан құтылудың кілтін таппай,
Қараймын халқым саған тұрмай, жатпай.
Желкемді көктейінен қидыңдар да,
Бөріге байлап бердің жетім лақтай.
Төрт ата Төлегетай төлің едім,
Өздерің еккен дәннен өніп едім.
Жанымды жетім деген жегі құрт жеп,
Өксіткен өмірімді өрім едім.
От жағып, күл шығарып күнім үшін,
Кедейлік, кемдікке де көніп едім.
Ұрпақ болар ұл емес, қырық жеті деп,
Бірге туған бауырымнан бөліп едің.
Жалынды от боп жанайын десем дағы,
Жаяу шамдай жалп етіп сөніп едім.
Қорлағандай қосқаның бір қортық шал,
Жиенқұлды көбің-ақ көріп едің.
Өспей жатып өре сап өміріме,
Көңілімді көр қазып көміп едің.
Сүйегімді сүйретпе итке жұртым,
Мен тірі емес, тілі бар өлік едім.

Ғасыр бойы жырланып келген, халық мақтанышына айналған Біржан – Сара айтысының шеберлігімен қатар, оның қадір-қасиеті осындай әлеуметтік мәселелерді көтере білгендігінде. Осы айтыстың негізінде “Біржан – Сара” опе-

расының дүниеге келіп, әлемге белгілі болуы Біржан салдың құдыреттілігі емес пе?!

Бүгінгі күнде қазақ поэзиясы мен өнерінің тарихында алатын орны ерекше, даңқты қазақ композиторы, асқан әнші, дарқан ақын Біржан салдың есімі мен тамаша шығармалары қалың бұқараның сүйіспеншілік құрметіне бөленіп, егеменді халқымыздың сарқылмас асыл қазынасына айналды. Оның композиторлығы, әншілігі, ақындығы өзінің замандастарын қаншалықты қызықтырып баурап алатын болса, қазіргі ақын-жазушы, әнші-композиторларды, жалпы сазгерлер қауымын соншалықты қызықтырып тәнті етеді.

“Қазақтың бас ақыны Абай
(шын аты Ибраһим) Құнанбаев.
Онан асқан бұрынғы – соңғы
заманда қазақ баласында біз
білетін ақын болған жоқ”.

(Ахмет Байтұрсынов)

АБАЙ –ДАРА ҚАЗАҚТА, АБАЙ -ДАНА

Абай - әлемдік деңгейге көтерілген, аты әйгілі даналардың бірі. Абай десе қазақ, қазақ десе Абай танылатындай мәртебе иесі. Ағылшынның Шекспирі, немістің Гетесі, орыстың Пушкині дүние жүзіне қалай танылса, Абай да солай танылған. Ол қазақтың маңдайына тәңірі сыйлаған қайталанбас дара тұлғасы. Абайды қай қырынан алсақ та, халқын адастырмайтын шамшырақ, менмұндалап шақырып тұратын мәңгілік алау оты.

Қазақта Абайдан бұрын да дарынды көп ақындар болған. Тіпті сонау Бұқар жыраудан бастап Орынбай, Шортанбай, Сүйінбай, Дулат, Шерниязды айталық. Ал Абай солардың бірде-бірін қайталамай, тың көтерді. Өзінше жазды. Сөйтіп, қазақ өлеңін жаңа мәнермен өрнектеп, жақсы үлгі туғызды.

Абай лириканың әлденеше түрлерін (махаббат, табиғат, философиялық) қазақ поэзиясы алқабына егіп өсірді. Адамның ішкі жан әсерлерін қызықтады. Жан әлеміндегі сиқырлы көріністерді, өзгерістерді, мың сан құбылыстарды сөйлететін жаңа оралымды, өрнекті сөз таба білді.

Абайдың өмірі де, бақыты да - өлеңі. Дана ақын қазақ өмірінде өлеңнің қандай роль атқаратынын мейлінше терең және өте дәл бейнелеген:

“Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірде қызықтың бәрі өлеңменен,
Ойлаңсаңшы бос қақпай елең-селең...”

Бұл ғажайып жолдарда үлкен өмір шындығы мен халықтың рухани келбеті тұрғандай. Дала ежелден өлең мен жырға толы. Өйткені жер мен суын қорғап еркін өсуді көксеген ерлікті ертегі еткен – дала! Күймен күңіреніп, әнмен тебіренген Сахара! Бұл оның сарқылмас рухани күші.

“Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да”, “Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат”, “Ішім өлген, сыртым сау”, “Сәулең болса

сарқылмас байлығы мен мызғымас тұрақтылығын терең тебіреніп жырлай білуінде.

Абай өзінің атақты “Сегіз аяқ” атты философиялық толғауында тіл өнерін інжу-маржанға теңейді. Ақын бір өлеңінде өнегелі сөздің өмірде алатын орнын, ғибрат мәнін айқындай келіп, “Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған, биде тақпақ мақал бар, байқап қара” дейді. Онымен Абай алдыңғы буыннан келе жатқан үлгілі, өнегелі сөздерге ілтипатпен қарауға, оларды ықыласпен үйренуге меңзейді.

“Қарын тоқ қаса маңғаз
ұқпас сөзді,
Сөзді ұғар көкірегі
болса көзді...” -

деп, дұрыс сөзді де түсіне білу үшін көкірегі ояу болсын дейді.

Абай қазақтың ақыны ғана емес, ол ояну дәуірін бастаушы ойланушыларының ең біріншісі. Бұл турада ақын былайша толғайды:

Ерте ояндым, ойландым,
жете алмадым,
Етек басты көп көрдім
елден бірақ.

Ақын шығармаларынан оның дүниеге, қоғамға, табиғатқа, өнерге, мәдениеттің атқарар міндетіне, адамның мінез-құлқына, өзара қарым-қатынасына, еңбектің мәніне, дін мен ғылымға, ән мен күйге байланысты сан алуан ой-пікірлерін кездестіреміз. Өзіндік философиялық жүйесі, жекелеген философиялық еңбектері болмаса да, Абай мұрасын тұтас алғанда (лирикасы, поэмалары, қара сөздері) ақынды философиядан мүлде аулақтатып, ысырып тастаудың жөні жоқ екенін көреміз.

Ұлы Абай:

“Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес,
Мені мен “менікінің” айырылғанын,
Өлдің деп ат қойыпты өңкей білмес.
Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,
Өлді деуге сияма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!“

-дейді.

Осы керемет жолдарда жалқыдан жалпыға, тұтастықтан жеке нәрсеге дейін түсіндірілетін үлкен-үлкен ойлар бар. Осылардың арасындағы ішкі логикалық, диалектикалық байланыстарды дұрыс түсінген Абай таңғажайып философ Гегельдің деңгейіне дейін көтеріле толғайды. Тіпті Абайдың қай жерде ақын, қай жерде ойшыл, философ екенін айырудың өзі қиын.

Абайдың халқымызға сіңірген зор қызметі – сахарамызға Ренессанс, яғни жаңғырту дәуірінің жарқын рухын алып келгендігінде. Ол Батыс пен Шығыс мәдениеті мұрасын қазақ даласына лайықтап дамытты. Ақын Батыс, Шығыс деп бөлмей, екеуінен де тел емді. Сөйтіп, халқына тұтас дүние, рухани қазына жинады.

Абайдың:

“Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім”, -

дейтіні сондықтан.

Иә, біз үшін Абай ұлы ойшыл, ағартушы, демократ, данышпан ақын болып келді және болып қала бермек. Оның ұлылығы сонда, қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болғандығында, “соқтықпалы- соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысқанында”. Абай шыққан биік өз заманында қазақ халқы үшін биік шыңмен тең.

Сондықтан да “бақпен асқан патшадан, мимен асқан қараны, сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан баланы” артық қойып, досы жоқпен сырласып, досы көппен сыйласып, қайғысыздан сақ, қайғылыға жақ болып, күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе – надандық, еріншектік, залымдықтан қашып, ортамызда өркенін жайып келген ұрлық, өтірік, өсек, қастықты қалыс қалдырып, өнерді малды тұзден, бөтен жақтан тұзу жолмен іздеп, өркениетті өзге ұлыстардай өз бетімізбен өрістерлік күнге жетеміз десек, мың мәрте, миллион мәрте Абайды оқиық жамағат!

“Жақсы адамдар жоғары
адамгершілік дамуымен
және жоғары адамгершілік
ықпалымен танылады”.

(Ф.М.Достоевский)

САҒЫНТАР МӘҢГІ СӘЙГҮЛІК САНА

Халық зердесі – болғанның бәрі жазылып қалатын батпан кітап. Бүгінгі Қазақстанның қазаннан кейінгі тарихына көптеген беттердің қанмен жазылып қалғаны баршамызға мәлім болып отыр. Көптеген ірі тұлғалардың қайғылы қасіреті тоталитарлық жауыздықпен тікелей байланысты.

Бюрократтық-жазалаушы аппарат шеңгелін қазақ әдебиетінің үш алыбы – Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллинге (1894-1938ж.), Ілияс Жансүгіровке (1894-1938ж.), Бейімбет (Бимағанбет) Майлинге (1894-1938ж.) салды. Осы аса ірі үш жазушы, қайталанбас тұлғалар қазақ халқының тарихында үздік роль атқарады.

Сәкен Сейфуллиннің есімі көп жылдар бойы ауызға алынбай келді. Халық жауы деп басылған қара таңба оны бүтіндей бір ұрпақтың назарынан тасада қалдырып, оның 1913-1916 жылдары Омбының мұғалімдер семинариясында оқығаны, қазақтар арасында мәдениет пен білім таратуды мақсат еткен “Бірлік” деп аталған жастар ұйымының мүшесі болғаны ауызға да алынбады. 1917 жылы Сәкен Ақмоладағы “Жас қазақ” ұйымына және “Тіршілік” атты газетті шығаруға басшылық жасады. 1918 жылы жаз айында оны бүлікшілер қолға түсіріп, кісендеп Омбыға жіберіп, атаман Анненковтың “Өлім вагонында” ұстады, одан қашып шығудың сәті түсті. Бұдан кейінгі жылдарда Ақмола және Орынбор қалаларында басшы қызметте болды. 1922-1925 жылдары Сәкен республиканың халық комиссарлар Кеңесін басқарды. 1925-1937 жылдары республикалық “Еңбекші қазақ” газетіне жұмысқа жіберіліп, “Әдебиет майданы” журналының бас сарапшысы міндетін де атқарды.

1920 жылы болған кеңестердің құрылтай съезінде Қазақ Автономиялық Республикасының құрылғанын жариялағаны мәлім. Осыдан кейін Сәкен өнердің барлық түрлерін дамыту, театрларды репертуарлармен қамтамасыз ету, халық өндері мен музыкасын жазу және өңдеу, мәдени мұралар-

ды сақтау, кітапханалар, клубтар, мұражайлар мен баспалар ашу мәселелеріне айырықша көңіл бөлген болатын. Ал баспасөздің дамытылуы қазақ әдебиетінің бой көтеруіне жәрдемін тигізеді. Республиканың түпкір-түпкірінде газеттер мен журналдар шығарыла бастады. Оларда жазушылар мен ақындардың шығармалары, жаңа кітаптарға рецензиялар, әдебиет жайындағы мақалалар, кітап жаңалықтары хақында хабарлар басылып жатты. Осындай жұмыстың нәтижесінде ұлт жазушыларының көптеген кадрлары көріне бастады.

Халық шығармашылығынан және сан ғасырлар бойы ұқыптылықпен сақталып келген аса бай фольклордан бастау алған жас қазақ әдебиеті өміршеңдігін танытты. Ол ұлы Абай және С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, тағы басқалары негізін қалаған сындарлы реализмнің демократиялық жазба мәдениеттің жетістіктерін пайдаланды. Сөйтіп, ұлттық жазба әдебиет байытыла берді. Үш алыптың шығармашылығы жаңа кезеңде қазақ әдебиетін қалыптастыратын кездердің біріне айналды.

20-шы жылдары Қазақстандағы басты әдебиет қайраткерлеріне көптеген жанрда қалам тербеуіне тура келгенін атап көрсеткен жөн. Әдебиеттің талантты өкілдері әдеби шығармашылықтың жаңа түрлерін меңгеруге ұмтылды. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин және олардың жолына түскендер өлеңдер мен поэмалар, әңгімелер мен повестер, романдар жазды. Олар пьесалар жазды, семсер сөздерімен және әдеби сындарымен көрінді.

Рас, бұл жылдарда жанрлардың бәрі бірдей өмір құбылыстарын терең де жан-жақты көрсету мүмкіндігіне жете алған жоқ. Басқаларына қарағанда поэзия тез көтерілді. Осылай болатын жөні де бар еді. Дүниеге келгеннен жер қойнына кіргенге дейін қазақтың көптеген ұрпағының бүкіл өміріне поэтикалық сөз тән болды. Халық эпосындағы ерліктерді, ертедегі жыраулардың кемелдігін, Махамбеттің берен сөзін ұрпақ өз бойына сіңірумен келді.

Ал қазақ әндерінің тарихындағы жаңа тараулар 20-шы жылдары басталды. Бүгінгі күні жаңа тарауды бастаушыларға халық терең алғыс сезімін білдіреді. Сөз жоқ, жаңа жырды бастаушылардың бірі С.Сейфуллин болды, сол жылдарда оның талант құдіреті ерекше күшпен көрінді. Оның шығармалары жаңа қазақ әдебиетінің алғашқы қарлығашы

("Жыл құсы") болып табылады деп "Еңбекші қазақ" газетімен "Қызыл Қазақстан" журналы тегіндіктен жазған жоқ. 1914 жылы Сәкеннің тұңғыш өлеңдер жинағы "Өткен күндер" деген атпен жарық көрген болатын. Оның 1917-1920 жылдары жазған өлеңдерінің бояуы жаңа, насихаттық және тәрбиелік мәні зор болды. Атап айтқанда, ақынның "Асау тұлпар" атты өлеңдер жинағына "РКП(б) Қырғыз облыстық комитетінің хабаршысында" жоғары баға беріліп, оның шығармалары жастардың қолынан түспейтін болады деген болжау айтылды. 1921 жылы ол Қарағандыда болып, "Жұмыскерлерге" деген өлеңін жерлестері - Қарағанды, Спасск, Нілді жұмысшыларына арнады.

Жалпы алғанда С.Сейфуллиннің "Жолдастар", І.Жансүгіровтың "Кедейлер тойы", Б.Майлиннің "Кедей" өлеңдері бостандық пен тең құқықты мадақтап, білім алуға, қажырлы еңбек етуге шақырды. Мәселен, Сәкеннің 1923 жылы жазылған "Бұлшық ет" өлеңі еңбек пен еңбек адамының салтанатты ән-ұранына айналды.

Сол жылдарда поэма жанрын дамыту - қазақ поэмасының күрделі проблемаларының біріне айналды. Орыс әдебиетінің дәстүрі бойынша поэма жазу жолында алғашқы қадамдар жасалды.

Демократ ақын С. Торайғыровтың лиро-эпикалық және философиялық "Кедей", "Адасқан өмір" поэмалары қазақ әдебиетінде осы жанрды өркендетудің бастау жолын салды.

Эпикалық сипаттағы поэзияда С. Сейфуллиннің таланты кеңінен көрінді. Ол қазақ поэзиясының жаңа формасын жасап, халық шығармашылығының тамаша дәстүрлерін дамытты. Бұған ең алдымен ақынның "Ақсақ киік" (1924 ж.), "Аққудың айрылуы" (1925 ж.), "Советстан" (1925 ж.) және "Альбатрос" (1933 ж.) және басқа поэмалары айқын дәлел. Осы шығармалардың бәрі Сәкеннің халық шығармашылығын жақсы білетін, көркем сөзді талмай іздеуші және жаңа мүмкіндіктерді ашушы кемел ақын екендігін сипаттайды. Оның шығармалары арқылы поэтикалық сөз құрамы елеулі түрде толыға түсті. Өндіріс пен техниканың, мәдениет пен ғылымның дамуымен байланысты өмірге келген сөздер (мәселен "Экспресс", "Альбатрос", "Советстан" және басқа) қолданыс тапты. Сәкеннің патриоттық өлеңдері жауынгерлік марш ырғағында ("Жас қазақ марсельезасы", "Жолдастар",

“Қызыл әскер маршы”) жазылған. С.Сейфуллиннің “Лашын құс” әңгімесі, “Аққудың айрылуы” поэмалары лирикалық және романтикалық ырғақтарға тұнып тұр. Оның “Көкшетау” поэмасы (1928 ж.) халық арасында кеңінен тараған. Халық аңызының баурағыш рухы өсіп тұрған бұл поэма сезім тереңдігі, тілінің көркемдігі мен жұмырлығы жөнінде қазақ әдебиетіндегі таңдаулы шығармалардың бірі болып табылады.

Егер 20-шы жылдары қазақ әдебиетінің төрінде поэзия болса, 30-шы жылдары прозаның салмағы арта бастады. Осы жанр жөнінде де С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин өздерін үлкен шебер ретінде тағы көрсетті. Олардың қаламынан әңгімелер мен очерктер, повестер мен новеллалар, романдар туындады. Бұл жазушылар адам образдары мен олардың мінездерін бейнелеу, кейіпкерлердің портреттерін сомдауға керекті бояуларды таба білді. Сөйтіп олар өздерінің шығармаларын идеялық-көркемдік жағынан жоғары сатыға көтерді.

С.Сейфуллин - қазақ әдебиетінде реализмді орнықтырған “Айша” (1922 ж. жазылып, 1935 ж. қайта өңделген), “Жер қазғандар” (1928ж.), “Жемістер” (1935ж.) повестерінің және басқа да шығармалардың авторы. Сәкеннің мемуарлық “Тар жол, тайғақ кешу” романының (1927ж.) жарыққа шығуы Қазақстанның мәдени өміріндегі үлкен оқиға болды. Жазушы шығармасында аталған қаһармандар өздерін бостандық, туған халқының бақыты үшін күреске арнаған батыл адамдар.

Сейфуллин қазақ драматургиясының негізін қалаушылардың бірі болды. Өзінің “Бақыт жолында” пьесасын 1917 жылы жазды. Ал 1936 жылы театрлардың сахналарында “Қызыл сұңқарлар” пьесасы қойыла бастады. Совдеп мүшелерінің ерлігі мен жоғары құқықтылық сапалары жайындағы бұл романтикалық драманы Сәкен 1920 жылы жазып, оны 30-шы жылдардың бірінші жартысында қайта өңдеуден өткізді. Сәкеннің өзіне, өзі жазған шығармаларға қатал талап қойғандығын, бұрын сәтті шыққандығы мойындалған драмалық шығармаларына қайта- қайта оралып, оларға түзетулер мен толықтырулар енгізіп, тілі мен құрылымын жетілдіріп отырғандығын атап көрсеткен ләзім.

30-шы жылдары қазақ әдебиетінің тарихына арналған кітаптар қазақ тілінде шығарыла бастады. Бұл іске С.Сей-

фуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Қаратаев, тағы басқалары көп күш-қуатын жұмсады. Сейфуллин жазған ("Қазақ әдебиеті", 1932 ж.), С.Сейфуллин мен Ө.Тұрманжановтың ("Көркем әдебиет", 1934ж.), С.Мұқановтың ("ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті", 1932ж.) оқулықтар мен оқу құралдары қазақтың ұлттық әдебиетінің тарихын оқып, үйренуде аса маңызды роль атқарды.

1936 жылы республикада Сәкен Сейфуллиннің әдебиет саласындағы қызметінің жиырма жылдығы кеңінен атап өтілді. Ол Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Шебер қаламгерге көрсетілген құрмет Қазақстан мәдениетін дамытудағы зор жетістіктер демонстрациясына айналды. Бірақ жазушының өмірі кенеттен үзілерін сол кезде ешкім білген жоқ.

“Қазақстан үшін -
Әуезов екінші Абай”.

(Николай Погодин)

“Қараймын көкшіл далаға
Толқимын іштей, ойланам,
Ұлы ғой Кавказ...

жан-аға,
Өзіңе жету қайда оған!”

(Расул Ғамзатов “Мұхтар аға”)

ҰЛАН ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ СУРЕТКЕРІ

Алыптың сыры уысқа оңай түскен бе? Бір қарағанда алақанға іліге кеткен дүние өнер болып па? Алыптар құпиясын ашу – ұрпақтар үлесі. Абай, Гомер, Данте, Шекспир, Пушкин, Гете, Бальзак, Гюго сынды ұлы суреткерлердің ғасырлар өткен сайын өресі айқындалып, болмыс-тұлғасы аспанмен таласып бара жатыр. Сан елдерде шығып жатқан зерттеулер тізбегі де соған бір дәлел. Мұхтар Әуезов тағдыры да осынау ақиқатты анықтап келе жатқандай. Ол барлық оқырман қауым үшін, бүкіл прогресшіл адамзат үшін қазақ халқының арман-мүддесін, мақсат-мұраттарын шебер бейнелеген суреткер.

Үлкен өнер жолындағы сәтті де күрделі сапарын 1917 жылы “Еңлік-Кебек” пьесасынан бастап, 1961 жылы “Өскен өркен” романымен аяқтаған Әуезов тек қазақ мәдениетіне ғана емес, бүкіл дүниежүзі әдебиетінің алтын қорына елеулі үлес қосты. Тынымсыз іздену мен зор шабыт үстінде өтіп, қырық бес жылға созылған жемісті еңбегінің нәтижесінде жарық көрген тамаша шығармалары жөнінде әр кезде сан алуан пікірлер айтылып келді. Қазірдің өзінде академик-жазушының өмірі мен өнеріне, ғылыми еңбегі мен қоғамдық қызметіне арналған көптеген ғылыми мақала, әсерлі естелік, ауқымды зерттеу кітаптар мен монографиялар бар. Әйтсе де ұлы жазушының талантының бар қыры-сырын біз толық танып білдік деп айта алмаймыз. Сондықтан да ол туралы бүгінде айтылар әңгіме де, естелік те көп.

М.Әуезов 1897 жылы Семей облысы қазіргі Абай ауданында туып, балалық шағы көшпенді ауылда өтті. Оның атасы Әуез Құнанбаймен, әкесі Омархан Абаймен ауылдас, дос,

ағайын болған. Жас Мұхтар ауылда молдадан арабша дәріс алып жүрген жерінен орыс мектебіне түсіп, кейін Семейдегі бес кластық қала училищесінде оқыды. 1915 жылы мұғалімдік семинарияға түседі, ал 1917 жылы семинарияда оқып жүрген кезінде, халық аңызы негізінде “Еңлік-Кебек” пьесасын жазады. Бұл қазақ ұлттық драмасының қарлығашы еді. Кейін жазушының жаңартуы, жетілдіруі нәтижесінде осы пьеса қазақ драма театрының сахнасынан құрметті орын алады.

1923-1928 жылдарда Әуезов Ленинград университетінде оқып, тіл және әдебиет факультетін бітіреді. 1928-1930 жылдары Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып шығыс фольклоры бойынша маманданды.

Жазушылық сапарының осы, алғашқы кезінде Мұхтар Омарханұлы көптеген көркем шығармалар жазды. Оның 1921-1929 жылдарда жарияланған әңгіме-новеллалары (“Қорғансыздың күні”, “Оқыған азамат”, “Қыр суреттері” мен “Қыр әңгімелері”, “Үйлену”, “Сөніп-жану”, “Кім кінәлі”, “Жетім”, “Барымта”, “Жуандық”, повестері “Қараш-қараш”, “Қилы заман”), “Қаракөз” пьесасы, қазақ әдебиетіне керемет талант келгенін паш етті. Көпшілік қауым жас қаламгердің асқан дарынын бірден бағалап, оның келешегіне зор үміт артты. Заман озған сайын бұл шығармаларға әділ баға беріліп, қазір олардың көпшілігі әдебиетіміздің ең қымбат қорына қосылып отыр.

Мысалы, Әуезовтың 1927 жылғы “Әдебиет тарихы” оқулығына енген “Зар заман ақындары” атты зерттеуі күні бүгінге дейін құнын жоймаған, ілгеріде де жойылмайтын, жылдар көшінде, саясат желінің өтінде жоғалтқандарымызды табуға тірек болатын, мәні зор еңбек. Ғұлама жазушы бұл шығармасында “Зар заман” деген бағыт неден басталып, немен бітті, ақындары кім, бұрынғы өлеңдерден басқалық жаңалығы бар ма, кейінгі заманға қандай сарқыт қалдырды, онан соң әдебиетте бұл дәуір қандай орын алады деген күрделі мәселелерді көлденең тартып, соның ұрымтал жауабын беруге ұмтылады. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуде, кезеңнің әдебиетіне тән бағыт, ағым, сарындарды саралауда салмақты, дәлелді тұжырым-түйіндер жасады.

Отызыншы жылдары Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыстың мән-жайын қалың жұртшылық арасына мағлұм еткен шығарма – жазушының “Хан Кене” деп аталатын шығармасы. Пьеса тек 1934 жылы сахнада бір-ақ рет қойылып,

одан кейін ұзақ жылдар бойында архив шаңына көміліп қалған құнды шығарма. Тек 1988 жылы М.Әуезовтың 20 томдық шығармалар жинағының 14-томында қайтадан басылып шықты.

“Хан Кене” пьесасы өзінің көркемдік бітімі, шыншылдық қуаты жағынан ұлы суреткердің ең таңдаулы шығармаларының бірі деп бағалауға лайық. Жазушының Кенесары қозғалысының сыры мен шынын, биіктігі мен қайшылығын жан-жақты елестете аларлық шығарма жасап, қаншама тарихшылар мен публицистерден көш ілгері озып кеткені таң қаларлық жай.

Көп қырлы Әуезов творчествосының өзекті бастауы – Абай мұрасы. “Зер қадірін зергер біледі” – дегендей ұлы адамның қадір-қасиетін ұлы адам ғана тереңнен түсіне біледі. Ұлы ақынның асқаралы тұлғасы Мұхтар Омарханұлының бүкіл ғұмырына таң шолпандай шапағатын төкті.

Талантты суреткер 20-30 жылдардан бері қарай Абайдың өмірі мен творчествосы туралы жүйелі зерттеу жүргізді. Ақырында, бұл саладағы аса бағалы зерттеулерін “Абай” кітабына топтады. Жазушы “Абай” романының бірінші кітабын 1942 жылы, екінші кітабын 1947 жылы жариялады.

“Абай” романы - қазақ тұрмысының үлкен бір айнасы. Бұл, қазақ халқының қасиетін, сын-сипатын, сапасын, елдігін көрсететін, қазақ оқушыларының патриоттық, халқын сүюшілік сезімін күшейтетін, қазақты жете білмейтін жұрт оқушыларына: қазақ халқы осындай халық екен деп айтқызатын роман.

Абай тақырыбын кеңейте, тереңдете түсіп, Мұхтар Әуезов кейін, “Абай” романының жалғасы ретінде “Абай жолы” эпопеясын жазды. Оның бірінші кітабы 1951 жылы, екінші кітабы 1955 жылы шықты. “Абай жолы” роман-эпопеясы кездейсоқ ғайыптан пайда бола салған жоқ. Ол – жазушының ұлан-ғайыр ізденісі мен мол дайындығынан туған шығарма.

“Абай жолы” эпопеясын жарыққа шығарумен бұрынғы фольклорлық эпостың шынайы халықтық, ұлттық, поэтикалық сипаттарын, рухын, бай тілін дәстүр ретінде қабылдап, жаңа заман әдебиетінің роман жанрына кемелденген психологизм, типтік сипат пен типтік жағдай секілді категорияларын кең алып, терең арнада дамыта отырып, халықтық романның ең көлемді, кең тынысты синтетикалық түрін жасады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Мұхтар Омарханұлы “Сын сағатта”, “Намыс гвардиясы” (Ә.Әбішевпен бірге), “Қарақыпшақ Қобыланды” деген пьесалар, “Төлеген Тоқтаров” деген

либретто, "Асыл нәсілдер" деген повесть, көптеген әңгіме, очерктер жазды. Бұл шығармаларда автор қазақ еңбекшілерінің майдандағы, елдегі жанқиярлық, қаһармандық істерін суреттеді. Майдан мен тыл ерлерінің бейнелерін жасады. Халықты жауды жеңуге жұмылдырды.

1960 жылдың наурыз айында жазушы Американы аралады. Сондағы алдыңғы қатарлы мәдениет қайраткерлерімен кездесті. Сол сапарында Америка журналдарының бірінде "Көксеректі" ағылшын тілінде жариялап қайтты. Бұл шығарманы американдықтар жылы қабылдап, жоғары бағалады.

М.О.Әуезов өмірінің соңғы жылдарында "Өскен өркен" атты шығармасын жазумен болды. Мұнда ол замандастар өмірін әртүрлі қырынан суреттеді. Жазушы көркем шығармалар аудару жұмысымен де айналысты. Ол орыс тілінен қазақ тіліне И.Тургеневтің "Дворян ұясы" деген повесін, Н.Гогольдің "Ревизор", В.Шекспирдің "Отелло", "Асауға тұсау", К.Треневтің "Любовь Яровая", А.Афиногеновтың "Қорқыныш", А.Кронның "Флот офицері" деген пьесаларын аударды.

Қазақ театрының өркен жайып, өсіп жетілуіне М.О.Әуезов қыруар еңбек сіңірді. Ол театр, музыка, кино өнерінің түрлі теориялық-проблемалық мәселелері жайлы әр кезеңде ой қозғап, зерттеу мақалаларын жазып отырды. Оған уақытын да, білім-қайратын да аямады. Мысалы, 1926 жылы Қызылорда қазақ театры ашылды. Соған байланысты "Еңбекші қазақ" газетінің бірнеше санында Әуезовтың театр туралы мақаласы шықты. Театр сахнасында "Еңлік-Кебек", "Қаракөз" пьесалары ойналды. Жазушының "Түнгі сарын", "Айман-Шолпан", "Абай", "Қарақылшақ Қобыланды" сияқты пьесалары - қазақ өнерінің классикалық туындыларына айналды.

М.О.Әуезовтың ғалым-әдебиетші ретіндегі еңбегі де орасан зор. Оның ғылыми еңбектері туралы сөз қозғағанда, ғалымның әдебиет жөніндегі зерттеулері, қазақ әдебиеттану ғылымының бірқатар салаларының ірге тасын қалап, олардың одан әрі дамуына бағыт бергенін атап айту орынды.

Мұхтар Омарханұлы 1946 жылы Қазақ академиясы құрылғанда оның академигі болып сайланып, соның қабырғасында үзбей ғылыми жұмыспен шұғылданды. Өзі ұзақ жылдар бойы Тіл мен әдебиет институтында ауыз әдебиеті бөлімін басқарып жүріп, фольклорды, Абай мен Жамбыл шығармашылығын зерттеуді және әдебиеттің жас кадрларын баулып тәрбиелеуді көздеген жоспарлы бағдарламасын алға қойды.

Академик М.О.Әуезовтың еңбектерінде қазақ ауыз әдебиетінің көптеген маңызды проблемалары алғашқы рет терең, сындарлы түрде зерттелді. Ол 40-50 жылдары “Қазақ халқының эпосы мен фольклоры”, “Абай және орыс классиктері”, “Қазақ ертегілері” деген құнды ғылыми жұмыстар жазды. “Қазақ әдебиеті тарихының бірінші томы”, “Қазақ совет әдебиеті туралы очерктер” деген еңбек ұлы жазушының басқаруымен жасалды.

Ғұлама суреткер халықтар достығының жыршысы болды. Бұрынғы Совет Одағын мекендеген туысқан халықтардың көпшілігінің ұлы мәдениетіне М.Әуезовтың тікелей еткен әсері өз алдына жеке сөз болатын құнарлы тақырып. Мысалы, қырғыз халқының асыл мұрасы “Манасты” ғалымдардың ішінен ең бірінші болып тексеріп, көлемді монография жазған Мұхтар Омарханұлы болатынды. Ғалымдардың өз куәлігіне қарағанда, ол бұл еңбегін 30-шы жылдар ішінде аяқтаса да, көпке дейін жарық көрмей келіп, тек 1959 жылы “Әр жылдар ойлары” жинағында басылып шықты. М.Әуезов көп жылдар, тіпті өмір бойы Леонид Соболев, Всеволод Иванов, Александр Фадеев, Николай Тихонов сияқты орыс шеберлерімен достық байланыста болды. Олармен үзеңгілес, қол ұстасып қаншама тамаша істер тындырды, қаншама қиын жолдар кешті. Мысалы, Л.Соболев тек “Абайдың” аудармашысы ғана емес, көп шығармада соавтор да болған адам. Екеуі бірігіп “Қазақ халқының эпосы мен фольклоры” атты тамаша мақала жазды. Соңынан “Абай” атты драматургиялық классика деңгейіндегі керемет шығарма жазды.

Иә, дүниеде өшпейтін, өлмейтін жалғыз байлық - рухани қазына. Мұхтар Әуезов теңіздей терең ойдың, асқан ақылдың, күшті таланттың, ұшқыр қиялдың иесі болды. Ол туған елін әлемге әйгілі еткен алып екендігі күннен күнге айқындалып, анықталып келеді. Ұлы адамның, азаматтың, қоғам қайраткерінің артында қалған мұра, асыл қазына ұшан-теңіз. Сондықтан да ол - ел мақтанышы. Сондықтан да оның есімі көкірегімізде қуаныш отын маздатады.

Айтулы суреткердің ұлы тұлғасы жыл өткен сайын даралана, шоқтықтана түскендей. “Ел үмітін ер ақтар, Ер есімін ел сақтар” деген дана сөз Мұхтар Омарханұлы Әуезовке арналғандай.

“Ақынның шынайы шығармашылығы,
ойшылдың дуалы диалектикасы,
зерттеушінің шымыр шеберлігі
- ұлы ғалымды қалыптастыратын
құрамдас бөліктер, міне, осылар”.
(К.А.Тимирязев)

ДӘУІРДІҢ ДАРАБОЗ ПЕРЗЕНТІ

Ғылым турасындағы тоғышарлық сенімге ерер болсақ, ғалымдар қайдағы бір піл сүйегінен қашалған зәулім мұнарада марғау тіршілік кешетін көңілсіз де сұрқай пенделер іспеттес әсер ететін сыңайлы. Ал 1999 жылғы 12 сәуірде туғанына 100 жыл толған академик Қ.И.Сәтпаевтың тағдыры осы тақылеттес тұжырымдаманы түбегейлі түрде теріске шығарды.

Адамзат тарихында өзінің ұланғайыр іс-қимылымен қоғамның даму бағытын алдын-ала анықтап беретін толағай тұлғалар қашанда болып келген. Оларды озық идеялардың қайнар көзі десе де боларлық. Жиырмасыншы ғасырдың жарық жұлдыздарының бірі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, міне, тап осындай адам болған.

Ол екі ғасырдың аралығында Орталық Қазақстандағы пейіштей мекен – Павлодар облысының Баянауыл ауданында туды. Молда оған арабша Ғабдұлғани (қысқаша - Ғани) деген есім берді, ал Қаныш деп Имекеңнің бәйбішесі Нұрым еркелетіп атап кетті. Ол балдырғанды әжесіндей аялады, ал Қаныштың өз шешесі Әлима дүниеден ерте көшкенде анасын да жоқтатқан жоқ. Қаныштың әкесі Имантай кезінде Омбыдағы тілмаштар мектебін тәмамдаған көзі ашық, көкірегі ояу адам болатын, ал атасы Сәтбай Баянауыл өңіріндегі тұрмысы қонды байлардың санатына жататын.

Ілім-білімге деген ынтызарлық Қаныштың өмірлік жолын жас шағынан-ақ белгілеп, бедерлеп берді. Ол 1911 жылы ауылдағы мектепті аяқтаған соң Павлодардағы екі кластық орыс-қырғыз училищесіне, ал 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі. Қаныш мұнда өз жерлесі, әрі ақын, әрі ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровпен кездеседі, Мұхтар Әуезовпен танысады. Ол Қаныштан екі жас үлкен болатын, Абай сынды ұлы ақынның қайтыс болғанына он жыл толғанына орай ұйымдастырылған үлкен кеш-

ке белсене қатысқан-ды. Мұхтар мен Қаныш тез тіл табысып, Толстой мен Достоевскийге ден қойды, тарих пен әдебиет, жаратылыстану ғылымының жетістіктерін қалт жібермеді.

Семинарияны атышулы 1917 жылдың көктемінде бітірген Сәтбаев әуелі мұғалім, кейінірек халық соты болды, яғни жас шағынан бастап-ақ кең далада абырой-атақтан кенде болған жоқ. Тап осы жылдары қазақ сахарасында ілім-білімге деген ынтызарлық қанатын кеңге жая бастаған еді. Оның үстіне Қаныш тұрған ауылға Кемерово өңірінің табиғи байлықтарын талмай зерттеуші, Томбы технологиялық институтының белгілі профессоры, кейінірек, 1933 жылы академик лауазымын иемденген атақты ғалым Михаил Антонович Усов өкпе ауруынан емделуге қымызға келмесі бар ма?! Усовтың геология жайлы әсерлі әңгімелері жас жігітті баурап алғандығы соншалық, 1921 жылы екеуі Томбыға бірге кетеді. Бұл оқыс қадамымен Сәтбаев жерлестерін қатты таңқалдырады: мұғалімдік – жөн, сот – ол да түсінікті, ал геологы – несі? Жер қойнауын зерттейді дей ме, қалай өзі? Құшағын ұланғайыр отын-энергетикалық, минералды –шикізатты байлық кернеген Қазақстанды жан-жақты зерттеу ісінің басы-қасында Қаныш Имантайұлының өзінің тұруы тағдырдың тамаша шешімі іспеттес болса керек.

Ол Томбыда алғашқы екі жылы Усовтың жанұясында тұрады. Өкінішке орай, ауа райының күрт өзгеруі және қаланың тұрмыстық жағдайы студенттің денсаулығына кері әсер етеді. Қатты науқастанып қалған оны қасына екі студент қосып, Арқаға жөнелтуге тура келеді. Елге келіп, қол-аяғын бауырына алған ол біраздан соң институттағы дәрісін жалғастыруға мүмкіндік алады. Оның үстіне болашақ академиктің білім керуенінен қалмауға бел буып үрдіс қимылдағаны соншалық, көп оқығандықтан әр кеш сайын басы айналатынды шығарды. Ол М.А.Усовтың өзіне арнап құрастырған жоспары бойынша геологиялық әдебиеттің тамтығын қалдырмай зерттеді, лекцияларды ықтияттай дәптерге түсірді, есепке жүйріктігін жетілдірді, көркем әдебиетке де уақыт тапты. Күндіз дәрістен бос уақыттарын тау-кен мұражайында өткізетін болды. Михаил Антоновичтің Қазақстан даласындағы кен іздеген саяхаттарына қатысты. Сондай-ақ М.П.Русаковтың геологиялық барлау партиясының құрамында тамаша тәжірибе жинақтады, кейін екеуі бірге қызметтес бо-

лып, өле-өлгенше жан аямас дос болып кетті. Сондай-ақ болашақ ғұлама туған Баянауылын, ұланғайыр қазақ даласын бір сәтке зердесінен шығарған жоқ.

Негізі Сәтбаевтың ғалым ретінде, биік дәрежелі геолог-маман ретінде қалыптасуын түсіну үшін, оның студенттік кезеңдегі айналасын білген абзал. Ал олар кейін бүкіл елге атағы жайылған И.К.Баженов, А.Я.Булынников, Н.Н.Горностаев, А.М.Кузьмин, М.К.Коровин, М.П.Русаков, Н.Н.Урванцев, Ф.Н.Шахов сияқты жас оқытушылар мен студенттер болатын. Тап сол кезде Томбыда өз тағдырларын Сібір және Қиыр Шығыспен қоса, Қазақстанмен де тығыз байланыстырған геологтар шоғыры қалыптасты.

Қаныш Имантайұлы 1926 жылы институтты аяқтаған соң елге кетті. Оның мамандығы - геолог-барлаушы үшін мұнда жұмыс жетіп артылатын. Ол 15 жылдық үрдісінде (1926-1941 жылдар) Атбасар және Қарсақпай геология трестерінде инженер-геолог, бөлім жетекшісі, бас геолог болып қызмет атқарды.

Осы жылдары ол бар күш-жігерін Орталық Қазақстан геологиясын, әсіресе, осындағы пайдалы қазбаларды халық шаруашылығы қажетіне жарату ісіне бағыштады. Оның ең алғашқы “Жезқазған мыс кенді ауданы және минералдық байлықтары” деген монографиялық еңбегі 1932 жылдың өзінде-ақ жарық көрген болатын. Жас ғалым бұл шығармасының “Жезқазған кен орындарының түп-төркіні” деген тарауында осы өңірдегі кен орындарының гидротермальдық төркіні бар деген болжам ұсынды.

Жалпы, оның зерттеулері Ұлытау-Жезқазған аймағында ірі мыс кенінің көздерін ашуға мүмкіндік берді. Сәтбаевтың ғылыми ізденістерінің ауқымдығы және оның Кеңес Одағының сол кездегі ауыр өнеркәсіп халық комиссары Серго Орджоникидземен тікелей кездесуі Үлкен Жезқазған өңірін өндірістік тұрғыдан игеру мәселесін оңынан шешті: нарком Жезқазған мыс қорыту комбинаты құрылысын бастау жөніндегі бұйрыққа қол қойды.

Осыған орай 1938 жылғы 2 қарашада Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің арнайы қаулысы қабылданып, онда “КСРО Ғылым академиясының Орталық Қазақстан экспедициясының кенді және кенсіз пайдалы қазбалар, сондай-ақ су көздерінің геологиялық дамуы мен таралу заңдылықтарын зерттеудегі ұланғайыр практикалық және ғылыми-тео-

риялық маңызы атап өтілді”, ал мұның өзі “Орталық Қазақстан аймағындағы пайдалы қазбаларды жоспарлы түрде іздестіру ісін нақты теориялық негізге қоюға мүмкіндік береді”. Қаулыда геологтардың тапқандары алюминий, темір, вольфрам, мыс, калий немесе азот тұқтарын өндіру, өнеркәсіп ошақтары мен ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету ісін жолға қоюға мүмкіндік беретіндігі атап көрсетілді.

Соғыс алдындағы жылдары Жезқазғанға толайым берілген Қаныш Имантайұлының ой өрісі ендігі жерде Жезқазған - Ұлытау аймағын, одан Орталық Қазақстанды қамтыса, ақыры бүкіл республиканы орап алды. Оны Қазақстанда қай индустрияның болмасын түп қазығы - өз шойыны мен болатын өндіру ісін жүзеге асыру идеясы баурап алды. Ол 1940 жылы жоғарғы билік орындарына республикада қара металлургия комбинаты құрылысын қолға алудың қажеттігін дәлелдеп хат жазды. Оның пікірінше, болашақ комбинаттың шикізат қоры - Атасу темір кенінің көзі және Қарағандының кокстелетін көмірі. Сәтбаев Атасудың Қарағанды - Жарық - Жезқазған темір жолынан небәрі 50 шақырым жерде тұрғанына назар аударады. Бұл құжатта құрылыс материалдарының молдығы да, сумен жабдықтаудың оңайлығы да тілге тиек болған. Сөйтіп, осынау шұғыл жазбалардың өзінен болашақ металлургия зауытының бейнесі анық бой көрсеткен.

Ғылымның жасампаздық күш-қуатына Ұлы Отан соғысы елеулі сын болды. 1941 жылдың қазан айында Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанынан ғылымның сан саласындағы ғалымдарды біріктірген ғылыми-техникалық кеңес пен тұрақты ғылыми-техникалық комиссиялар құрылды. Бұл қадам қорғаныстың маңызы бар мәселелерді барынша тезірек шешуге ғылыми күштерді тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

Қ.И.Сәтбаев КСРО Ғылым академиясының Қазақстан, Орал және Батыс Сібір ресурстарын қорғаныс мүдделеріне жұмылдыру жөніндегі комиссиясының мүшесі болып сайланды. Ол ауыр өнеркәсіп комиссиясына басшылық жасады, сонымен бірге 1941 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесі (1946 жылдан - Қазақ КСР Ғылым академиясы) Геология ғылымдары институтының директоры болып тағайындалды.

Ел уақытша батыс аудандарда игерілген маңызды шикізат көздерінен айрылған соғыстың ауыр жылдары Қ.И.Сәтбаев-

тың басшылығымен жүргізілген геологиялық зерттеулер қорғаныс өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз етумен тікелей байланысты мәселелерді шешуге бағытталды. Ашылған стратегиялық шикізат көздерін игеру тез арада жүзеге асырылды. Найзатас пен Жездіден Қ.И.Сәтбаев ашқан марганец кеніштері сол кездегі Орал мен Сібір қара металлургия өнеркәсібінің мұқтаждарын толығынан өтеп тұрды.

Әсіресе, Жезді кен орнындағы марганецті өндіру және Оралға, Магнитогорск металлургия комбинатына жөнелту үлкен роль атқарды. “Кеңес Одағының 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының тарихынан” Жезді кен орнындағы кеніштер іске қосылғаннан кейін елдің шығыс аудандары Одақтағы бар марганец кенінің 84,6 процентін бере бастағаны жайлы оқуға болады. “Шығыстағы зауыттарда ферромарганецті балқытып шығаруды жүзеге асыру ірі әскери ұрыста жеңіп шыққанмен пара-пар болды” деп жазылған онда.

Сондай-ақ Орталық Қазақстанда орналасқан кеніштерде өндірілген түсті металдар, вольфрам, молибден майдан үшін көп көмек болды, әрі Қарағанды металлургия комбинатының шикізат базасы құрылды. Сонымен бірге өндіріске кенді кенішті түрде пайдалану тәсілдері енгізілді - ал, соғысқа дейін кенді құрайтын көптеген қосалқы бөлшектер босқа рәсуа болатын. Қ.И.Сәтбаев бастаған ғалымдар жаңадан ашылған темір кендері негізінде қуатты ферроқорытпалар зауытын салу қажеттігін дәлелдеп берді.

1943 жылдың аяғында-ақ Қаныш Имантайұлы түсінікті мақтанышпен “Бұл күнде Қазақстан қойнауларының бар байлығы Отан қорғау ісіне жұмылдырылған. Гитлер жауыздарын жайратып жатқан әр он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылған. Танкілердің жартысынан астамы қазақстандық молибденнен құйылған сауытқа оранған. Барлық патрондар мен снарядтардың үштен бірден астамы, армиядағы байланысқа қажетті қондырғылардың көпшілігі де қазақстандық мыс қорытпаларынан жасалған” деп айта алды.

Қазақстанның ресурстарын қорғаныс мұқтаждарына жұмылдыруда Қ.И.Сәтбаев басқарған Геология ғылымдары институты көп шаруа тындырды. Бұл институттың және Қазақ геология басқармасының экспедициялары (ал олардың саны 1941 жылғы 48-ден 1944 жылы 130-ға өсті) қара, түсті және сирек металдар, жанатын пайдалы кен көздерін, су және

гидроэнергетикалық ресурстарды ашты. Тек 1943 жылдың өзінде ғана экспедициялар 25 мың шаршы шақырым аумақты зерттеп, елуден астам объектіні ашты. Соғыстың аяғына таман вольфрам, молибден және қалайы сияқты сирек металдардың 500-ге жуық көздері тіркеліп, олардың 150-іне барлау жүргізілді, қорлары есепке алынды. Қарағандыдағы жаңа көмір шахталарының көзі ашылды, Екібастұздағы барлау жұмыстары да оң нәтижесін берді. Тыңнан 13 көмір шхатасының негізі қаланды, 20-ға жуық әртүрлі кен көздері ашылып, мұнай кеніштері іске қосылды.

Қ.И.Сәтбаев КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесін басқаруға да көп күш-жігерін жұмсады. Қаныш Имантайұлының орасан ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында соғыс жылдары алдарына түсті металдар мен сирек элементтер кеніштерін ашу басты міндет етіп қойылған 260 экспедициялық отряд жасақталды. Оның бастауымен қорғаныс өнеркәсібін дамытуға аса қажетті, мырыш, никель және кобальт кен орындары кеңінен зерттелді, Жақсы Арғанаты өңірінде молибден, вольфрам кендерінің көзі ашылды. Жалғыз мына бір санның өзі көп жайды аңғартқандай: 1943 жылдың өзінде Академия бөлімшесінде елуден астам аспирант білім алса, тек үш соғыс жылының өзінде-ақ бөлімше ұжымы 276-дан 700 адамға дейін өсті, ал ғылыми жұмыстар ауқымы үш еседен астам көбейді.

Соғыс жылдары Қарағанды көмір ошағының стратегиялық маңызын жете түсінген Қ.И. Сәтбаев бұл өңірге баса көңіл бөле бастады. Жалпы, ол Қарағандыға 1927, 1949 және 1958 жылдары арнайы келіп кетті. Айтқандайын, ол 1946, 1950 және 1962 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесіне Қарағанды облысынан депутат болып сайланды, 1958 жылы оның тікелей атсалысуымен Қарағанды Химия-металлургия институты ашылды, кейін (1983 жылы) бұл мекеме республика Ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесін құруға негіз болды. Республикалық газеттер мен журналдардың беттерінде данышпан ғалымның Қарағанды бассейнінің көкейкесті мәселелеріне арналған бірқатар мақалалар жарық көрді.

Соғыстың қиын-қыстау жылдарында оның тапсырмасымен біздің облысқа бірнеше рет ғалымдардың арнайы тобы жіберіліп тұрды - олар шахталармен жан-жақты танысып, тау-кен жұмыстарының жағдайын бағамдап, кокстелетін көмір

өндірісін кеңейтудің жолдарын белгілеп берді. Қарағанды көмірін кокстеудің маңызы өте зор болатын, тек мұндағы көмір алдын-ала байытуды талап ететін еді. Екінші жағынан Қарағанды өңіріндегі өндірістік қондырғылардың қуаты байыту жұмыстарын кең арнаға қоюға мүмкіндік бермейтін. Ғалымдар күні бұрын байытуды қажет етпейтін жоғары сапалы көмір қыртыстарын тапты.

Бір сөзбен айтқанда, егер Қ.И. Сәтбаев соғыс қарсаңындағы жылдары геолог ретінде Жезқазғанның түсті металлургияны дамытудағы маңызын анықтаса, соғыс жылдары республиканың ғылыми күштеріне басшылық жасап, өзін ғылымның тамаша ұйымдастырушысы ретінде де таныта білді.

Елдің халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны әрі дамытудың міндеттерін табыспен жүзеге асыру көп жағдайда ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұлғайту, ғылымның тиімділігін арттыруға, ғылыми мекемелер жүйесін кеңейтуге бағынышты болатын. Бұл кезеңде шет аймақтардағы ғылымды дамытуға, жаңа ғылыми орталықтарды көптеп ашуға баса көңіл бөлінді.

1945 жылғы 26 қазанда КСРО Халық Комиссарларының Кеңесі КСРО Ғылым Академиясының Қазақ бөлімшесін Қазақ КСР Ғылым академиясы етіп қайта құруға қаулы қабылдады. Осыған орай Қазақстан П(б) Орталық Комитетінің 38 жасар хатшысы Мұхамеджан Әбдіқалықов басқарған үкіметтік комиссия құрылды. Архивте сақталған анықтамаға қарағанда, болашақ академияның құрамына ұсынылған кандидатураларды талқылау астананың жоғарғы оқу орындарының 37 және республиканың өзге қалаларының 12 ғылыми кеңестерінде талқыланған екен. Талқылауға бір мыңнан астам адам қатысыпты. Бұл кезде Қазақстанда 76 ғылым докторы және ғылымға еңбегі сіңген қайраткерлер болған - осының өзі-ақ үміткерлерді кеңінен іздестіруге мүмкіндік берген сыңайлы.

1946 жылғы 1 маусымда Қазақ КСР Ғылым академиясының ашылу салтанаты болды. Мұнда М.Әбдіқалықов республика басшы органдарының 1946 жылғы 31 мамырда қабылдаған “Қазақ КСР Ғылым академиясын құру туралы” қаулысының мәтінін жария етті. “Қазақстандағы ғылымның жағдайы және оны дамытудағы негізгі міндеттер туралы” баяндаманы Қ.И. Сәтбаев жасады.

Академияның алғашқы құрамына Қазақ КСР Ғылым ака-

демиясының 14 академигі - Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов, А.Б. Бектұров, И.Г.Галузо, М.И.Горяев, А.Қ.Жұбанов, В.Г.Кассин, С.К.Кеңесбаев, Н.В.Павлов, М.П.Русаков, Н.Т.Сауранбаев, Г.А.Тихов, В.Г.Фесенков, С.В.Юшков, сондай-ақ 16 мүше-корреспондент - Х.К.Аветисян, Н.О.Базанова, А.И.Бессонов, С.Н.Боголюбский, Р.А.Борукаев, А.В.Бричкин, А.М.Фаббасов, Х.Ж.Жұмалиев, Ә.Х.Марғұлан, А.Ж.Машанов, К.М.Мыңбаев, А.П.Полосухин, В.И.Смирнов, А.Н.Сызганов, Г.Н.Удинцев, М.И.Усанович сайланды, сонымен бірге Академияның құрылымы мен жарғысы бекітілді.

М.О.Әуезов, Н.В.Павлов пен Г.А.Тиховтың ұсынысы бойынша Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1946-1952 және 1955-1964 жылдар) сайланды. Сол жылғы қазан айында Қ.И. Сәтбаев КСР Одағы Ғылым академиясына геология-география ғылымдары бөлімі бойынша толық мүшелікке өтті. Сөйтіп, ол Одақ көлеміндегі тұңғыш академик - қазақ ғана емес, Кеңестік Шығыстағы ғалымдардың арасынан шыққан алғашқы академик болып шықты.

Қ.И. Сәтбаев өзіне ғана тән күш-қуат және жігерлікпен көптеген ғылыми ұжымдардың жұмысын бір арнаға бағыттай білді. Оның үстіне ол тұста жеке зерттеушілер ғана емес, жеке ғылыми ұжымдардың да кезең-дәуірі аяқталған болатын. Мұндай аласапыран жұмыс тауқыметін тек Сәтбаев сияқты алапат қуат иесі әрі таудай беделі бар ғалым ғана көтере алары айқын еді. Бұл жүк тіпті, оған да оңай тиген жоқ.

Қаныш Имантайұлы Академияны басқарған уақыт жаңа ғылымдар, ғылымдағы тың бағыттар туындаған кезеңмен, ескі ғылыми тұжырымдамалардың көпшілігі қайта қарастырылған мерзіммен тұспа-тұс келді - ғылыми-техникалық революция, ғылыми-техникалық прогресс тап сол кезде қанатын кеңге жайған еді.

Алдағы ортақ мақсатқа орай бірігуге тиісті ғылыми ұжымдар да бір-бірлеріне ұқсамайтын күрделі құрылымдар болатын. Ал президент болса, олардың әрқайсысына қажетті қарым-қатынасты таңдай білуі керек. Республиканың түкпір-түкпірінде қадау-қадау орналасқан институттардың жұмыс тәсілі сан қырлы болса, кейде тіпті, қарама-қарсы көзқарастарды ұстанатын. Бұл ұжымдарды басқаратын адамдар да бір-бірлеріне мүлде ұқсамайтын - талант дегеніңіз біріне бірі

қиыспайтыны белгілі жайт қой ...

Енді осынау күрделі жағдаяттарға ғылымды жоғарғы оқу орындық, академиялық және салалық ғылым деп бөлшектеуді қосыңыз. Өмір көптеген жағдайларда іргелі ғылымдар мен қолданбалы ғылымдар арасындағы шекаралардың араласып кетуіне жол ашса да, көптеген зерттеушілер зердесінде ғылымдар кестесі бұрынғыша бекініп қалған. Осыдан кейін-ақ, президентке сан саладағы ғалымдардың ынта-жігерін бір арнаға бағыттаудың қаншалықты қиын іс екенін пайымдауға болатын шығар, сірә...

Қ.И.Сәтбаев осынау толағай тапсырманы қолға алған әрбір міндетті абыроймен аяғына дейін апаратын әдетімен жүзеге асыра білді. Бұл оның және бір ерекшелігі еді - ол қандай ірілі-уақты іс болсын, оң нәтижеге жеткізіп қана тыныс табатын.

Арада екі-ақ жыл өтісімен, 1948 жылдың өзінде Қаныш Имантайұлы КСРО Ғылым Академиясының президенті, академик С.И.Вавиловқа жолдаған жеделхатында былай деп жазды: "Ұлттық академиялар жүйесіндегі ең жас ұжым болып табылатын Қазақ КСР Ғылым академиясы шамалы ғана уақыт ішінде ірі ғылыми-зерттеу мекемесіне, республика ғылыми ілім орталығына айналды. Қазірде Академия құрамына 42 ғылыми-зерттеу мекемесі (олардың қатарында 16 институт бар) кіреді, Академияның ғылыми мекемелерінде 1800-ден астам қызметкерлер жұмыс істейді, олардың қатарында 84 ғылым докторлары мен профессорлар, 238 ғылым кандидаттары мен доценттер, 200-ден астам аспиранттар еңбек етеді, ал олардың елеулі бөлігін республика халқының жергілікті өкілдері - қазақтар құрайды".

Академия президенті Қ.И.Сәтбаев басқарған Қазақстандағы ғылым дүркіреп дамуын жалғастыра берді. Қазақ КСР Ғылым академиясының жүйесінде 1950 жылдың аяғын ала 50 ғылыми-зерттеу мекемесі, оның ішінде 19 институт, 16 сектор, екі мұражай, обсерватория, үш ботаникалық бақ және 8 ғылыми қойма жұмыс істеді, 500-ге жуық аспирант дәріс алды. Елуінші жылдардың аяғына қарай Академия мекемелерінде 100-ге жуық академиктер мен Академия мүше-корреспонденттері еңбектенді.

Өкінішке орай, академик Қ.И.Сәтбаев тағдыры кедір-бұдырлы бұралаңдардан да кенде болған жоқ. Ғылым академиясы шаңырағын көтеріп, іргесін бекітпей жатып идеоло-

гиялық тұрғыдан сан-салалы тегеуірінді тексерістерге килікті. Ғылым академиясының президенті Қ.И.Сәтбаев пен С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Т.Т.Тәжібаевқа ұлтшылдық идеяларды ту етіп көтерген сенімсіз адамдарға қамқорлық көрсетті деген айып тағылды.

1950 жылғы 26 желтоқсанда “Правдада” Т.Шойынбаев, Х.Айдарова және А.Якуниннің “Қазақстан тарихының мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық” деген мақаласы жарияланды. Осы мақаланы талқылау барысында республиканың Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов, Е.Бекмаханов, А.Қ.Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Б. Сүлейменов, Е. Ысмайлов сияқты аса көрнекті ғалымдары беталды қаралауға душар болды. Осындайда ұлы Беранженің мына бір жолдарын қалай еске алмасқа:

“Біз оларды қудалаймыз өлгенше,
Сонан соң келіп асығамыз солардың
Тас мүсінді ескерткішін көргенше!”

Қаныш Имантайұлы тағдыр сынын қарсы алды да, басын иеместен, өз жолын абыроймен жүріп өтті. Ол өзінің ғылыми сенімін қашан болсын қорғап қала алатын, сондай-ақ өнегелілік көзқарасынан да таймай кетті. Оған лауазымдыларға бас иіп, жалпақтау дегеніңіз мүлде жат болатын.

Еліміздегі кейбір көпірме демагогтардың ұрыс-керістері салдарынан Қ.И.Сәтбаев пен М.О.Әуезов республикадан тыс жерге кетуге мәжбүр болды. “Правдадағы” мақала ірі тарихшы-ғалым Е.Бекмахановты оның “Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-шы жылдарында” деген кітабы үшін саяси тұрғыдан аяусыз жазалауға даңғыл жол ашып берді: ол 25 жылға сотталып, ГУЛАГ-тың қияндағы лагерьлерінің біріне айдалып кете барды. Ол аздай-ақ медицина, биология, геология саласындағы бір топ ғалым Қазақ КСР Ғылым Академиясы мекемелерінен және жоғары оқу орындарынан қуылды.

Академик Е.А.Бөкетов өзінің белгілі очеркінде Қазақстан әдебиетшілерінің ішінен бірінші болып сол жылдары Қ.И.Сәтбаевтың маңдайына қатты тиген тағдыр соққылары жайлы қалам тартқан болуға керек. Ол бұл шығармасына эпилог етіп Владимир Маяковскийдің мына бір жолдарын бекерге алмаған шығар:

“Қай
ұлы тұлға

қай кезде
Таңдап па еді
Даңғыл жол?!“

Рас, әрбір ұлы ғалымның өз тағдыры бар. Мына жалған-да адамзаттың екі-ақ нәсілі бар, олар - жақсы адамдар және жаман адамдар. Қ.И. Сәтбаев болса, өзінің бар болмысымен жақсы адамдар нәсілінің биігінен орын алған еді. Оның болмысындағы барша ірілі-уақты параметрлерді өзгелерге телу, өзгелерден іздеу мүмкін емес еді - олардың барлығы тек Сәтбаевтың бейнесін жарқыратып, оның философиясын, сенімін, өмірден түйген тұжырымдамаларын айғақтай тұратын. Өмірден түйгені мол рухы күшті ол сондай-ақ өзгелерге ыждаһатпен, ілтисатпен қарайтын. Қазақстан ғылымының ақсақалы, Сәтбаевтың шәкірті Шапық Шөкин былай деп еске алады: “Мен онымен бірге 20 жылдан астам еңбек еттім. Ол ғажайып тұлға еді - әрі ғұлама ғалым, әрі шебер ұйымдастырушы: әдетте мұндай қасиеттер әдемі астасқан күйде бір ғана адамның бойынан табыла бермейді. Бұл тұрғыдан Қазақстанның жұлдызы биіктен сәуле шашты деуге әбден болады. Ол өте талапты басшы болатын - баршамызды қажетті қашықтықта ұстайтын. Ешкімге ешқашан дауыс көтермейтін, бірақ сөйтіп-ақ, елді лезде тәртіпке шақырып, олардың қабілетін қайрап жіберетін. Ал бұл оңай шаруа емес қой...”

Бүгінде академик Қ.И. Сәтбаевтың ерен еңбегінің маңызы баршаға аян болды. Сөйтсе-дағы, (салыстыру үшін) Қаныш Имантайұлынан ертерек еңбек еткен даңғайыр ғалым Эрнест Резерфорд жайлы айта кеткен абзал болар. Бірде оның достарының бірі былай деген екен: “Резерфорд, сіз бақытты адамсыз - әрдайым толқынның биік жалынан көрінесіз!” Сонда іле мынандай жауап алыпты: “Әрине. Өйткені, сол толқыныңызды өзім қотарамын ғой...” Мүлде жаңа ғылым - ядролық физиканың негізін қалаған ұлы ғалым осылай жауап қайтарыпты.

Шындығында, Қ.И. Сәтбаев пен ұдайы да ұланғайыр еңбек деген ұғымдарды бөліп қарау мүмкін емес. Онсыз жалғыз адамның ғұмырында қалайша көп шаруа тындыруға болатынын түйсіну және мүмкін болмайды. Ұлы ғалым, талантты ұйымдастырушы, көрнекті қоғам қайраткері, ұланғайыр білім мен ілім иесі - міне, ол замандастары мен ұрпақтарының зердесіне осы бейнесімен мәңгі сақталып қалды.

Қ.И.Сәтбаев - 640-тан астам ғылыми еңбектердің авто-

ры. Оның негізгі туындылары Қазақстанның кен көздері мен минералдық ресурстарының геологиясына арналған. Сонау соғыс жылдарының өзінде-ақ он бес жылғы ерен еңбегін қорытындылаған “Жезқазған өңірінің кенді орындары” деген теориялық туындысы үшін оған Мемлекеттік сыйлық берілді. Республика басшылығының осы оқиғаға орай 1942 жылғы 19 сәуірдегі “Казахстанская правда” газетінде жарияланған құттықтауында мынандай жолдар бар: “Сіздің Қазақстанның кенді аймақтарын игеру жөніндегі еңбегіңіз тек геология ғылымына қосылған сүбелі үлес қана емес, ол ең алдымен неміс-фашист шапқыншыларын талқандау ісіне қалтқысыз қызмет етеді”.

Сөз жоқ, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Қазақстанның өндіргіш күштерін дамытудағы сіңірген еңбегі ұланғайыр. Оның іргелі ізденістері Қазақстанда жаңа өндірістік салалар - қара және түсті металлургияны дамытуға кең жол ашты. Ол - кеңестік және қазақстандық металлогения ілімінің негізін қалаушы. 1953-1956 жылдары Қ.И.Сәтбаевтың басшылығымен бір топ ғалымдар Орталық Қазақстанның металлогениялық болжамды картасын жасап шықты. Мұндай проблеманы жүзеге асырып, бір арнаға түсіру үшін, сөз жоқ, Қаныш Имантайұлының терең білімімен қоса ұланғайыр ұйымдастырушылық таланты да кәдеге асты.

“Металлогениялық болжамдық карталар, - деп жазды Қ.И.Сәтбаев, - қажет болғанда осынау аймақтың геологиясы мен металлогениясы жөніндегі қазіргі уақыттағы бар білетінімізді айқын суреттей алады”. Шындығында, металлогения саласындағы зерттеулер уақыт өте келе орасан зор практикалық маңызға ие болды. Кейінде металлогениялық болжамдық карталар еш адастырмайтын, тура жөн сілтейтін компасқа айналды: геологтар олардың көмегімен Қазақстанда жүздеген жаңа кен көздерін ашты.

1959 жылы геология ғылымының жаңа саласы - металлогенияны (табиғатта минералдық шикізат көздерінің таралу заңдылықтарын зерттейтін ілім) жасаушылар Қ.И.Сәтбаев (жетекші), И.И.Бок, Р.А.Борукаев, Г.Б.Жилинский, И.И.Новохватский, Г.Н.Щерба, Д.Н.Казанли және Г.Ц.Медоевқа Лениндік сыйлық берілді.

Қ.И.Сәтбаевтың қоғамдық қызметі ауқымды да жан сүйсінерлік. Мемлекет алдындағы сіңірген еңбегі үшін ол төрт рет Ленин орденімен, екінші дәрежелі Ұлы Отан соғы-

сы орденімен марапатталды. 1947-1964 жылдары Қаныш Имантайұлы КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Комитет Президиумының мүшесі, 1961-1964 жылдары КСРО Ғылым Академиясы Президиумының және геология-география ғылымдары бөлімшесі бюросының мүшесі болса, 1962-1964 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесі Одақ Кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланды, партияның XX, XXI және XXII съездеріне қатысты.

Қазіргі уақытта осынау толағай тұлғаны қошеметтеу жолында бірқатар шаралар жүзеге асырылды, алда бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра берген абзал деп есептейміз. Академик Қ.И.Сәтбаевтың құрметіне жаңа ашылған минералға ат қойылды (сатпаевит), оның есімі Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтына (Алматы), Қарағандыдағы көшеге, Қарағанды облысындағы қала мен кеншарға берілді. 1979 жылғы маусым айында Қырым астрономы Н.С.Черных N2402 кіші планетаны ашып, ол Планетааралық орталыққа әлгі астероидқа ұлы ғалым Қ.И.Сәтбаевтың есімін беруді өтінді. "2402. Сәтбаев" астероидының диаметрі 11 километрге жуық, ол Күнді үш жыл және 3,7 айда толық айналып шығады, ал Жердің өзі бір жыл бес ай сайын әлгі кіші планетаны қуып жетіп, қасынан өтіп отырады екен. "Сәтбаев" планетасын әрдайым Торпақ шоқжұлдызынан көруге болады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1964 жылғы 30 қаңтарда дүниеден өтті. Оның ұрпақтарына қалдырған орасан зор ғылыми мұрасы өз халқының рухани байлығының шоқтығы, биік мұнарасы іспеттес. Академик Қ.И.Скрябиннің белгілі бір ғалымға баға бергенде айтқан мына сөздерін: - "Ондай тұлғалар салыстырмалы түрде көп емес, олар адамзаттың алмас қорын құрайды" дегенін толайымен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа да бағыштауға болады, өйткені ол Ғылым идеалдарына қалтқысыз қызмет етті, әрі алыстағы Болашаққа қияннан көз тастай білді!

“Ғылым прогресі ғалымдар
еңбегінің құндылығымен және
оның ашылуымен ерекшеленеді”
(Пастер)

ҒЫЛЫМҒА DAҒҒЫЛ ЖОЛ САЛҒАН

Ғылымда жекелеген тұлғалардың ерте бастан-ақ болмыс-бітімі айрықша көзге түсетін сәттері кездесіп тұрады. Солардың бірі қазақ интеллигенциясы арасында биология ғылымының бірінші докторы, Қазақстанда ауыл шаруашылығы және биология ғылымдарының негізін салушылардың бірі, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Кәрім Мыңбаев болатын. Ол 1906 жылы Нұра ауданының Қызыл диқан ауылында туған.

К.Мыңбаев аз-ақ жыл ғұмыр кешсе де, өмірі мен еңбегі арқылы өшпес өнеге қалдырған санаулы адамдардың бірі. Ол туралы газет-журналдарда мардымды дүниелер жазылған жоқ. Архивтік құжаттарға сүйенетін болсақ, оның ғылыммен бала кезінен-ақ айналысқанына, Қазақстанда ауыл шаруашылығы мен биология ғылымдарын дамытуға елеулі үлес қосқандығына көзіңіз жетеді. Біздің республикада ғылымның осы саласының қалыптасуы мен дамуы 20-шы жылдардан бастау алады. 1925 жылы Қазақ санитарлық-бактериологиялық институты мен ғылыми-зерттеу мал дәрігерлік институты ашылған болатын. Келесі жылы тыңайтқыш және агропырақ тану ғылыми-зерттеу институты бой көтерді. Келесі жылдары мал шаруашылығы (1933 жылы) және жер өңдеу институттары (1934 жылы) ашылған еді. 1936 жылы Қарағанды ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы алғашқы тәжірибе жұмыстарын жүргізе бастады. 1940 жылы республиканың ғылыми-зерттеу мекемелері жүйесіне іргелі ғылыми орталық - Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының Қазақ филиалы қосылды. Әрине, осындай іргелі жұмыстардың басы-қасында, олардың қалыптасуына Х.Д.Чурин, Д.А.Зыков, А.Д.Дауылбаев секілді білікті ғалымдармен қатар Кәрім Мыңбаев та елеулі үлес қосты.

Мыңбаев биохимия, өсімдік тану ғылымына көп еңбек сіңірді. Өзінің көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерінде ауыл шаруашылығын дамытуға қажетті табиғи ресурстарды зерттеумен қатар, тұзды, сортаң, құрғақ жерлерді ел игілігіне

пайдалану мәселелеріне айрықша көңіл бөледі. Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу мүмкіндігін ғылыми дәлелдермен тұжырымдады. Ол өзінің шәкірттерімен бірге көк сағыз, тау сағыз мәселелерін жан-жақты және физиологиялық жағынан зерттеді. Оның осы саладағы еңбектері нақты ғылыми дәлелдерімен және теориялық негіздерімен құнды. Оның “Дамудың биологиялық ерекшеліктері және селекцияның жаңа тәсілдері” (1946 ж.), “Бетпақдала шөлейті” (1948 ж.), “Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыру жолдары” (1948 ж.) еңбектері ғалымның білімдарлығы мен біліктілігін айғақтап берген құнды монографиялар бола алады.

Кәрім өзінің қысқа ғұмырында 300-ден астам ғылыми еңбектер жариялап, оның әрқайсысында ауыл шаруашылығы мен биологияға қатысты іргелі мәселелерді ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, тұжырымдап бере алды. Ол тұқым қуалаушылық, организмнің жетілу, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы заңдарын толыққанды біле отырып, биологиялық процестерге ықпал етуге болатынын дәлелдеп берді. Осынау ғылыми тұжырым бүгінге дейін өз маңызын жойған емес.

Кәрім Мыңбаев 1942-1944 жылдары Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарады. Екінші шақырылған республика Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланады. 1944 жылы ол докторлық диссертациясын қорғап, ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының төрағасы болады. Сонымен бірге Қазақ мемлекеттік университетінде дарвинизм кафедрасын, ауыл шаруашылығы институтында селекция және генетика кафедрасын басқарады.

1946 жылы 1 маусым Қазақстан Ғылым академиясының салтанатты ашылуы болады. Оның бастапқы құрамына 14 академик пен 16 мүше-корреспондент енеді. Солардың бел ортасында К.Мыңбаев та мүше-корреспондент болып сайланады. Бұл білікті ғалымның республикада ауыл шаруашылығы мен биология ғылымының қалыптасу және даму барысына қосқан қомақты үлесіне берілген баға десек те артық емес.

Кәрімнің ғылыммен айналысқан кезеңі дәл бүгінгіден де қиын кезең ғой. Соған қарамастан өз мақсаты мен арманы жолында, ғылым үшін, халықтың болашағы үшін жатпай-тұрмай еңбек еткен азаматтық, ғалымдық биік тұлғасы мен

болмыс-бітімі қашан да үлгі болуы керек-ақ. Ол сол кездің өзінде-ақ жас мамандарды даярлауда да айтарлықтай еңбек сіңірді. Оның жетекшілігімен 5 докторлық және 40 кандидаттық диссертация қорғалды.

Артына өшпес мол мұра қалдырған ғалымның өмірі кенеттен, бар-жоғы 42 жасында, 1948 жылы қиылды. Аз ғана ғұмырында осыншалық еңбек қалдырып, жаңа-жаңа ғана қалыптасып келе жатқан ауыл шаруашылығы және биология ғылымдарының көкжиегін салып берген Кәрім Мыңбаевтың есімі мен атқарған, тындырған қыруар еңбегі қашан да халық зердесінде қалып, тарих шежіресінен лайықты орын алуы шарт. Ендеше, облыс және аудан әкімшіліктері К.Мыңбаев есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында тындырар жұмыстарының жеткілікті екендігін ұғынар кез келгенін пайымдай жатар деген үміттеміз. Бұл тұрғыда Қарағанды қаласы мен Киевкадағы көшелердің біріне Кәрім Мыңбаев есімін берер кез туған секілді. К.Мыңбаев еңбектерін қайтадан жарыққа шығару және оларды осы сала институттарында оқулық есебінде оқыту мәселелерін қарастырса да артық болмас еді. Бұл қазақтың аяулы азаматтарының бірі Кәрім Мыңбаев аруағы алдындағы бүгінгі ұрпақ парызының бір өтеуіне жатар еді.

“Адамның еркі мен еңбегі
Тудырар небір кереметтерді!”

(Н.А.Некрасов)

ЗАМАНЫНА САЙ ӨТКЕН ӨМІР

Ғұмырында өмір бойы бойындағы қайраты қайнап, не бір іргелі істердің бел ортасында білек сыбанып өтетін адамдар болады. Сондай жандардың бірі – Файзулла Серғалиұлы Серғазин. Оның еңбек жолы туған өлкеміздің тарихымен тығыз тамырласып, өзіндік із тастап кетті. Әсіресе, Ф.С. Серғазиннің Қарағанды көмір бассейнінің қалыптасуына, дамуына сіңірген еңбегі айрықша.

Ол туралы өмірде өз орнын алуға асыққан, уақыттың өзінің алдында жүруге ұмтылған адам деуге болар еді. Оның инженерлік, мемлекеттік, қоғамдық және ғылыми қызметінің ауқымын шағын мақалада айтып шығу мүмкін емес.

Ф.С. Серғазин 1910 жылы Ақмола облысының Атбасар ауданындағы “Қызылтаң” колхозында дүниеге келді. 30-шы жылдары көптеген қазақ жастарымен бірге Мәскеу тау-кен институтында білім алды. Оны 1936 жылы үздік бітіріп, туған өлкеге қайтып оралды.

1936-1938 жылдары Калинин атындағы шахтада учаске бастығы болып жұмыс істеген соң, Федоровка кенішіне бас инженерлікке жоғарылатылды. Кейіннен “Қарағанды көмір кеніші” тресінің бас инженері болып қызмет істеді.

Еңбек жолының алғашқы сатыларында-ақ білікті маман ретінде тез көзге түскен жас жігіт соғысқа дейінгі, соғыстан кейінгі жылдары өзінің бар күш-жігері мен тәжірибесін елді отынмен қамтамасыз етудің мемлекеттік жоспарының орындалуына жұмсады. Әсіресе, соғыс жылдарында көмір майданға ауадай қажет болғандығы белгілі. Сондықтан мұны жақсы түсінген Серғазин күндіз-түні шахталардан шықпай кеншілердің жұмыс істеуіне үлкен үлесін қосты. Жеңістен кейін де Қарағанды көмір бассейнінің бұрынғы одақтас республикалардағы кәсіпорындар үшін маңызы аса зор болды. Күрделі кен-технологиялық жағдайға техниканың тәпшылығына қарамастан отын өндірудің көлемін төмендетпеу талап етілген еді. Міне, сол кездері жергілікті кеншілер қыр үстіне көмір шығарудың әйгілі талай әлемдік рекордтарын жасаған еді.

Жас инженер шахталар мен кеніштерді техникалық жағынан қайта жарақтандырмай, еңбек етуге жақсы жағдай туғызылмай саланы дамыту қиын екендігін түсініп, осы мақсаттарды жүзеге асыруға әріптестерін жұмылдыра білді. Оның тікелей бастамасымен бассейн шахталарын техникалық жарақтандыру бойынша жан-жақты жұмыстар жүргізілді. Аз жылдар ішінде ғана көмір өндірудің басты процестері – тиеу мен тасымалдау толық механикаландырылды. Соның нәтижесінде 1955 жылы Қазақстанның бүкілодақтық көмір өндірісіндегі үлес салмағы 1913 жылмен салыстырғанда 0,3 проценттен 7,1 процентке көтерілді.

1952 жылы Мәскеудегі көмір өнеркәсібі Академиясын бітірген соң Серғазин Қарағандыға ең ірі “Ленинкөмір” тресіне басшылыққа келді. Ал 1957-1967 жылдары Қарағанды экономикалық ауданы совет халық шаруашылығы төрағасының бірінші орынбасары, Қарағанды өнеркәсіптік облыстық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. Осы уақытта Файзулла Серғалиұлының ұйымдастырушылық, басшылық, инженерлік таланты бар қырынан танылды.

Бұл жылдары ол Қарағанды және Екібастұз көмір бассейндерін дамытуға айрықша еңбек сіңірді. Сала кадрларын даярлау мен тәрбиелеуге ерекше қамқорлық жасады. Ол негізгі қызметінен қол үзбей жүре Қарағанды политехникалық институтында пайдалы кен қазбалары көздері туралы студенттерге дәріс оқыды. Ғылыми ізденістермен қоса шұғылданды. Көмір өндірісіне байланысты жазылған көптеген проблемалық мақалалары, монографиялық зерттеулері ғалымдар, мамандар тарапынан жоғары бағасын алды.

Өмірінің соңғы жылдарында Серғазин республика көмір өнеркәсібі басқармасы күрделі құрылыс жөніндегі бастығының орынбасары міндетін атқарды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев “Уақытым туралы” кітабында: “Қарағанды көмір бассейнінің дамуына өмірден ерте кеткен талантты инженер Серғазин үлкен үлес қосты”, - деп жазды.

Ф.С.Серғазин қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Ол халық депутаттары облыстық Кеңесінің бірнеше рет депутаты, республика жоғары Кеңесінің депутаты, Жоғары Кеңестің өнеркәсіп пен көлік жөніндегі тұрақты комиссиясы-

ның төрағасы болып сайланды. Мемлекет алдындағы сіңірген еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет белгісі” орденімен марапатталды.

Файзулла Серғазин 1971 жылы өмірден өтті. Ол армандаған, бітірмеген қаншама істер алдында тұр еді. Бүгінде Қарағанды облысы тарихын еске алғанда оған өшпес із тастаған Файзулла Серғалиұлы Серғазиннің жарқын бейнесі алдымен көз алдымызға келеді. Оның есімін мәңгілікке есте қалдыратын кез келді. Қарағанды қаласы көшелерінің біріне Серғазиннің есімі берілсе, бұл осынау аяулы азаматқа көрсетілген үлкен құрмет болар еді.

“Ұлы адамдар ештеңені
жарым-жартылай істемейді”.

(Х.Хвиланд)

“Жақсының аты өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді”.

(Бұқар жырау)

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӨҢГІЛІК

Көшкен бұлттай, аққан судай қайран өмір... Гүлдер шайқалады, бұлбұлдар сайрайды. Ақ қар далада ақ сәлдесін басына орап қария таулар жатады жамбастап. Ерке самал жапырақтары аралап ойнақ салады. Бәрі қаз-қалпында. Аздап азар, аздап тозар, кейін кем-кетігі қайта толар... Бірақ бұл фәни — жалған қаз-қалпында сақталар. Тек адамдар ғана көшеді өмірден. Жоқ, олар өмірден көшпейді, тек қана жұмыр жерден, қоршаған табиғат пен қимас ортасын тастап, басқа дүниеге өтеді.

Ойлау принциптері ғылымнан берік орын ала бастаған бүгінгі күнімізде марқұм болып кеткен Николай Вавилов, Андрей Сахаров, Николай Тимофеев-Ресовский сынды көптеген үздік ғалымдардың еңбегін бағалау ісі батыл қайта қаралып жатыр. Осыған байланысты “Бүгінгі шындыққа орай көрнекті ғалым және ірі азамат ретінде Евней Арыстанұлы Бөкетовке деген біздің көзқарасымыз өзгерді ме?” – деген сауал көкейде тұрады.

Иә, біз үшін ол бұрынғысынша парасатты, байсалды ғалым, қабырғалы, қабілетті ұйымдастырушы, белгілі жазушы, дарынды әдебиетші-сыншы, аудармашы, беделді қайраткер болып қала береді.

Рас, Евней Арыстанұлының ғылымға қосқан үлесі өз бағасын толық алып отырған жоқ. Өйткені ғалым жолы да, ақын жолы да көбіне тақтайдай бола бермейтіні белгілі. Тасы өрге домалап, атағы шығып, жұртшылық аузына қарап келе жатқан ірі оқымысты, дарынды әдебиетші-сыншы, аудармашы, публицист Е.А.Бөкетовты көре алмай етектен тартқан, аяқтан шалған сұмдықтар болмай қалған жоқ. Бірақ бір ғажабы ол қысымның қандайын көрсе де өз ісінен қол үзбеді.

Евней Бөкетов 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келді. Қызылжар қаласынан сана-

ғанда теміржол бойындағы төрт станциядан әрі Мокроусово дейтін шағын қала бар. Осы Мокроусово іргесінде өзен ағады. Жағасында мектеп. Бірінші класта болашақ академик осында оқыды. Малшы шаруаның отбасында сауатын ашып, тұрмыста шыныға жүріп, еркін ой мен еңбек сүйгіштік мектебінен өтті.

Оның балдырған балалық шағы халқымыз бастан кешкен аса ауыр - ұжымдастыру, сталиндік қуғын-сүргін, соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Осындай қайғы-қасіретті балалық шағында көп көргеніне қарамай, қысы-жазы тентіреп, әр аймақты торғайдай паналаған әке-шешенің жетегінде, әр жыл сайын әрқилы мектеп табалдырығын аттап жүріп, өзі де жан сақтау үшін ара-тұра, тиіп-қашып болса да жұмыс істеп, оныншы класты бірден емтихан беретін тәртіппен үздік бітірді. Сондықтан болар, жазушы Жайық Бектұров айтқандай, ғалым өзінің алғаш мектеп босағасын аттаған өңірін, болашақ жемісті өмір жолын өте бір қиыншылық, көшпелі кезде, кіндік қаны тамған жерден бастағанын ерекше елжірей еске түсіріп отыратын.

Ауылдық орталау мектепте мұғалім болып, бір топ жетімді асырап жүрген жиырма жасар естияр жігіт 1945 жылы аяқ астынан шұғыл бетбұрыс жасап, ту қиырдан Алматыға жоғары оқу орнына аттанады. Ол кезде Қазақ кен-металлургия институтында небәрі үш-ақ факультет бар еді. Жалпы саны екі жарым мыңдай студент оқитын шағын оқу орны болатын.

Белгілі жазушы, публицист Медеу Сәрсекеев өзінің "Ұстаз тағылымы" эссесінде елуінші жылдарда бұл оқу орнының оқытушы-профессорлар құрамы өте күшті болатын деп көрсетеді. Олардың қатарында әлденеше академик, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер атанған небір саңлақ профессор, ірі білімпаздар бар-ды. Мәселен, металлургия факультетінде В.Д.Пономарев, М.И.Усанович, Х.К.Аветисян, М.С.Стендер, А.Б.Резняков тәрізді өте ірі ғалымдар, жасақ кезінде түсті металл өндіретін алып заводтардың іргесін қалап, иә жетекші инженері болып жұмыс істеген күшті мамандар дәріс оқыды. Олардың қайсы бірі металлургия оқулықтарының авторлары болатын. Әрине, мұндай ғұлама жандардан дәріс тыңдау, олардың мол білімдерінен сусындау кімге болсын, әсіресе, Бөкетовтей талантты жасқа игі әсер еткені сөзсіз.

1951 жылы Евней Арыстанұлы ҚазГМИ-дің аспирантурасына қабылданды. Зерделі жігіт сирек металдар кенінен молибденді айырып алу және оған химиялық талдау жүргізу проблемаларын зерттеуге бірден жұмылып кетті. Бұл зерттеулер 1954 жылы қорғалған кандидаттық диссертацияның негізі болды.

Жас ғалым 1954 жылдан 1958 жылға дейін жеңіл және сирек металдар металлургиясы кафедрасында ассистент және доцент болып, ал 1958-1960 жылдары институт директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. Нақ осы жылдарда оның қаламынан И.Василенконың "Артемка" повесі, Э.Золяның "Әңгімелері мен мақалалары", И.Вазовтың "Езгілік астында" романы, В.Маяковскийдің "Қандала" пьесасы ақ өлеңмен шебер аударылып, дербес жинақ, кітаптар болып жарық көрді.

Республика Ғылым Академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың ұсынысы бойынша Бөкетов 1960 жылдың ақпанында Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтына директор болып тағайындалды. Сол уақытта бұл ұжымның шаңырақ көтергеніне небәрі екі-ақ жыл болған-ды. Соған қарамастан директорлары екі мәрте ауысып, екеуі де әр жерден құралған жасақ коллективті басқара алмай, нақ сол қарсаңда институт зерек басшыға өте-мөте ділгір болып отырған еді.

Институттың қаз тұрып, әрі қарай өркендеуіне жаңа директор күш-қуаты мен білімін аямай жұмсады. Бұл ғылым ошағындағы сан-салалы жұмысы жайында ғалым өзінің "Ғылыми қызметкердің жазбалары" атты еңбегінде жеткілікті әңгімелеген. Директор болған он екі жылда Евекең тынымсыз жұмыс істеп, өзіне дейін кадрлары тұрақталмай, өсекаймен уланып, дау-дамаймен тіршілік бастаған жас ұжымды шынайы ғылыми жұмысқа жегіп, академия жүйесіндегі іргелі институттар деңгейіне көтерді.

Басшылық тізгінін ұстай жүріп, Бөкетов мыс-электролит шлактарынан селен мен теллур айырып алудың пиро- және гидрохимиялық тәсілдерін жасаумен шұғылданды. Ал, 1966 жылы қорғалған докторлық диссертация көп жылғы іргелі зерттеулердің қорытындысы болатын. 1970 жылы оның Қазақстан Ғылым Академиясына мүше-корреспондент, бес жылдан соң академик болып сайлануы Евекеңнің келелі ғалым ретінде сол кездегі Одаққа және республикаға таны-

лғанын мойындаудың белгісі еді. Ұлағатты ғалым, басшы ретінде аталуы, Орталық Қазақстанның кіндік қаласында ірге тепкен химия-металлургия мектебінің негізін қалап, оған ғылымды шынайы сүйетін, өндірісте шындалған талантты жастарды тартып, көлемді де іргелі зерттеулер жасауға қабілетті ұя ұйымдастыруы да нақ осы жылдарда.

Ғалым сирек және түсті металдар өндірісінің физикалық және химиялық негізі болып табылатын теориялық және практикалық зор мәні бар химияның сара бағытын белгіледі. Оның басшылығымен Балқаштың кен-металлургия комбинатында конверторда қайта өңдеу үшін Жезқазған концентратын даярлау тәсілі енгізілді. 1969 жылы осы мекемеде мыс рудаларын кешенді ұсақтаудың технологиясын жасап енгізгені үшін Евней Арыстанұлына бұрынғы КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Электрохимия саласындағы жұмыстар академикке өзінің шәкірті Әбдуәлі Бәйешовпен шламдағы болымсыз фосфордың өзін анықтау әдістемесін жасауға мүмкіндік берді. Бұл жаңалық “фосфор шламында фосфорды анықтаудың Бөкетов-Бәйешов әдісі” деген атпен өнертабыстар мен жаңалықтар жөніндегі бұрынғы КСРО Мемлекеттік комитетінде ресми түрде тіркелді.

Евекеңнің осы заманғы металлургия технологиясын жасауға қосқан үлесі хақында айтқанда, түсті металлургиядағы шахта пештерін пайдалану және түсті, сирек металдардың гидрометаллургиясы жөнінде зерттеулерін атап өтпеске болмайды. Ол сирек және түсті металдың ұсақталған шикізаттарын күйдіретін түсті металлургия шахта пешін қайта жасап, зерттеу мен игерудің ынтагері болды. Институттың өзі басқарған лабораториясында шағын шахта пеші салынып, құрамында вольфрамы бар концентраттарды өртеу жұмыстары жүргізілді. Бірақ бұл зерттеу ойдағыдай жүрген жоқ. Сондықтан пештің шикізаты өзгертіліп, молибден концентратымен ауыстырылды. Зерттеу сәтті аяқталып, Балқаш кен-металлургия комбинаты оны өндіріске қабылдап, қыруар пайда тапты.

Бөкетовтың жетекшілігімен шағын фосфориттерді ажыратып, фосфор тұздарын алудың болашағы үшін зор автоклав жасалды. Ғалым марганец рудаларын кешенді түрде қайта өңдеу проблемасын шешуде елеулі үлес қосты. Оның тікелей өзі және шәкірттері электролиттік шақпақтайтын,

ерітінділерді тиімді ұқсататын және олардан мыс сульфиті мен никель, күкірт қышқылы, мышьяк сияқты бағалы қосындыларды ажыратып алуға арналған сорбционды – экстракциондық процестер мен мембраналық технологияны қолдау тәсілін ұсынды. Академиктің өзінің шәкірттерімен көптеген жылдар бойы шұғылданған іргелі жұмысы - қож (шлак) үймелерінің құрамында қалған металдарды қосымша байыту арқылы қайыра өндіруге технология жасауға арналды.

Евней Арыстанұлы химия және халькогендер мен халькогенидтердің технологиясының жиынтық ғылыми бағытын жасады. Ол Қарағанды қаласында осы мәселе жайында өткізілген Бүкілодақтық бірінші (1978 жыл) және екінші (1982 жыл) кеңестердің ұйымдастырушысы және жетекшісі болды. Бүгінде Евекеңнің есімі халькоген химиясы бойынша республикада ғылыми мектептің негізін қалаушы ретінде аталады.

Академик көмірлі Қарағандының тұрғындары үшін Д.И.Менделеевтің көмірді газға айналдырып, жанар газды құбырмен тасымалдау жөніндегі идеясын ерекше маңызды деп есептеді. Көмірді жер астында газға айналдыру саласындағы орыстың атақты ғалымының еңбектерін және осы замандағы ғылыми ізденістерді барлай келіп, Бөкетов Қарағанды бассейнінің тереңдегі көмір қабаттарын жер астында газға айналдырудың теориялық мүмкіндігін және практикалық мақсаттылығын негіздеп берді.

Өмірінің соңғы кезінде ғалым көмірден мұнай айырып алу жөнінде жаңа лаборатория ашты. Өте беріле шұғылданған ісі – боқаты көп, ең төменгі сортты, бірақ кокстелетін көмірден арнаулы ферробалқымалардың (темірдің қосылыстары) жәрдемімен органикалық синтездеу арқылы арзан бензин алу әдісін ойлап табу болған-ды. Өкінішке орай, ол бұл зерттеуін аяқтай алмай кетті.

Евней Арыстанұлының ғылыми бағыттарды қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге ғылыми ұжымдарды ұйымдастыруда ерекше роль атқарғанын айтпасқа болмайды. Ол ғажап сезгіштікпен “керек” ғалымдарды тауып, оларға бүтіндей ғылым бағыттарын сеніп тапсырды. Ширек ғасырдай уақытта академик 52 ғылым кандидаты мен үш докторын дайындап шығарды. Химия және металлургия салаларында Е.А.Бөкетовтің өз алдына дербес мектебі қалыптасты. Ғалым осы еңбегімен Арқа жерінде зор бедел-абыройға

ие болды.

Евекеңнің қаламынан 220 ғылыми еңбек, тоғыз монография және екі оқулық құрал шықты. Шәкірттерімен ынтымақтаса жүріп АҚШ, Канада, Австралия, Швеция, Англия, Финляндия, Германия және басқа шетелдерде 110 өнертабысымен жаңалықтарына патент алды.

Бөкетов қазақ әдебиеті үшін өте көп іс тындырды. Ол әдебиет саласында сыншы, аудармашы ретінде танылды. Оның Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев және басқа атақты адамдар туралы жазған очерк-эсселері - әдебиеттану ғылымына қосқан сүбелі үлесі. Академик қазақ оқырмандарын Шекспирмен, Пушкинмен, Маяковскиймен, Есенинмен таныстырды. Қарағандының Сәкен Сейфуллин атындағы драма театры ол аударған Шекспирдің "Макбетін" сахнаға шығарды.

1975 жылы қазақ тілінде ғалымның "Атан қомында туған адам" атты кітабы жарық көрді. Ал екі жылдан соң "Шығарманың қырлары" (орыс тілінде) атты көркем проза кітабы қолға тиді. Бұл екі шығармасында республика ғалымы мен мәдениет қайраткерлерінің портреттерін берген автор адам өмірінің өзінің тек қана қажырлы еңбегімен ғылым мен өнерде жол сала алатынын, халқына адал қызмет ететінін, оның заңды мақтанышына айналатынын шебер көрсете білді.

Евней Арыстанұлының 1989 жылы "Жалын" баспасы шығарған "Досыма алты хат" кітабына айрықша тоқталуға болады. Досқа хат түрінде жазылған бұл кітапта автордың бейнесі толық әрі жарқын көрсетіледі. Өзі өмірде кездескен әйгілі азаматтар туралы баяндалады. Бұл шығарма ой қайнарымен, сездіру күшімен, болашаққа ұмтылдырушылығымен таңғалдырады. Мұнда автор өмірдегі қымбат та, қасиетті де адамдар достығы жайында сыр шертеді.

Қарағанды мемлекеттік университетін ұйымдастыру мен салуда Евекеңнің еңбегі ерекше зор. Ол университеттің алғашқы ректоры (1972 жылдың наурызынан 1979 жылға дейін) және оның жобасын жасаушы болды. Жобада Орталық Қазақстанның түрлі шаруашылық, ғылым мен мәдениет салалары қажет етіп отырған кең білімді мамандар даярлап шығару керек екендігі көрсетілді. Оның табандылығы мен жігерінің нәтижесінде ҚарМУ-дың алғашқы оқу корпустары, жатақханалары, оқытушылар үшін бірнеше көп қабатты тұрғын үйлер тез арада пайдалануға берілді.

Е.А.Бөкетовтың қоғамдық қызметінің ауқымы өте кең болды. Ол бірнеше рет Қарағанды облыстық Кеңесінің депутаты болып сайланды. Мемлекет алдында сіңірген еңбегі үшін Республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, сондай-ақ “Ерлік еңбегі үшін” медалімен және Еңбек Қызыл ту орденімен наградталды. Бұрынғы КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік комитеттің “Гидрометаллургия” ғылыми кеңесінің мүшесі, Қазақстан ұлттық Ғылыми Академияның Орталық Қазақстан бөлімшесінің бюро мүшесі, “Минералдық шикізатты кешенді пайдалану” журналының сарапшылар алқасының мүшесі болып сайланды. 1971 жылы КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды.

70-ші жылдардың аяғында Евней Арыстанұлы қуғынға ұшыратылды. Бойындағы керемет мол қабілет-күшін, қайрат-жігерін республикамыздың мәдени өмірін мерейлендіре түсуге жұмсағанына қарамай, дарынды ғалымға жала жалқан өзезіл, өсекші бүркеншіктер Қарағандыдан да, пәлекор, пасық пасквилшілер Алматыдан да табылды. Ақырында қуғынға ұшыраған академик университетті тастап кетуге мәжбүр болды. Көп ұзамай жүрек талмасының тұзағына түскен ақ көңіл, адал, қарапайым, адамға жақын тұратын, жылы шырайлы, бала мінезді Евекең 1983 жылдың 13 желтоқсанында 58 жасында дүние салды.

Иә, академик Е.А.Бөкетов арамыздан ерте кетті. Бірақ ғалымның артындағы еңбегі халықтың игілігі болып қалды. Оның көптеген шәкірттері бұл күнде еліміздің сан аймақтарында жемісті еңбек етуде.

“Әрбір ер жүрек, әрбір
шыншыл адам өз
отанына абырой әкеледі”.

(Р.Роллан)

“Егеулі найза қолға алмай,
Еңку- еңку жер шалмай...
Ерлердің ісі бітер ме?”

(Махамбет)

ОТТЫ ЖЫЛДАРҒА ОЙМЕН ОРАЛҒАНДА

Адамның теңіз жағасындағы ылғал құмдағы ізін толқын келіп бір шайғанда немесе шағыл құмдағы ізін жел бір соғып өткенде жоқ ететіні сияқты көп адамның бейнесі де көзі жұмылған соң көңілден ұмыт болып, зым-зия жоғалып жата-тыны рас. Ал енді біреулердің бейнесі тасқа түскен таңба-дай ұзақ жылдар бойы адамдардың жадында, жүрегінде сақталып қалады. Ол бейнеден әлдебір жан жылуы өсіп, жарқын сәуле нұр шашып, кешегі бір күндердегі әдемі сезімдерді қайта ұялатып жатады, жақсы мінез-құлықтарға тәрбиелейді.

Бұл күндері тірі жүргенде 85-ке толып отыратын әкем - Саттар Қараұлы Каренов өзін қоршаған ортада, балалары мен туыстарының жадында, қызметтес адамдарының жан-дүниесінде, жүрегінде өшпес бейнесін қалдырған, ұмытыл-мас адамдардың бірі еді. Әкемді есіме түсіргенде, оның кешегі аумалы-төкпелі әділетсіз өмірдің қатал талқысына бірқалыпты төзе білгендігі ойыма түседі. Ол 15 жасында жетім қалса да, 30-шы жылдардағы халқымыздың жартысы опат болған аштықтарды басынан кешірсе де, 37-ші жылғы ұлты-мыздың қаймағын кісендеп тізген шақты көзімен көріп қайғырса да, табиғи қасиетін жоғалтпай, тағдырдың ауыртпа-лығын атан түйедей көтере алды. Қиындыққа мойымады, әрқашан биіктен көрініп отырды.

Әкем өзінің қасында ойымен, шешен де тапқыр сөзімен бәрімізді аузына қаратып тамсандырушы еді. Оның көп әңгімелерінің ішінде есімде ерекше сақталып қалғандары – 1942 жылы қан майданға аттанғаны, Ұлы Отан соғысының отты жылдарында етігімен саз кешкені, өмір мен өлімнің ар-палысында достық пен сатқындықты, ездiк пен ерлiктi сы-

нға салатын сәттердің талайын бастан өткергендігі.

Ол кісі:

Ат басына күн туса,
Ауыздықпен су ішер.
Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер,-

дейтін халық даналығын жиі еске түсіруші еді.

Әкемнің айтуынша, ешбір жауынгер кеудеге жылтыраған орден тағып, жеңілдіктерге ие болу үшін соғысқан жоқ. Біз қан майданға әкенің ары, Отанның абыройы үшін аттандық.

Сондықтан қазақ халқының сүйікті ұлдары мен қыздары Брест түбінде ерлікпен шайқасты, Мәскеуді қорғады, Сталинград түбінде де, Еділден Ростовқа дейінгі қаһармандық күресте де жауға арыстандай айбатпен қарсы тұрды, басып алынған аймақтардан фашист басқыншыларын қуып шығып, қасарысқан жендеттерге қанды көбік жұтқызды.

Қазақ халқының майдандағы жауынгерлерге жазған хатында:

Жеңіп қайтсаң жауыңды,
Анаңның жарық күні сен.
Жеңе алмасаң жауыңды,
Жер жастаңғыр қорқақтың,
Тумай кеткір бірі сен!-

деген туған ана, сүйген жар, қара көзді қарындастың сәлемін оқығанда бойымызға зор жігер бітіп, қайратымыз судай таусуы еді дейтін әкем.

Соғыс жылдарын еске түсіргенде әкем: “Қайда жүрсем де, қатал соғыс өмірі талай қыспағына алса да, мен біздің салт-дәстүрімізді және ән-саздарымызды еске алып, Отаным мен туған жерімді еш уақытта да естен шығармадым. Бір кездерде ағашты ат қылып мініп, қарағайдан қылыш, мылтық жасап, көше бойы думан қылып асыр салған Нұра жағалауындағы ауылды, кітабымды қолтығыма қысып барып мектебінде оқыған қаланы, жүрек сырын ашып, жар сүйген даланы, бөбегімді жүрегіме басып иіскеп сүйіп, бақытты күндерге күле қарап өткізген туған Сарыарқаны қалай ұмытарсың!”- дейтін күрсіне.

Кешегі аумалы-төкпелі, аласапыран уақытта өз бойын өзі түзу ұстау, өз ойын айта білу кәдімгі табандылықты, ерлікті, азаматтық арды сақтай білуді талап етті. Мұндай жүкті нарддың нары, азаматтың азаматы ғана көтере алатын. Менің

әкем, міне, осындай қажымас қайраты бар азамат бола білді. Бірде ол кісінің мынадай айтқан сөздері әлі есімде: “Біз фашизмді жеңу үшін аса ауыр қанды төлем төледік. Бізді Коммунистік партия да, Сталин де жеңіске жеткізген жоқ. Жеңісті халық өзінің өте ауыр еңбегімен, майданда тізеден су кешіп, қар төсеніп, шық жамылып, күндіз-түні дем алмастан жауды қуып, ысырапсыз төгілген қанымен әкелді”.

Иә, бүгінде қабырғасы қираған кеңес империясының санамызға сіңірген идеологиялық сандырақтарын қайта қарап, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрысын анықтайтын уақыт жетті. Өйткені біз тәуелсіздікке қол жеткенше дүниенің ақ-қарасын аңдамайтын соқыр адамдай болып келдік.

